

Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 маусымдағы N 669 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 25 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының газ саласын 2015 жылға дейін дамытудың тұжырымдамасының негізгі бағыттары мен ережелерін тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары мен мүдделі ұйымдары Бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі жыл сайын жарты жылдық пен жылдың қорытындылары бойынша Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы

N 6 6 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының газ саласын
дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған
Бағдарламасы**

Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама).

Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі әзірлеген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 25 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекіткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының

2.1.1-тармағы.

Негізгі әзірлеушілер Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Іске асыру мерзімі 2004-2010 жылдар:
I кезең - 2004-2006 жылдар
II кезең - 2007-2010 жылдар

Бағдарламаның мақсаты Газ жөнінде ішкі рыноктың сұранымдарын анағұрлым толық қамтамасыз ету үшін ілеспе газды тасымалдау мен өңдеу жөніндегі қуаттылықтарды дамыту есебінен халықаралық транзиттің көлемін ұлғайтудан және газдың ішкі ресурстарын үнемді пайдаланудан әлеуметтік-экономикалық тиімділікті арттыру және энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізу, табиғи және сұйытылған газды, сондай-ақ олардан өңделген өнімдерін сатудан экспорттың әлеуетті өсіру.

Бағдарламаның
міндеттері

Газ қорлары бойынша ресурстық әлеуетті өсіру және ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды енгізе отырып, жаңа газ және мұнай-газ кен орындарын өңдеумен оны өндіру бойынша қуаттылықтарды дамыту.

Импорт алмастыру бағдарламасының шеңберінде сұйытылған газ шығару және мұнай-химия өнімдерінің көлемін арттырумен өндірілетін газды өңдеу және кәдеге жарату бойынша жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту және жаңа қуаттылықтар жасау.

Жаңа аумақтарды газдандырудың және коммуналдық шаруашылықта, электр энергетикасында, автокөліктерде және т.б. газды пайдалану аясын кеңейтудің өңірлік бағдарламасын әзірлеу және іске асыру.

Олардың пайдаланылуы кезіндегі техникалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін газ-көлік жүйесі объектілерін техникалық қайта жаңарту жөніндегі шараларды іске асыру, сондай-ақ жаңа газ құбырларын салу және табиғи газды сыртқы рыноктарға тасымалдау жөніндегі экспорттық бағыттарды пысықтау.

Газ саласының нормативтік базасын қайта қарау, газ-көлік жүйесі субъектілерінің ұйымдастыру құрылымын оңтайландыру және табиғи газды тасымалдау кезіндегі тариф құрау жүйесін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер

Табиғи және сұйытылған газды тұтынуды 2010 жылға 2 еседен астамға ұлғайту және табиғи газ абоненттерінің санын 1,4 есеге к е ң е й т у .

Саланың экспорттық әлеуетін 2010 жылға таман осы кезеңге табиғи газдың халықаралық транзиті көлемдерін 1,5 есеге және қазақстандық табиғи газ экспорты өсімін 2 еседен артыққа және сұйытылған газды 3,4 есеге дерлік өсіру есебінен 110,6 млрд.

теңге дейін қосымша арттыру.
Газды өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау
жөнінде жұмыс істеп тұрған өндірістерді
қайта жаңартуға және жаңа қуаттылықтарды
дамытуға 2004-2010 жылдарғы кезең үшін
инвестицияның көлемін 1 трлн. теңге дейін

ұ л ғ а й т у .

Жаңа объектілерді пайдалануға енгізу және
алдыңғы қатарлы технологияны дамыту
көрсетілген кезең үшін 3,7 мың адам үшін
қосымша жұмыс орындарын құрумен жобалық
және басқа да сервистік орталықтардың
жұмыстарын ынталандыру.

Өндірілетін газды толық кәдеге жарату
және көліктік қуаттарды мейлінше толығырақ
техникалық жарақтау есебінен газ жүйесі
объектілерінің жұмысынан болатын

экологиялық жүктемені төмендету.

Қажетті ресурстар және
қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қамтамасыз ету мен іс-
шараларды жүзеге асырудың негізгі көздері
мен қаржылық ресурстары мыналар болып

т а б ы л а д ы :

- сыртқы инвестициялар, жер қойнауын
пайдаланушылардың қаражаты, гранттар;
- республикалық және жергілікті
бюджеттерден қаржыландыру;
- жеке компаниялардың қаржылары арқылы
ішкі инвестициялар, банк несиелері.

Газ жобаларын қаржыландыру қажеттіліктері
кезеңдер бойынша 2004 жылы - 179,8; 2005
жылы - 221,3; 2006 жылы - 110,6 және
2007-2010 жылдарғы кезеңде - 497,9 млрд.

теңге құрайды деп болжанады. Соның ішінде

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға
2004 жылға арналған республикалық бюджеттен
қаржыландыру 3000,0 млн. теңгені құрайды.

Келесі жылдарға арналған бюджеттік
қаржыландыру мен доллардың бағамы тиісті
қаржылық жылға "Республикалық бюджет

туралы" Заңға сәйкес анықталатын болады.
Бұл жағдайда АҚШ долларымен көрсетілген
сомалар доллардың 2004 жылғы бағамы бойынша
алынды (138,3 теңге).

Кіріспе

Соңғы жылдары дүниежүзілік мұнай-газ рыногының талдауы энергия тасымалдаушылардың басқа түрлерін өндіру мен тұтынуға қатысты газ өнеркәсібінің озыңқы дамуын көрсетіп отыр. Дүниежүзілік энергия балансындағы көмірсутекті газ тәріздес отынның үлесі ХХІ ғасырдың орта тұсына қарай 30% -дейінді құрауы мүмкін деп болжанады. Осының нәтижесінде энергетиканың дамуындағы алдағы кезең сарапшылар "метан" дәуірі деп с и п а т т а л ы п о т ы р .

Қазақстан үшін, сондай-ақ энергия тасымалдаушы табиғи газ мейлінше перспективалы болып келеді, оның барланған және (Каспий қайраңындағы ашылған жаңа кен орындарын ескерумен) бағаланған қоры 3,3 трлн. текше метрді құрайды, ал ықтимал ресурстары тағы 6-8 трлн. текше метрге жетеді.

Бұл ретте, республикада барланған газ қорының ерекшелігі, іс жүзінде барлық кен орындарында және әсіресе жаңадан әзірленіп жатқан аса ірі кен орындарында газды өндіру мұнай мен конденсатты өндірумен ілесе жүргізілетіндігі болып табылады. Сондықтан осы кен орындарын белсенді игеру және мұнай өндіру көлемінің күрт өсіп кетуі соңғы жылдары қалыптасқан үрдісі өндірілуі одан сайын арта түсетін ілеспе газдың көлемдерін кәдеге жарату қажеттілігін т у ы н д а т ы п о т ы р .

Соңғы жылдары газ саласын қайта қалыптастыру жөніндегі қабылданылған іс-шаралар, сондай-ақ халықаралық транзиттің және табиғи газды ішкі тұтынудың көлемдерінің өсуі, газ-көлік компанияларының қатысты қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуіне, магистральды және жергілікті газ құбыры жүйелерін техникалық қайта жаңарту жөніндегі жұмыс көлемдерінің ұлғаюына қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Бірақ, мұнайгаз кешенінің газдық құрамдаушысы салалық жүйеге қарағанда көбіне жекелеген буындардың технологиялық және аймақтық бытыраңқы жиынтығы болып қала беруде. Нәтижесінде өндірілетін газды өңдеу толық шамада жүзеге асырылмайды, елдің қажеттерін өз ресурстары есебінен өтеу үшін табиғи газды оның өндіру орнынан негізгі тұтыну аймақтарына қайта бөлу мүмкіндігі б о л м а й о т ы р .

Осының барлығы өндірілетін ілеспе газды кәдеге жаратудың жаңа жолдарын іздеумен, газ өңдеу мен тасымалдау жөніндегі жаңа қуаттылықтарды енгізумен,

сондай-ақ сатудың дәстүрлі рыногын кеңейтумен байланысты бірқатар міндеттерді шешу қажеттілігімен шарттасады.

Бағдарламаның шеңберінде жүзеге асырылуы мемлекеттік органдар мен шаруашылық субъектілері деңгейінде тікелей инвестициялар мен ішкі қаржыландыруды тартумен газ саласының базалық жобаларын іске асыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін аймақтық бағдарламалар әзірленетін болады деп күтілуде.

1. Газ саласының қазіргі жай-күйін талдау

Саланы дамытудың негізгі бағыттарын түсіну және қойылған мақсаттарға қол жеткізудің тетіктерін жасау үшін, газ-көлік кәсіпорындарының жұмысында орын алып отырған проблемалар мен кедергі келтіретін факторларды егжей-тегжейлі талдау, сондай-ақ саланы дамытудың серпінін анықтау қажет болады. Соңғы уақытта, әсіресе Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан мақұлданғаннан кейін қалай да табиғи және сұйытылған газды өндіру, өңдеу және сатумен байланысты бірқатар жобаларды түзетумен, тұтастай алғанда саланың қызметін көп көрім жақсартқан, ұйымдастыру шаралары қабылданған болатын.

Мысалы, газ саласын қалыптастыру үшін Теңіз кен орындарында мұнай-газ кешенінің екінші буынын дамыту жөнінде қабылданған шешім маңызды болып табылады. Қарашығанақ газ өңдеу зауытының (бұдан әрі - ГӨЗ) техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуден бастап іс жүзінде осы кен орнында "Газ жобасын" іске асыру басталды. 2002 жылғы қазанда "Қашаған" теңіз кен орнының бағаланған запасы қабылданды, бұл газ ресурстарын 1,5 есеге дейін дерлік өсірді.

2002 жылы республикалық бюджеттің қолдауы кезінде, оңтүстік аймақты газбен қамтамасыз етуді тұрақтандыру үшін маңызды әлеуметтік мәні бар Амангелді газ кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру жөніндегі жұмыстар басталды. Сондай-ақ, мемлекеттік қаржыландыруды қатыстырумен Оңтүстік Торғай ойысындағы кен орындарында ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі жобаны іске асыру басталды. Жобамен кен орындарында және Қызылорда қаласында электр энергиясын өндіру жөніндегі қуаттылықтарды енгізу, сондай-ақ қаланы ішінара газдандыру көзделеді.

Табиғи газдың экспорты мәселелерін шешу үшін көрші елдердің үкіметтерімен Газ альянсын құру жөніндегі және атап айтқанда, Ресей Федерациясы Үкіметімен газдың экспорттық жеткізілімін жүзеге асыру үшін "ҚазРосГаз" бірлескен компаниясын құру жөніндегі ынтымақтастық туралы принципті уағдаластықтар маңызды болды.

Жергілікті газ құбырлары операторларының кәсіпорындарын дағдарыстық жағдайдан алып шығу үшін, оған аймақтық газ-көлік жүйесін берумен, жаңа " Аймақтық газ-көлік жүйесі" (АГЖ) акционерлік қоғамы құрылды. Газ жүйесі қызметін одан әрі тәртіпке келтіруге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 маусымдағы Газ-көлік жүйесіне концессия шартының шектерінде цеденттер болып табылатын газ жүйесінің бұрынғы құрылымдарын банкроттау туралы қабылдаған шешімі, сондай-ақ Қарашығанақ кен орны бойынша Өнімдерді бөлу туралы келісімнің шеңберінде мемлекеттік мүлікті басқару үшін "КапиталМұнайГаз" ЖАҚ-ын құруы ықпал ететін болады.

Саланың нормативтік базасын жетілдіру, атап айтқанда Табиғи газды тасымалдау жөніндегі ережелерді бекіту жөніндегі қабылданған шараларға қарамастан көп жағдайда жаңадан қалыптасып келе жатқан рыноктық жағдайларға газ саласының совет көздерінен қолданыста келе жатқан құқықтық базаларының сәйкеспеуі мәселесі мейлінше өткір күйінде қалуда. Сонымен іс жүзінде табиғи газ шығарылатын және тұтынылатын барлық елдерде газбен жабдықтау мәселелері арнайы заңдармен және басқа да заңға тәуелді актілермен реттеледі. Мәселен, Ұлыбританияда "Бритш Газ" компаниясының монополиялық қызметі 1986 жылдан бастап, "Бритш Газ" газ-көлік жүйесіне кіруге қол жеткізу тәртібі анықталған, газбен жабдықтау жүйесіндегі компанияның өкілеттілігі, газға бағаны реттеудегі мемлекеттік органдардың ролі белгіленген мен газ тасымалдау тарифтері белгіленген "Газ туралы" заңға сәйкес анықталған және р е т т е л е д і .

АҚШ-та газбен жабдықтаудың әрбір секторында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру бойынша Жоғарғы соттың бірқатар арнайы заңнамалық актілері мен шешімдері қабылданған. Анағұрлым маңызды заңдардың қатарына 1938 жылы қабылданған "Табиғи газ туралы" заң жатады. Заңмен штат аралық газ-көлік компанияларының табиғи газдың экспорты мен импортын, көліктік тарифтерді бақылауды, осы компаниялардың негізгі қорларының құндық бағалауын қоса алғанда, газ құбырларын салуға рұқсат беруді қызметін реттеу тәртібі көзделеді.

Мұндай заңдар Норвегия мен Францияда да қолданылады және барлау мен өндіру саласында да, сол сияқты газды тұрба құбырлары бойынша тасымалдаудағы операторлардың қызметін де реттейді. Ресейде магистралды газ құбырын пайдаланушы шаруашылық субъектілердің көптеген мәселелерін реттейтін "Мұнай және газ туралы" қолданыстағы заңға қосымша 1999 жылы " Ресей Федерациясындағы газбен жабдықтау туралы" Федералдық заң қабылданды.

1.1. Жұмыс істеп тұрған және перспективалы газ кен орындары

Газ саласын 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында ескерілген барланған газдың көлемдері 1.8 трлн. шаршы м. құраған болатын. Бірақ

жаңартылған деректердің және Каспий теңізінің қазақстандық секторының кен орындары бойынша газдың бағаланған қорын ескерумен 2002 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша пайдалы қазбалардың мемлекеттік теңгерімінің негіздерінде жиынтық қорлар 3,3 трлн. текше м. құрайды. Мысалы, тек "Қашаған" кен орны бойынша ғана Қорлар жөніндегі мемлекеттік Комиссияның 2002 жылғы 20 қазандағы қорлар жөніндегі отырысының хаттамасына сәйкес газ қорлары 969.0 млрд. текше м. құрады. Бұл ретте газдың перспективалы және болжамдық ресурстары 6.0-8.0 трлн. текше м. дейінгі деңгейде бағаланады, бұл негізінен, Каспий теңізі ресурстарын игерумен байланысты (1.1-сурет).

Газдың саланы дамыту үшін негіздік мәні бар болжамдалатын ресурстарының басты ерекшелігі іс жүзінде газдың барлық осы қорлары аса тереңдігінен (5 мың метрден астам), көп құрамдылығынан және ең бастысы күкіртсутек қосылыстарының жоғарылығынан алудың қиындығымен сипатталатын Каспий маңы ойпатының қабаттарындағы тұзасты түзілімдерде орналасқандығы болып табылады. Сонымен бір уақытта тереңдігі аса үлкен емес және құрамында күкіртті қосылыстар жоқ кен орындарында жергілікті аймақтарды газдандыру үшін, мысалы Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан жергілікті маңызы үлкен бар газдың қоры онша көп емес.

Халықаралық сарапшылардың соңғы бағалары бойынша табиғи газдың дәлелденген әлемдік қорының 37,6% (147,5 трлн. текше м.) бұрынғы Советтер Одағының аумағында шоғырланған. Бұл ретте Қазақстан табиғи газдың барланған қоры мен болжамдық ресурстары бойынша Тәуелсіз Елдер Достастығының жетекші төрт елінің қатарында тұр.

1.1-сурет - Қазақстан бойынша газдың болжамдық ресурстары мен қорлары (трлн. текше м) (қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазіргі уақытта кен орындарының барлық санаттары бойынша шамамен газдың әзірленіп жатқан және алдын ала бағаланған қорымен 130-дай кен орны тіркелген, оның: 21-газдық, 9-газконденсатты, 23-мұнай-газконденсатты, 31-мұнай-газды және құрамында аз-мұз газы бар тағы басқалары. Бұл ретте құрамында алынатын 80% астам көмірсутек газ қорлары бар 44 кен орны әзірлену үстінде (1.2-кесте және 1.2-сурет).

1.2-сурет. Негізгі көмірсутек кен орындары қабатындағы табиғи газ қорлары млрд. текше м. (қағаз мәтінінен қараңыз)

Іс жүзінде Қазақстан Республикасының барлық әзірлену үстіндегі ірі мұнай кен орындарында өндірілетін мұнайдың құрамында күкіртсутегі мен басқа да күкіртті қосылыстарда жоғары ерітілген газ бар. Мысалы Жанажол-Өріктау кен орындары тобы бойынша осы улы газдың құрамы 2 ден 6% дейін, Қарашығанақ кен орнында - 3-тен 5% дейін ауытқиды, ал Теңіз кен орнында күкіртсутегінің концентраты 19% дейін жетеді.

Сондықтан газ саласын одан әрі дамытудың басты бір проблемасы өндірілетін мұнай мен газды күкіртті одан алынған күкіртті одан әрі пайдаға жаратумен, қайта өңделген осы өнімді тауарлық күйге жеткізу және оны сыртқы рынокқа сатуға қосылыстардан тазарту болып табылады. Осы мәселені шешудің бір нұсқасы қабаттық қысымды ұстап тұру және көмірсутегінің сұйық компонентін алудың тиімділігін көтеру үшін кен орындарының өнімді қабатына күкіртті газды кері айдау шараларын жүзеге асыру болып табылады.

1.2-кесте. Кен орындарын табиғи газ қорының деңгейі бойынша бөлу ¹

Қорлардың ша.масы бойынша кен орындары топтарының сипаттамасы	Кен орындары саны	Кен орындары	Газдың теңгерімдік қорлары А+В+СІ	Барлығы: ҚР бойынша дәлел. кор % денгендер
Қ а з а қ с т а н				
Республикасы	130		3011	100
1. Алыптары (300 млрд.м ³ астам)	3	Қарашығанақ-МГК	1370	45,5
		Теңіз-М	569	18,9
	Қашаған-М	227	7,5	
2. Аса ірілері (100,1-300 млрд.м ³)	2	Жанажол-МГК	133	4,4
		Имашев-ГК	129	4,3
3. Ірілер (30,1-100 млрд.м ³)	4	Жетібай-МГК	99	3,3
		Теңге-МГК	45	1,5
		Өзен-ГК	43	1,4
	Ұрықтау-ГМК	40	1,3	
4. Орташасы (10,1-30 млрд.м ³)	8	Прорва-МГК	28	0,9
		Қаламқас-ГМ	27	0,9
		Амангелді-Г	25	0,8

			Т е п л о в с к -	
		Токаревск-Гм	25	0,8
			О ц т ү с т і к	
		Жетібай-МГК	23	0,8
		Шағырлы-Шөмішті-Г	20	0,7
		Шынарлы-МГК	17	0,6
		Королевское-М	16	0,5
	Тасболат-мГк	13	0,4	
5.	Шағындары	17	99	3,3
			3 , 1 - 1 0	
	млрд.м ³)		Көмірсутек.	
6.	Ұсақтары	25	44	1,5
	(1 - 3	терінің фазалық	тұрпаттары	
	млрд.м ³)		бойынша 113 кен	
7.	Өте ұсақтары	71	20	0,7
		орындары	д е й і н	
		(1	3)
		млрд.м		

Ескерту: МГК-мұнай-газ конденсаты, ГМК-газ-мұнай конденсаты, М-мұнайлы, Г-газды, ГМ-газ-мұнайлы

Құрамында газ бар кен орындарының ұсынылып отырған талдауы Қазақстан Республикасының газ ресурстарын - қолда бар қорлар өндіру көлемдері және оларды алу пайдалылығы бойынша шартты түрде үш топқа бөлуге мүмкіндік б е р е д і :

- күрделі коллекторлық қасиетімен және әдеттегідей құрамында күкіртсутек қосылыстары жоғары болып келетін табиғи газдың стратегиялық қорлары аса ірі мұнай-газды кен орындарындағы Каспий ойпаты қабаттарының түзілімінде т е р е ң д е о р н а л а с қ а н ;

- шығару тереңдігі аса үлкен емес және күкіртсутегі қосылыстары жоқ өнім сатысындағы газы орташа қорлы болып келетін кен орындарының өндірілімі к е м у с а т ы с ы н д а ;

- құрамындағы табиғи газдары еркін болып келетін кен орындары негізінен ұсақ санаттарға жатады, жиынтық қорлары газдың жалпы қорларынан 1,5% аспайтын таза газ кен орындары, бұл осы кен орындарының әзірленімін іс жүзінде пайдасыз етеді.

1.2. Газ өндіру бойынша жұмыс істеп тұрған өңдеу қуаттары

Республикада табиғи газдың едәуір дәлелденген қоры барына қарамастан, республикада газ өндіру әлі де болса мұнайгаз компанияларының ілеспелі

қызметі болып қалуда. Қалыптасқан тәжірибе бойынша мұнаймен ілесе өндірілетін газ әдеттегідей кен орындарында жағылады немесе тәуір деген жағдайда алдын ала дайындықтан кейін меншікті қажеттерге қолданылады. Мәселен, 2002 жылдың қорытындысы бойынша 2 млрд. текше м. астамы жағылды, меншікті қажеттерге 1,7 млрд. текше м. пайдаланылды және технологиялық жоғалтулар шамамен 0,7 млрд. текше м. құрады.

"Теңіз" және "Королевское" мұнай кәсіпшілігінде Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жүргізген кешенді тексеруі барысында 127 зиянды шығарындылары бар көздер табылған болатын және зиянды заттарды ауаға нақты шығарындыларын талдаудың толық емес деректері бойынша 2003 жылғы 8 айда ғана кен орындарында 600 млн. текше м., соның ішінде қауіптілігі жоғары сыныпты 6 млн. текше м. жуық күкіртті қосылыстары алдын ала тазаланбаған газды тікелей жағуға жол берілген. Алдын ала есептеулер осы кезеңде атмосфераға 27 млн. шартты тонна зиянды заттар тасталуы мүмкін екендігін көрсетті.

Талдау мұндай жағдайлардың нормативтік құжаттарда кен орындарында әсіресе құрамында зиянды компоненттері бар газды жағу мәселелері толық шамада реттелмегеннен орын алып отырғанын көрсетеді. Мысалы "Қазақстан Республикасының мұнайлы және газды кен орындарын әзірлеудің бірыңғай ережесіндегі" 6.2.26-тармағы жағу кезіндегі шектеулер күкірттісутектері бар қабатты өнімді (газды) олардың халық қоныстанған немесе халық шаруашылық объектілеріндегі әуенің жер үсті қабаттарындағы концентраты санитарлық нормалардан аспайтын шарттар қамтамасыз етіледі". Сайып келгенде, осы мәселеде мейлінше анық регламенттеудің болмауы, "Петро Қазақстан Құмкөл Мұнай" және Қызылорда облысының басқа да жер қойнауын пайдаланушыларының ұзақ уақыт бойы ілеспе газды үлкен көлемде жағуына мүмкіндік береді.

Газды өндіруге одан әрі шектеу қою мұнай өндіруді арттыруды тым кедергілейтін фактор болатындықтан, осының бәрі өндірілетін газды кәдеге жарату мәселесін жылдамырақ құқықтық реттеуді талап етеді. Бұл газ өңдеу қуаттылықтарын кеңейту және жаңа газ өңдеу қуаттылықтарын салу жөніндегі шараларды қабылдау қажеттігін негіздейді.

Қазіргі уақытта республикада, жылына 6,85 млрд. текше м. дейін жалпы жобалық газ өңдеу қуаттылығымен үш газ өңдеу зауыттары (ГӨЗ) жұмыс істейді (1.3-кесте).

1.3-кесте. ҚР жұмыс істеп тұрған газ өңдеу зауыттарының сипаттамасы

	енгізілген жылы	Таби. ғи газ бойынша, млн. м ³	Сұйы. ғи газ бойынша, мың тонна	Таби. ғи газ бойынша, млн. м ³	Сұйы. ғи газ бойынша, мың тонна	Өңдеу қуаттарын кеңейтпей зауытты технологиялық жаңғырту көзделеді	жылға күтілетін қуаттар
Қазақ ГӨЗ 1973 жыл - 1-кезек	2900	80	940	77,3	Өңдеу қуаттарын кеңейтпей зауытты технологиялық жаңғырту		
1997 жыл - 2-кезек							
Теңіз ГӨЗ 1995-1999 кезең-кезеңмен үш техноло.	2550	1 желіде 90 про. пан,	2550	684 про. дейін пан,	6439 пропан, бутан	1330 пропан, бутан	
(КТЛ)					г и я л ы қ ж е л і л е р		
Жаңажол ГӨЗ 2003 жыл	1400	60	920	-	4400	150	

Жаңаөзен қаласында орналасқан Қазақ газ өңдеу зауыты (ҚазГӨЗ) 1973 жылы (бірінші кезең) салынған. Зауыт жергілікті жақын маңдағы, Өзен шоғы (Шығыс Өзен, Батыс Теңге, Қарамыңдыбас), Жетібай шоғы (Оңтүстік Жетібай, Тасболат, Ақтас, Шығыс Нормаул) деп аталатын қайта өңдеу қуаттылығы 2,9 млрд. текше м. мұнай кен орындарының ілеспе газдарын қайта өңдеуге арналған. 1979 жылы Ақтау қаласындағы этан тасымалдау үшін труба құбырларын салумен полиэтилен өндірісі үшін мұнайхимия зауытын шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында зауыт жаңғыртылған болатын. Бірақ өндірілетін газдың құрамында этан аз болғандықтан және химиялық кешенде апатқа жол берілгендіктен бұл труба құбыры сол күйінше пайдалануға берілмей қалды.

"Теңіз" мұнай газ кен ауданында орналасқан Теңіз газ өңдеу зауыты (Теңіз ГӨЗ) жылына 2,5 млрд. текше м. тазаланған газ өндірудің жылдық өнімділігіне

қол жеткізді. Келесі жылдары мұнай өндіру көлемінің артуы және соның салдары ретінде алынатын газ көлемінің өсуі зауыттың екінші кезегін салуды талап етеді. Теңіз кен орнынан алынатын ілеспе газ құрамында бутан-пропан фракциясы қор болуымен сипатталады және әсіресе құрамында күкіртсутектің жоғары болуымен, сондай-ақ құрамында тазалау мен қайта өңдеуді талап ететін көмірқышқыл газы мен ілеспе құрамдары болуымен айрықшаланады.

Жаңажол газ өңдеу зауыты (ЖГӨЗ) әуел баста жылына 710,0 млн. текше м. өңдеуге есептелген болатын. "CNPC - Ақтөбемұнайгаз" компаниясы қайта жаңартқаннан кейін зауыттың қуаттылығы жылына 800,0 млн. текше метрге жетті. Бірақ тазаланудан кейін алынатын газ, құрамында күкіртті қосындылары болуы бойынша стандарттық талапқа сәйкес келмейді және МемСТ бойынша 0,036 г/ текше м. талап етілетін деңгейден 5-8 есе жоғары. Қытай мамандарының пікірі бойынша ГӨЗ-ын одан әрі қайта жаңарту зауыттың жұмысын жақсартарта а л м а й д ы .

2003 жылдың қыркүйегінде қуаты жылына 1,4 млрд. текше м. табиғи газ өңдейтін екінші Жаңажол ГӨЗ қатарға қосылды және 2004 жылы үшінші зауыттың оны пайдалануға 2005 жылы енгізумен құрылысын бастау белгіленіп отыр. Бұл ілеспе газ өндірудің барған сайын өсіп келе жатқан көлемін оны кейін экспортқа жеткізумен бірге толық кәдеге жаратуды қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары өндірілетін газ негізінен "CNPC - Ақтөбемұнайгаз" компаниясының меншікті мұқтаждықтарына электр энергиясын өндіру үшін және тек ішінара 360,0 млн. текше м. көлемінде төмендетілген баға бойынша (оның стандарттық талаптарға сәйкес келмеуінен) газ Ақтөбе облысының тұрғындарына сатылды.

Сайып келгенде, үш газ өңдеуші зауыттың қуаттылығы елде өндірілетін газдың толық өңделуін көпе-көрнеу қамтамасыз ете алмайды. Теңіз кен орнының дамуы келешекте 8-10 млрд. текше м. дейін өңдеуді талап етілді, Қарашаған - өндірілетін көлемге қосымша 10 млрд. текше м. дейін және Қашаған кен орындарын игеру кемінде жылына 5-6 млрд. текше м. газды қайта өңдеуді талап етеді. Осының бәрі келешекте газ өңдеу зауыттарының жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және сонымен бір мезгілде шағын мұнайгаз кен орындарының әзірленімі кезінде газ тазалау жөнінде арнайы қондырғыларды салуды талап етеді.

1.3. Қазақстан Республикасында табиғи және сұйытылған газды тұтынудың талдауы

Газ жүйесін дамыту жөніндегі нақты жобаларды іске асыру, сондай-ақ газ саласын реформалау жөніндегі шараларды қарастыру үшін негізгі проблемалар мен бәсеке рынок жағдайындағы энергия ресурстарының басқа түрлері бойынша қалыптасатын табиғи және сұйытылған газды жеткізу мен тұтынуды ұйымдастырудың қарама-қайшы үрдістерін түсіну қажет.

Мұндай қарама-қайшылықтарға отынның басқа түрлерімен салыстырғанда совет кезеңінен кейін күрт түсіп кеткен және осы уақытқа дейін сақталып отырған табиғи және сұйытылған газды тұтынудың төмен деңгейін жатқызуға болады. Бұл ретте әлемдік үрдіс тіпті газдың меншік ресурсы жоқ елдердің өзінде энергия тасымалдаудың осы түрлерін тұтынудың өсуі байқалатынында.

Елдің газ тарату жүйесінің деңгейінде газды ұжымдық тарату принципі (әсіресе газ жеткізу кезінде) қолданылуы жалғасуда, жеткізілген газ үшін есеп жүргізу мен төлем төлеу проблемасы шешімін тапқан жоқ. Дебиторлық берешектің өсуі жалғасуының нәтижесінде тұтынушыларды тобымен газ жеткізуден айыру жиі болып тұрады. Осының бәрі газ жеткізуде тұрақсыздықты тудырады, қорытындысында табиғи газ рыногының одан әрі тарылуына және бұрынғы абоненттердің отынның басқа түріне көшуіне соқтырады.

Егер 1990 жылдың басында энергия ресурстарының басқа түрлерімен салыстыра қарағанда табиғи газды тұтыну үлесі (отынның шартты бірліктеріне аударғанда) 14,5% құрады, ал сұйық газ 1,0% болса, кейінгі жылдары бұл көрсеткіштер сәйкесінше 7,3 және 0,4%-ға, екі есеге түсіп кетті. Бірінші кезекте бұл республикадағы тұтастай алғанда газды тұтыну саласындағы абсолюттік көрсеткіштердің төмендеуінен болды, мәселен, табиғи газ бойынша 1991 жылы 13,0 млрд. текше метр деңгейінен 2002 жыл қорытындылары бойынша 1991 жылы 5,7 млрд. текше м. дейін.

Қалыптасқан жағдайдың бір себебі, ауыспалы экономика мен дағдарыс құбылыстары кезеңінде аралас нысанды меншіктегі жергілікті газ тарату ұйымдары іс жүзінде жалпы газ тасымалдау жүйесінен шығарылып тасталды.

Бұның бәрі жергілікті газ таратушы компаниялардың қаржылық жай-күйінің күрт нашарлауына, көп ретте олардың банкроттығына алып келді. Жекешелендіру бойынша қабылданған шаралар жағдайды айтарлықтай түзете алмады, соның салдарынан, өңірлерде жаңа газ құбырларының құрылысы тоқтап қалды. Өз кезегінде жергілікті органдар да бұрынғы жылдарғы тәжірибемен салыстырғанда, жекелеген елді мекендерге газ берудің коммерциялық емес жобаларын қаржыландырудағы өз белсенділіктерін төмендетті. Сол мезгілде облыстарда бұрынғы қабылданған газдандыру бағдарламалары шектерінде жалпы ұзындығы 3800 шақырымдай жергілікті газ құбырлары құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы жинақталып қалды. Бұл ретте республиканың тек үш облысында ғана (Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Атырау) облыстарды газдандыру бағдарламалары әзірленіп, сондай-ақ, жыл сайын жаңа газ құбырларын іске қосу жүзеге асырылуда.

Соңғы жылдары газ өндірудің жыл сайынғы өсуі 10-12% кезінде республика бойынша газдың тұтынылуы көлемінің орташа өсуі бойынша 3%-тен аспай отыр. Осыдан келіп экспорттық бағыттардың іс жүзінде болмауынан өндірілген газдың

артылған көлемдерін сату проблемасы шиеленісе түседі.

Газды өңдеуде оны одан әрі коммерциялық сатып өткізу үшін ынталандырудың болмауы газ өңдеу қуаттарын дамытуды кідіртіп тұр. Осындай жағдай көп ретте өндірілген ілеспе газдың жартысын амалсыздан жағып жіберудің себебі болып, ол мұнай мен газ өндіру өңірлеріндегі экологиялық проблеманы одан әрі шиеленістіреді. Республикадағы соңғы жылдары жағылған газдың үлесі жылына 3 млрд. текше метрге жетіп отыр және де оның көп үлесі Теңіз кен орнына тиеді. Осымен бір мезгілде, Қарашығанақ кен орнындағы өндіріліп 5 млрд. текше м. астам газ Орынбор МӨЗ-на Батыс Қазақстан облысының тұтынушыларына жеткізілетін сол газ 1.5-2 есе төмен бағамен қайта өңдеу үшін өткізіледі.

Осылайша, шығарылатын газдың өткізу шектеулігі, сондай-ақ бүгінде оның пайдаланылуының өте тиімсіздігі газ саласын дамытуды ынталандырмайды, және де, оның үстіне мұнайды өндірудің одан әрі өсуін, яғни сайып келгенде, Қазақстан Республикасының барлық мұнай-газ кешендерінің дамытылуын кідіртеді.

Сонымен бірге Қазақстандағы сұйытылған газдың өндірісі дағдарыс жағдайынан шығып келе жатыр, сөйтіп, республика көптеген жылдардан соң алғаш рет өз өндірісі есебінен қалыптасқан тұтыну рыногын жабу мүмкіндігіне ие болып отыр. Айталық, егер 2001 жылы 941,7 мың тонна сұйытылған газ шығарылса, тұтынуының нақты көлемі өткен жылдың қорытындысы бойынша 430 мың тоннадай деңгейінде болғанда онда 2003 жылы - 1040,5 мың тонна сұйытылған газ өндірілді.

Осы кезеңде сұйытылған газды шығарудың негізгі өсуі газ конденсатын анағұрлым терең өңдеуді көздейтін сұйытылған газ өңдейтін жаңа қондырғыны іске қосумен Теңіз кен орнының өңдеу жүргізілген қайта құру есебінен қол жеткізілді. Тек соның есебінен сұйытылған газдың өндірісі 2001 жылы 6,6 есеге ұлғайтылған болатын. Мұнайдың ішкі жеткізілімдері тұрақтануымен бірге барлық дерлік мұнай және газ өңдеу заводтарында сұйытылған газды шығару көлемдерінің артуы байқалуда.

Сұйытылған газ энергия көздерінің ішінде ең бір қымбаты болып табылатыны сөзсіз (құны тұтынушыға жеткізуді қоса есептегенде тоннасы 280-300 АҚШ долларына дейін жетеді), бірақ, көбіне көп тұрмыста, әсіресе, табиғи газдың жеткізілімі жоқ өңірлерде табиғи отынмен салыстырғанда бұл отын түрінің тасымалдау мен пайдаланудағы артықшылығын ескере отырып, сұйытылған газдың өндірісі мен рыногын реттеу мәселесі барлық газ саласының дамуындағы маңызды бағытты құрайды.

Бәсекешіл ортаға икемделген газ саласының осы секторының қызмет ету ерекшелігін және сұйытылған газдың экспортқа шығарыла бастауымен ішкі

бағалардың халықаралық бағалармен теңесуін ескере отырып, сұйытылған газдың бағасының тұрақтануын және ел ішінде энергия көзінің осы түрінің жеткізілу көлемдерінің одан әрі артуын болжамдауға болар еді.

Оның үстіне жұмыс істеп тұрған зауыттардың жоспарланған жаңғыртылуы және жаңаларының құрылысы мен сұйық газды шығаратын қондырғыларды салу есебінен оның өндіріс көлемдерінің күтілетін ұлғаюын ескере отырып республикада сұйытылған газдың бағасын төмендету үшін жағдайлар жасалады. Бұның бәрі сұйытылған газды халықаралық рынокқа жеткізудің экспорттық әлеуетін ұлғайту үшін жаңа мүмкіндіктер жасауға және сұйытылған газдың бұрынғы тұтыну деңгейін қалпына келтіруге мүмкіншілік береді.

1.4. Магистралды және таратушы газ құбырларының техникалық жай-күйі

Табиғи газдың тасымалдау Қазақстанның сегіз облысының аумағымен өтетін магистралды газ құбырларының жүйесі бойынша жүзеге асырылады. Қазақстан аумағындағы әкетуші және әкелуші газ құбырларын есептегенде магистралды газ құбырларының жалпы ұзындығы 10 мың шақырымды құрайды. Қазақстанның магистралды газ құбырлар жүйесі бұрын жалпы одақтық газ тасымалдау жүйесінің бөлігі ретінде құрылды және сондықтан, оның қызметі табиғи газды Орта Азиядан Ресейдің солтүстік облыстарына, Украина және Закавказье республикаларына жеткізуге бағытталған. Газ құбырлары қала өнеркәсібі мен халықтың сұранысын тек транзит газ құбырларының трассаларына жапсарлас қалалар мен елді мекендерді қамтамасыз ететіндей етіп жоспарланған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы аумағы арқылы өтетін магистралды газ құбырларының бірде бірінің республика аумағында өзара жалғаныстары жоқ, сол себепті мысалы, батыс өңірінде өндірілетін арзан газды елдің оңтүстік және солтүстік облыстарына жеткізу секілді, артық мөлшердегі газды өңірлер арасында қайта бөлу мақсатында газ құбырларын пайдалану мүмкіндігін бермейді. Бұл оңтүстік облыстар мен Алматы қаласының табиғи газды тұтынушылары үшін аса зәру проблема. Батыс облыстардағы газдың бағасынан 2-3 есе асып түсетін өзбек газының жеткізіліміне қатаң тәуелділік осы өңірдегі газ рыногының тарылуына әкеліп соқты. Қостанай облысының тұтынушылары Ресей газ импортына аз тәуелді болып отырған жоқ.

Газдың халықаралық транзиті жүзеге асырылатын ірі магистралды газ құбырлары :

Түркіменстан және Солтүстік Кавказға қосымша тармақталған - газ құбырларымен Өзбекстан шекарасынан Ресей Федерациясының шекарасына "Александров Гай" КС-не дейінгі газ құбырының төрт, бес тармағынан тұратын базалық "Орта Азия - Орталық" газ магистралы. Осы газ магистралы бойынша бастапқы жобалық қуаттылығы 60 млрд. текше м. болған кезде жылына 35-40 млрд. текше м. дейін газ тасымалданады;

соңғы жылдары нақтылы транзиті 26-29 млрд. текше.м. көлемінде болған жылына 42 млрд. текше м. газ транзиттелінген техникалық параметрлері бар Батыс Қазақстан облысы аумағы бойынша Орынбор ГӨЗ- ден "Александров Гай" КС-не дейін өтетін екі КС бар - "Союз" және "Орынбор - Жаңа Псков" газ к ұ б ы р ы ;

бұрын Өзбекстан және Түркіменстаннан Ресейдің өнеркәсіп аудандарына газ тасымалдауға арналған, ал қазір көбіне Ақтөбе облысына газ жеткізу үшін пайдаланылатын қос тармақты "Бұқара - Орал" газ кұбыры;

"Қазалы-Шымкент-Бішкек-Алматы", "Қарталы -Қостанай" және "Өзен - Ақтау" газ кұбырлары табиғи газды Қазақстан Республикасының ішкі рыногына оңтүстік облыстарына және Маңғыстау мен Қостанай облыстарына тасымалдау үшін пайдаланылады. Бұл ретте "Қазалы - Бішкек газ кұбыры бойынша қосымша 0,5-тен 1,0 млрд. текше м. дейін көлемде Қырғызстан тұтынушылары үшін газ транзиті жүзеге асырылады.

2002 жылы Қазақстанның магистралды газ кұбырларының жүйесі бойынша транзит режимінде 97,5 млрд. текше м. табиғи газ айдалды, ал 2003 жылы оның көлемі 105,7 млрд. текше м. табиғи газды құрауы мүмкін. Сонымен бірге, анықсыздық және тәуелділіктен, әсіресе өткен кезеңде үшінші елдерге, мәселен, Түркіменстанның Ресеймен немесе Украина, Өзбекстан, Қырғызстанмен және т.т . келісімдері бойынша негізгі транзиттік магистралды газ кұбырларының жүктемелері газ тасымалдау жұмыстарының көлемінде шұғыл ауытқуларға ие болды. Мысалы 1997-1998 жылдары түркімен газы транзитінің толықтай дерлік жоқтығы "Орта Азия - Орталық" басты газ магистралының жұмыс істеуін пайдалануға жарамсыз шегіне қойса, енді таяу жылдардағы күтілетін жылына 50-80 млрд. текше м. газ транзитін ескерумен жүйенің толық қайта құрылымдауды жүргізуді және газ кұбырының қосымша тармағының құрылысын салуды талап ет і п о т ы р .

Қолданыстағы нормативтер бойынша магистралды газ кұбырларының амортизациялық мерзімі шамамен 30 жылды құрайды. Алайда, Қазақстан Республикасының аумағында газ кұбырларын пайдалану ерекшелігі сол - кұбырлар олардың ерекше қатал, сорлы жерлермен өтуі нәтижесінде әсіре жарамсыздыққа ұшырағандығы болып табылады. Осыған байланысты, жұмыс істеу мерзімі бойынша газ кұбырлары құрылымын талдау көрсеткендей, 30 жылға дейін қызмет ету мерзімі бар 30-дан астам газ кұбырларының үлес салмағы 30,4-ке жетеді, ал газ кұбырларының 51%-ы 20 жылдан 30 жылға дейін п а й д а л а н ы л а д ы .

Алдағы жұмыстардың көлемін елестету үшін 2001-2002 жылдардағы кезеңдер бойынша газ тасымалы жүйесінің апатсыз қызмет етуіне кепілдік

беруге мүмкіндік жасамаған елдің магистралды газ құбырларының техникалық жай-күйін ескеру қажет (1.4-кесте).

1.4-кесте. Қазақстан Республикасының жұмыс істеп тұрған магистралды газ құбырларының техникалық жай-күйінің сипаттамасы

P/c N	Газ құбыры атауы	Иске қосу басталған жылы	Тармақтар саны, ұзындығы км	Диа. метрі мм	КС саны Бірлік	Нақты және жобалық қуат млрд. м ³	Тозу норма. тиві %
1	Орталық						
	ОАО-1	1966	279	1020			90
	ОАО-2	1969	406	1220			88
	ОАО-3	1972	821	1220	7	50,0/60,0	70
	ОАО-4	1972	821	1420			70
	ОАО-5	1985	821	1420	25		
2	Мақат -	1987	371	1420	3	17,0/25,5	30
	Кавказ						
3	Орынбор- Новопсков	1976	380	1220	2	10,0/14,0	65
4	Орынбор-	1978	380	1420	2	20,0/28,0	57
	(Союз)						
5	Бұқара -	1965	639	1020	5	7,2/15,0	100
	Орал		жөнд	639		1020	5
	1-тармақ			1965		1977-79 ж	
	2-тармақ						
6	БГР-ТФА	1964	2 тармақ	530-	2	6,0/13,0	60-90
		684	1020				
7	Ғазлы- Шымкент	1988	314	1220	1	14,4/26,0	30
8	Қарталы- Қостанай	1963	238	530-	-	2,0/5,4	90
		720					

9	Окарем-Бейнеу	1967	398	1220	2	1,0/5,4	70
10	Өзен-Ақтау	1968-1972	3 тармақ	530-	-	1,8/3,6	70
				1	5	0	8 2 0

Газ магистралдары мен таратушы газ құбырларының жұмыс режимін, әсіресе, шұғыл континенталдық ауа райлы өңірлерде ұстап тұру үшін газ құбырлары жүйесіндегі міндетті элементтер жер асты газ қоймалары (ЖАҚ) болып табылады. Бірақ, Қазақстан Республикасының газ-көлік жүйесі шектерінде қызмет жасайтын үш ЖГҚ өзара байланыспаған және бұрын бұрынғы Одақ жүйесіндегі бірыңғай газ-көлік жүйесіндегі қызметке арналған.

Мысалы 3,5 млрд. текше м. бір жолғы газ сақтау қуаттылығымен "Бұхара-Орал" газ құбырларын бойлай орналасқан "Базой" ЖГҚ бұрын, (осы өңірде газды кен орындары ашылғанға дейін) маусымдық ауытқулар кезінде Батыс Сібір тұтынушылары үшін газ жеткізу режимін қолдау үшін пайдаланылған болатын. "Ташкент-Шымкент" және "Газли-Шымкент-Бішкек-Алматы" газ құбырларымен технологиялық байланысты "Ақыртөбе" ЖГҚ (0,2 млрд. текше м.) және "Полторацкое" ЖГҚ (0,2 млрд. текше м.) бұрын Ташкент қаласы мен Қырғызстан тұтынушыларын газбен тұрақты жабдықтауды көбіне қолдау үшін пайдаланылды.

Сонымен бір уақытта газ өндірілетін батыс аймақта жазғы кезеңде үлестес өндірілетін газдың артық көлемі жиналады, бұл кен орындарында оны амалсыз өртеуге әкеп соқтырады. Сондықтан "Орта Азия-Орталық" газ құбыры бойына ЖГҚ салу мәселесі одан да өткір қойылып отыр. Сондай-ақ қысқы кезеңде газбен тұрақты жабдықтау мақсатында Алматы қаласы ауданында ЖГҚ салу көкейкесті б о л ы п о т ы р .

Газ тасымалы жүйесі жұмысының маңызды қыры компрессорлар жұмысы кезіндегі атмосфераға зиянды шығарындылар әсерін төмендету және газ құбырларының жұмысының техникалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Газ жүйесі объектілерін пайдалану процесіндегі зиянды заттардың негізгі көздері компрессорлық станциялардағы (КС) газ айдаушы агрегаттардан, газды суыту станцияларынан, түрлі қазандық және алау қондырғыларынан атмосфераға шығарындылары болып табылады. Атмосфераға шығарындылардың саны жүзеге асырылатын транзиттің техникалық жай-күйі мен көлеміне тәуелді.

Соңғы жылдары газ құбырларының техникалық жай-күйінің нашарлауынан шығарындылар үшін жыл сайынғы төлемдер, мысалы 1998 жылы 6,4 млн. теңгеден 2000 жылы 42,7 млн. теңгеге дейін шұғыл өсіп кетті. Сондықтан газ тасымалы жүйесін газ айдаушы агрегаттарды, тығындауыш құрал-жабдықтарды

және газ құбырларының жекелеген учаскелерін алмастыру арқылы техникалық қайта жаңарту қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтудың қажетті шарасы болып табылады. Мысалы үшін, ГТ - 750-6 ескірген агрегатын жетілдірілген ГПА-Ц-63 м. ауыстыру шығарындыларды 6 есеге дерлік азайтады (50 млн. текше м. дейін).

Газ таратушы газ құбырлардың техникалық жай-күйі. Газ құбыры жүйесінің технологиялық құрамдас бөлігі оның басты қызметі ең аз шығыстармен тұтынушыға газды жеткізу және өткізілетін газдың қатаң есепке алынуын қамтамасыз ететін, орта және төмен қысымдағы деп аталатын газ құбырларының өңірлік таратушы жүйелері болып табылады. Алайда, газ таратушы құбырлардың ағымдағы техникалық жай-күйі негізгі құралдар мен жабдықтардың тым тозуымен сипатталады.

Мысалы, "Өңірлік газ тасымалы жүйесі" ЖАҚ ("ӨГЖ" ЖАҚ) құрылымдық бөлімшелері пайдаланатын газ таратушы тораптар бойынша газ құбырларының шамамен 40%-ы апат алдындағы жағдайда, бұл ретте құрал-жабдықтар мен тұрба құбырларының 26%-дан астамы болат тұрбаларды пайдалануының нормативтік мерзімдері 25 жыл болған кезде 35 жылдан астам уақыт пайдаланылуда. Оның үстіне газ құбырларының шамамен 40% ұзындығы бойына электр химия қорғанышы жүйесінсіз пайдаланылғандықтан газ құбырларының шапшаң тозады. Газ тарату станцияларының (ГТС) жартысы дерлік және шкафты тарату пункттерінің (ШТП) үштен бірі жөндеуді немесе ауыстыруды талап етеді.

Газ тарату жүйесіндегі газды жоғалтулардың талдауы көрсеткендей газ сату көлемінің 3-5% аспайтын шаманы құрайтын нормативтік шығыстардан едәуір асып кететінін көрсетеді. Бірқатар газ тарату компанияларында, мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында өз қажеттіліктеріне және шығындар деп аталатын газ шығыны (СНиП) жеткізілетін газдың көлемінің 30%-на дейін жетті. Оның үстіне Жамбыл облысында газ құбырларының әбден тозуынан газ құбырлары трассасы бойында тұтану қаупін төндіретін газдың әуеге шығу оқиғалары бірнеше рет тіркелді.

Газ тарату құбырларын пайдалану байқау және апаттық өтініштерді қанағаттандыру жиілігін арттыру есебінен қосымша шығыстарды талап етеді. Жердегі жұмыстардың көлемі көбейеді, бұл қосымша құрылыс техникасын сатып алу қажеттілігі техникалық персонал штатының кеңеюі, апаттық қосалқы тұрбалар мен тығындауыш арматураны сатып алумен ілесе жүргізіледі. Газ құбырларының бұзылуы, әсіресе, жер сілкіну қаупі бар аудандар мен таттану белсенділігі жоғары топырақты жерлерде жаппай сипатталуы мүмкін. Газ құбырларының апаттық істен шығуы газ шығынымен және қосарлы коммуникацияларда, үйлердің подвалдарында, құдықтарда және т.б. жарылыс қауіпті қоспаларды жасаумен байланысты. Газ құбырларында жүргізілетін күрделі жөндеулер тұтастай алғанда газ таратушы тораптардың пайдалану

мерзімін ұзартудың кепілдігін қамтамасыз етпейді.

Таратушы тораптардың техникалық қайта құрылымдау қажеттілігі сонымен бірге, совет кезеңінде салынған қалалар мен елді мекендерді жабдықтаудың қолданыстағы схемалары газ шығынын есептеу құралдарынсыз теңгермелік әдіспен үздіксіз газ жабдықтауға есептелген және жекелеген тұтынушыларды жедел айыруды бақылау схемалары, әдетте сақиналық схемамен орындауға есептелмегендігінде. Бұдан басқа өндірілген жаңа материалдар мен газды тасымалдау технологияларын сыннан өткізу үлкен диаметрлі, төмен қысымды газ құбырларын бұрынғы қауіпсіздік деңгейін сақтай отырып, кіші диаметрлі орташа қысымды газ құбырларымен алмастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде тұрбаларды, реттеуші және бақылау-өлшеу жабдықтарын сатып алу шығындарын азайтуға жеткізеді.

Сайып келгенде, газ құбырлары мен олардың құрылғыларының жай-күйін қысқаша талдау олардың жұмыс істеуі кезінде техникалық сенімділігі мен экологиялық қауіпсіздігін көтеру, жоғарғы нормативті технологиялық рәсуаларды азайту және газ құбырларының жобалық қуаттарын қалпына келтіру үшін, өңірлік газ тарату тораптарын қоса алғанда, газ тасымалдаудың барлық газ-көліктік жүйесін қайта жаңарту мен жаңғырту жөніндегі кешенді бағдарламаны іске асыру қажеттігін көрсетеді.

1.5. Табиғи және сұйытылған газдың халықаралық рыногы

Табиғи газдың әлемдік қорлары 146 трлн. текше м. деп бағаланады. Алайда, табиғи газдың дәлелденген негізгі қорлары негізінен екі өңірде шоғырланған: ТМД (38,4 %) және Таяу Шығыс елдерінде (33,6 %). Батыс Еуропаның елдеріне әлемдік қордың небәрі 3 %-ы ғана тиесілі, оның көп бөлігі Норвегияның құрлықтық аялағына тиеді.

Евразия құрлығында, Қазақстан газын жеткізуде мүдделері бар өңірлерге газды жеткізушілер және негізгі өндірушілер Ресей, Түркіменстан, Өзбекстан, Таяу Шығыс елдері, Алжир және Норвегия болып табылады. Тұтыну рыногының, бірінші кезекте табиғи газдың дамуымен бір мезгілде, Еуропа Одағы мен Азия-Тынық мұхит өңірінің елдері газ тұрба құбырларымен тасымалдауда шартты дамушы болып қалып отыр.

Еуропаның газ рыногы елеулі құрылымдық өзгерістерді бастан кешіріп отыр. Еуропалық Одақ соңғы жылдары нәтижесінде жеткізушілер мен еуропалық тұтынушыларға құбыр өткізгіш көлікке қол жеткізуге және газ жеткізіліміне келісім-шарттар жасауға тең мүмкіндіктер беруі тиіс газ рыногын ырықтандыруға дәйекті бағыт ұстады. Мәселен, 1998 жылғы 11 мамырда ЕО энергетикасы министрлерінің кеңесі Табиғи газдың ішкі рыноктағы бірегей ережесін енгізу туралы директивасын (ЕО "газ директивасын") бекітті. Қазіргі уақытта Еуропаның газ импортына сұранысы 162 млрд. текше м. деңгейінде

қалыптасып отыр, 2010 жылға бұл көрсеткіштің өсуі 427 млрд. текше м. дейін болады деп болжанады.

Еуропалық Одақтың аумағында табиғи газ рыногы 10 жыл ішінде толығымен ырықтандырылады және 2008 жылға таман еуропалық газ рыногының 43% бәсекелестік үшін ашық болады деп болжануда. Табиғи газбен бірге СТГ сұранысы өсе түскендігі байқалғанын атап өткен жөн. Егер 1995 жылы 26 млн. тонна СТГ тұтынылса, онда 2000 жылы бұл тұтыну 28,5 млн. тоннаны құрады, ал 2005 жылы сұранымның артуы жылына 33 млн. тонна болады деп күтілуде.

Мұнай мен газды тасымалдаудың көптеген жобаларының белсенді қатысушысы Түркия болып табылады. Қазіргі кезде Түркияға табиғи газды жеткізу Ресейден Трансбалкан газ құбыры және "Көгілдір ағын" газ құбыры арқылы жылдық көлемі сәйкесінше 6 және 8 млрд. текше м. жүзеге асырылады. Бұдан басқа, келешекте Ираннан - 10 млрд. текше м. газ, Алжирден - 4 млрд. текше м. дейін сұйытылған табиғи газ және Нигериядан 1,2 млрд. текше м. дейін газ жеткізуді көбейту жоспарланып отыр.

2002 жылы Түркияның газды тұтынуы 17,6 млрд. текше м. құрады, оның 11,6 млрд. Ресейден жеткізілді. Түркиядағы газды негізгі тұтынушылар электр энергиясын шығаратын компаниялар болып табылады, олардың үлесіне 2002 жылы елдегі жалпы газды тұтынудың 66%-ы тиесілі болды. Болжам бойынша жалпы сұраным 2005 жылы 32 млрд. текше м. құраса, бұл көрсеткіш 2010 жылы - 55 және 2020 жылы 80 млрд. текше м. дейін өсуі мүмкін.

Бірақ та, егер қазіргі уақытта алынатын газ көлемі ішкі сұранысты қанағаттандыруға арналса, жақын арада Түркия газды еуропаға жеткізуші "көліктік" коридор болуға үміт артады, соған орай бір қатар газ тасымалдау жобаларымен жұмыстар белсенді жүргізілуде. Қазақстан Түркия үшін газ жеткізу үшін де және Қазақстаннан Түркияға 20 млрд. текше м. газ жеткізілуі мүмкіндігі шартталған "Баку-Джейхан" мұнай құбыры жобасына қатысушы елдер арасындағы Анкара декларациясын есепке алғанда, үшінші елдерге газ транзиті үшін де тартымды.

Қытай. Қытайдың өзіндік өндіруі қазіргі уақытта 22 млрд. текше м. құрайды. Бірақ, орташа алғанда 8% ІҮӨ жыл сайынғы өсімін ескергенде Қытай экономикасын дамыту мемлекеттік бағдарламасы табиғи газды тұтынудың көбеюін қазіргі уақыттағы 25 млрд. текше м. 2005 жылы 50 млрд. текше м., ал 2010 жылы - 100 млрд. текше м. дейін көбейтуді көздеп отыр. Осы көлемнің 40% шамасындайы электр станцияларына жеткізіледі деп күтілуде. Көмірсутектерінің өсіп келе жатқан зәрулігін ескеріп, Қытай Таяу Шығыстан тәуелділігін азайта отырып, импорттық жеткізілімдерді әртараптандыруға тырысуда. Географиялық орналасуы тұрғысынан көмірсутекті экспортқа шығарушы елдер арасынан Қытай үшін басты орынды Қазақстан мен Ресей алып отыр.

Мәселен, 2005 жылы ҚХР-да Ресей мен Орталық Азияның болашақ экспорттық тұрба құбырларына 2006-2010 жылдары қосу мүмкіндігін есепке алатын төрт магистралды газ құбыры іске қосылатын болады. Атап айтқанда, "Батыс-Шығыс" газ құбыры жобасын іске асыру Қытайды газбен жабдықтаудың біртұтас жүйесін қалыптастырудың негізі болады, ол Ресей мен Қазақстан үшін ҚХР энергетикалық рыногын игерудің және тұтастай алғанда азиат-тынықмұхит аймағына табиғи және сұйытылған газ жеткізілімдерінің жаңа мүмкіндіктерін а ш а д ы .

Ресей әлемдегі ірі газ қорының иегері. Ресей газының үлесіне Батыс Еуропада газ тұтынудың жалпы көлемінің 28% тиеді. Кейбір елдерде бұл үлес 60-70%-ке дейін жетеді, мысалы, Австрияда, Польшада, Германиядағы секілді стратегия Еуропада рыноктарды кеңейту мен дамытуға және көліктік тізбектердің негізгі буындарын бақылауға негізделген.

2002 жылы Ресейде газ өндіру 595,3 млрд. текше м. құрады, оның 51,9%-ы өз өндіруінің 90% артығын Батыс Сібірде жүргізетін "ГАЗПРОМ" ААҚ-на тиесілі. "Газпром" ААҚ 17,3 трлн. текше м. барланған қоры бар 69 кен орындарын әзірлейді. Тек Батыс Сібірдегі 10 кен орнында 14,0 трлн. текше м. (78%) газ қоры бар. Алайда, Еуропаға газ экспорты мүмкіндігінің өсуі фондында Ресейдегі газ өндіру қарқынының өсуінің кейбір артта қалулары, Түркіменстанмен қатар Қазақстанның да құрылу үстіндегі газ альянстары негізінде Еуропаға газ экспорттаудың бірлескен жобаларына қатынасуына мүмкіндік жасайды.

Сонымен бір уақытта Ресейде сұйытылған газдың өндірісіне мүдделілік арта түсуде. Мәселен, Сахалинде жылына 9 млн. тонна қуаты бар СТГ өндірісі бойынша зауыттың жобасы іске асырыла бастады және Корсаков мұз қатпайтын портында СТГ экспорттық терминалының құрылысы басталды.

Түркіменстан ТМД елдерінің арасында алынатын қорлар мен газ өндірудің деңгейі бойынша екінші орынды иеленеді және негізгі 100 газ газконденсаттық кен орындарында шоғырланған құрлықтағы 3 трлн. текше метрден астам жалпы қорға ие. Республика бұдан басқа Каспий теңізі қайраңы бойынша шамамен 5,5 трлн. текше м. бағаланған қорға ие. Салыстыру бойынша ішкі тұтынудың төмен жағдайында мұндай газ ресурсы республикаға газ экспортының 60-70 млрд. текше м. деңгейінде әлеуеттік мүмкіндік береді.

Газдың артық қорларының болуы Түркіменстанға түрік-еуропалық та, шығыс-азиаттық бағытта да Пәкістан, Үндістан және Қытай секілді елдердің рыногына шығуымен, газдың экспорттық газ құбырларының жаңа бағыттарын зерттеу бойынша бірқатар халықаралық жобаларға қатысуға мүмкіндік береді.

Түркіменстан мен Қазақстанның газды кен орындарының географиялық орналасуы және газды өткізу рыногындағы мүдделердің тоқайласуы Түркіменстанмен бірге экспорттық бағыттарды әзірлеу үшін Қазақстанның

қатынасуына алғышарттар жасайды.

Өзбекстан 52 әзірленетін кен орындарында шамамен 3 трлн.текше м. құрайтын барланған газ қорлары бойынша ТМД-да үшінші орынды иеленеді. Бұл ретте осы қорлардың шамамен 90% Бұхара-Хиуа аумағында шоғырланған. 2002 жылдың басына дәлелденген қорлар 1,87 трлн.текше м. құрады. Соңғы он жылдықта газ өндіру 1,4 есеге артты және 1999 жылы 55,6 млрд. текше м. жетті. Сарапшылар өзбек газын тек жұмыс істеп тұрған "Орта Азия-Орталық" магистралды құбыр өткізгіш жүйесі арқылы экспорттау мүмкіндігі қарастыруда. Сондай-ақ, Өзбекстан аумағының басым бөлігі, атап айтқанда Арал маңы аймағының әлі жеткіліксіз барланғаны секілді дәйекті де ескерген жөн.

Сайып келгенде, қазақстандық газдың экспорттық мүмкіндіктері стратегиясын әзірлеу кезінде мына бағыттар: ресей-еуропа, түркімен-түрік және қытай-азиат бағыттары басым ретінде қарастырылуы мүмкін.

2. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Еліміздің 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму Стратегиясына және Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған әлеуметтік экономикалық дамуының индикативтік жоспарына сәйкес, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған Қазақстан Республикасының газ саласын 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында елдің қолда бар газ ресурстарын пайдалану мәселелеріне көзқарасты сапалық өзгерту көзделген. Мұнайды өндірудің одан әрі өсуін, өндіру саласын кідіртуші фактор ретінде өндірілетін ілеспе газды кәдеге жарату проблемасын шешумен байланысты газды өндіру, өңдеу және сату ел экономикасының негізгі базалық саласының бірі болуы тиіс.

Сондықтан Қазақстан Республикасындағы газ саласын дамыту Бағдарламасын іске асырудың негізгі мақсаты газдың ішкі ресурстарын өндіруді ұлғайту және ұтымды пайдаланудан әлеуметтік-экономикалық тиімділікті, сондай-ақ, ішкі рыноктың сұраныстарын мейлінше толық қамтамасыз ету мүддесінде газ-көліктік жүйесінің транзиттік мүмкіндіктерін еселеп арттыру және елдің экспорттық әлеуетін мына бағыттар бойынша одан әрі ұлғайту болып т а б ы л а д ы :

Кен орындарындағы ілеспе өндірілетін газдың барынша кәдеге жаратылуын қамтамасыз ету және қажетті экологиялық талаптарды қамтамасыз ете отырып, мұнай мен газ конденсатын өндіру бойынша қуаттылықтарды одан әрі арттыру м ү м к і н д і г і н ж а с а у ;

Электр энергиясын, табиғи және сұйытылған газ жеткізілімдері бойынша елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу, сондай-ақ мұнайхимия өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша импорт алмастыру бағдарламасын іске

а с ы р у ;

Республика халқын және өнеркәсіп кәсіпорындарын табиғи газдың бұрынғы қалыптасқан тұтыну деңгейлерін қайта қалпына келтіре және жаңа өңірлерді газдандыру есебінен газ рыногын одан әрі дамыта отырып табиғи газбен апатсыз және үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету;

Табиғи газдың халықаралық транзитінің өсіп келе жатқан көлемдерін қамтамасыз ету және тұрба құбырлары жүйесінің жұмыс істеп тұрған активтерін тиімдірек пайдалану үшін республиканың газ көліктік магистралдарының транзиттік қуаттарын дамыту;

Табиғи және сұйытылған газ, сондай-ақ өндірілген газдың ілеспе компоненттері мен газды тереңдете өңдеу өнімдерінің жеткізілімдері бойынша елдің экспорттық әлеуетін арттыру;

Халықты еңбекпен қамтуды арттыру және газ саласын білікті кадрлар персоналымен қамтамасыз ету.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Бағдарлама аясында мынадай міндеттерді шешуді көздейтін бірқатар нақты ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар мен инвестициялық жобаларды іске асыру болжанып отыр:

Газ запасы бойынша ресурстық әлеуетті өсіру және ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды енгізумен жаңа газ және мұнай-газ кен орындарын әзірлеумен оны өндіру бойынша қуаттылықтарды дамыту;

Импорт алмастыру бағдарламасының шеңберінде сұйытылған газ шығару және мұнай химия өнімдерінің көлемін арттырумен өндірілетін газды өңдеу және кәдеге жарату бойынша жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту және жаңа қуаттылықтар жасау;

Жаңа аумақтарды газдандырудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру және коммуналдық шаруашылықта, электр энергетикасында, автокөліктерде және т.б. газды пайдалану аясын кеңейтудің;

Олардың пайдаланылуы кезіндегі техникалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін газ-көлік жүйесі объектілерін техникалық қайта құрылымдау жөніндегі шараларды іске асыру, сондай-ақ жаңа газ жаңарту құбырларын салу және табиғи газды сыртқы рыноктарға тасымалдау жөніндегі экспорттық бағыттарды пысықтау;

Газ саласының нормативтік базасын қайта қарау, газ-көлік жүйесі субъектілерінің ұйымдастырушылық құрылымын оңтайландыру және табиғи газды тасымалдау кезіндегі тариф құрау жүйесін жетілдіру.

Салаға мамандар тарту үшін оқыту, қайта оқыту және жағдай жасау.

3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен оны іске асыру тетігі

3.1. Газды өндіру мен өңдеу жөніндегі қуаттылықтарды дамыту

3.1.1. Газ саласының ресурстық әлеуетін дамыту

Соңғы жылдары жыл сайын газ өндірудің 6-8% орташа өсуі кезінде 2002 жылдың қорытындысы бойынша өндіру көлемінің артуы 24,17% құрады бұл 1995 жылғы газ өндіру деңгейінен екі еседен астам жоғары. Бұл бірінші кезекте Қарашығанақ, Теңіз және Жаңажол-Қожасай кен орындары тобында көмірсутек шикізатын өндіру көлемінің артуымен байланысты (3.1-кесте).

Бұл ретте кейбір дәстүрлі мұнайлы өңірлерде, мысалы, Маңғыстау облысында ескі кен орындарында газ өндіру біртіндеп төмендеп келе жатқанын ескеру қажет. Бірақ мұнай кен орындарын дамыту бағдарламасын талдаудың негізінде және дәлелденген қорларға сәйкес 2010 жылға арналған ілеспе газ өндіру серпіні бойынша болжам негізінен бірқатар базалық кен орындарын бұдан әрі игеру есебінен ұсынылды.

"Теңізшевройл" БК 2005 жылы кейін газ өңдеу көлемін арттырумен шикі газды қабат коллекторына кері айдау жөніндегі жобаны іске асыруға кіріседі деп жоспарлануда. Бұл жоба, бастапқы кезеңде тазаланған газды айдау бойынша объекті салумен екі кезеңмен іске асырылады деп көзделуде. Оң нәтиже берген жағдайда екінші кезеңде айдауға күкіртсутегін алдын ала тазалаусыз шикі газды пайдалану болжамдалып отыр.

2002 жылдың ортасында Каспий теңізінің қазақстандық секторында 1.0 трлн. текше м. жалпы қорымен Қашаған кен орны коммерциялық табылым деп танылған болатын. Кен орнының тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірленімнің жобасы үш кезеңді қамтиды деп болжануда, оның біріншісі - тікелей тәжірибелік өнеркәсіптік әзірленімді, екіншісі мен үшіншісі - кен орнының толық ауқымды әзірленімін қарастырады.

Тұтастай алғанда игерудің бірінші кезеңінде мұнаймен үлестес осы кен орнын игеруде 6 млрд. текше м. газ алынатын болады, ал өндіру процесі және мұнай мен ілеспе газды бөлу жолға қойылғаннан, сондай-ақ газды тасымалдау мәселесі шешілгеннен кейін газ өндіру деңгейі 24 млрд. текше м. жететін болады. Кен орнынан мұнай қорын шығару едәуір шамада газды кері айдау деңгейіне байланысты болады. Пайдаланудың бірінші кезегінде өндірілген газдың 80%-ы қабатқа кері айдалады деп болжануда. Газды қабатқа айдаудың оңтайлы нұсқасы ретінде газдың жылына шамамен 3-4 млрд. текше м. көлемі болжамдалады.

3.1.-кесте. ҚР кен орындары бойынша шикі газ өндіру және тауарлық газды шығару көлемдерінің 2004-2010 жылдарға арналған болжамдық теңгерімі

(млрд. м³)

Кен орындарының атаулары	Б о л ж а м								
	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	
	(нақты)								
1 .	Т е ң і з		-			ж а л п ы			
өндіру:	6,83	6,85	6,86	8,31	12,73	12,82	12,63	14,16	
1 . 1 .	Ш и к і				г а з д ы				
қабатқа айдау	0,00	0,00	1,20	1,30	2,20	2,20	2,20	2,90	
	1 . 2 .		Т а у а р л ы қ						
газды шығару	4,48	4,60	4,70	5,00	7,40	7,50	6,80	6,40	
	2 .		" Ө з е н м ұ н а й г а з "						
ААҚ-барлық өндіру	1,16	1,10	1,10	1,00	1,00	0,90	0,90	0,80	
Т а у а р л ы қ	г а з д ы								
шығару (ҚазГӨЗ)	0,94	0,94	0,94	0,85	0,85	0,77	0,77	0,68	
	3 .		" Қ а ш а ғ а н "				б а р л ы қ		
өндіру:	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	1,80	7,00	11,50	
3 . 1	Ш . г .		қ а б а т қ а					а й .	
далуы мүмкін көлемі	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	1,00	2,40	6,10	
	3 . 2		Т а у а р л ы қ				г а з д ы ң		
мүмкін көлемі	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,47	3,16	4,09	
	4 .		" Т е ң г е " ,				б а р л ы қ		
өндіру:	0,06	0,06	0,06	0,06	0,08	0,10	0,15	0,20	
4 . 1 .	Т а у а р л ы қ								
шығару	0,06	0,05	0,05	0,05	0,07	0,09	0,13	0,17	
	5 .		" Қ а р а ш ы ғ а н а қ " ,						

барлық өндіру:	5,78	11,80	13,90	13,90	14,80	18,00	19,30	20,50
5.1.	Ш и к і				г а з д ы			
кабатқа айдау	0,18	4,20	6,60	6,60	6,60	7,60	7,80	8,60
5.2. Тауарлық газ	5,10	7,20	6,50	6,30	7,20	9,40	10,50	10,90
6. Толқын	0,50	0,73	0,73	0,73	0,73	0,73	0,69	0,61
6.1.	Т а у а р л ы қ				г а з			
шығару	0,50	0,72	0,72	0,72	0,72	0,72	0,68	0,60
7.	" Ч и н а р е в с к "				ж ә н е			
" Т е п л . - Т о к а р е в с к . "								
барлық өндіру	0,00	0,10	0,10	0,20	0,30	0,50	1,00	1,50
7.1.	Т а у а р л ы қ				г а з д ы			
шығару	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,40	0,80	1,20
8.	Ж а ң а ж о л ,				б а р .			
лық жалпы өндіру:	1,41	1,20	1,40	1,70	2,30	2,50	3,00	3,40
8.1.	Т а у а р л ы қ				г а з д ы			
шығару	0,92	0,60	1,00	1,20	1,30	1,40	1,30	1,30
9.	Ә л і б е к м о л а ,				ж ә н е			
Қ о ж а с а й	б а р л ы ғ ы							
Ө р і к т а у ,								
өндіру:	0,00	0,13	0,60	0,60	0,60	0,64	2,30	2,60
9.1.	Ш и к і				г а з д ы			
кабатқа айдау*	0,00	0,13	0,60	0,60	0,60	0,64	0,60	0,60
9.2.	Т а у а р л ы қ				г а з д ы			
шығару	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	1,7	2,00
10.	А м а н г е л д і ,							
барлық өндіру:	0,02	0,30	0,50	0,70	0,70	0,70	0,70	0,70
10.1. Тауарлық газ	0,02	0,30	0,43	0,60	0,60	0,60	0,60	0,60
11.	О ң т ү с т і к				Т о р ғ а й			
ойпаты кен орны	0,87	0,90	1,10	1,00	0,85	0,75	0,65	0,60
11.1.	Қ ы з ы л о р д а ғ а							
тауарлы газ	0,00	0,00	0,15	0,30	0,30	0,25	0,22	0,20

1 2 .	Б а с қ а к е н о р ы н .							
дары (ҚнжЕ, жағу)	0,57	0,60	0,65	0,70	0,75	0,80	0,85	0,90
барлығы	Ш и к і		г а з		к ө л е м і н і ң			
	17,20	23,77	27,00	28,90	34,84	40,24	49,17	57,47
мінің барлығы	Т а у а р л ы қ		г а з		к ө л е .			
	12,02	14,41	14,48	15,02	18,43	21,58	26,65	28,14
Т е х н о л о г и я л ы қ								
қ а ж е т т і л і к т е р	м е н							
жоғалтулар**	5,00	5,43	5,82	6,38	8,01	8,22	10,52	12,13

* Қожасай кен орындарында қайтадан айдау көзделеді.

** Өндірілетін газдың тәуелділігінен 15-тен 25%-ке дейін ҚнжЕ өндеудегі газ көлемі.

Оңтүстік аймақты газ ресурстарымен қамтамасыз ету бойынша өңірлік бағдарламаның ішінара шешімі Жамбыл тобының газ кен орындарының бірінші жобасын Амангелді газ кен орнынан жылына жоспарлы 700 млрд. текше м. өндірумен 2003 жылы іске асыру болып табылады. Табылған қорларды ескерумен (дәйектелген геологиялық қорлар - 25 млрд. текше м. астам газ) кен орнының таяу арадағы 20 жыл ішінде газ өндіру өсімінің жылына 1 млрд. текше м. болатын келешегі бар.

Осы жобаның табысты іске асырылуы Қазақстан Республикасының оңтүстік өңіріндегі газ тұтынудың 30% дейін қалыптасқан теңгерімін жабуға мүмкіндік береді және республиканың өзбек газының импортына тәуелділігін әжептәуір азайтады. Барлық жалпы сметалық құны 30 млн. АҚШ доллары шамасында болатын үлкен әлеуметтік мәні бар жоба мемлекеттің қаржылық қолдауымен іске асырылады.

2

Табиғи газ жөнінде Қазақстан Республикасының оңтүстік облыстарында толық энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізу мүддесіне қол жеткізуде экспорттық бағалау бойынша еркін газдың перспективалық ресурсы 300 млрд. текше м. астамды жыл сайын 4 млрд. текше м. өндіру мүмкіндігімен құрауы мүмкін болатын Солтүстік Арал маңы аумағын барлау жөніндегі жұмыстарды аяқтау стратегиялық мәнге ие бола алады.

Арысқұм иініндегі Оңтүстік Торғай ойпатының әзірленіп жатқан кен орындары бойынша ілеспе және еркін газдың алынатын қалдық қорларының

ресурсы 15,6 млрд. текше м. құрайды, ал барлау және пайдалануға дайындық сатысында тұрған перспективалы кен орындары бойынша (Арыскұм, Қоныс, Бектас) 18,7 млрд. текше м. құрайды. Қызылорда облысы өңірі үшін осы кен орындарынан алынатын ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі жобаны іске асыру маңызды әлеуметтік-экономикалық мәнге ие болатын болады. Кен орындарынан 250-300 млн. текше м. көлеміндегі тазаланған ілеспе газды, жергілікті ЖЭО-да оны қайта жаңартқаннан кейін электр энергиясын өндіру үшін, сондай-ақ облыс орталығын ішінара газбен қамтамасыз ету үшін, Қызылорда қаласына жеткізілетін болады.³ Бұдан басқа тікелей кен орнында меншік мұқтаждықтары үшін электр энергиясын өндіруге 150 млн. текше м. дейін бағыттау б о л ж а м д а н у д а .

Таяу келешекте бүкіл Ақтөбе облысының табиғи газға деген сұранымын, ең алдымен Жаңажол мұнайгаз конденсатты кен орнынан мұнай бойынша - 96,3 млн. тонна, конденсат бойынша - 26,5 млн. тонна және ерітілген газ бойынша - 132,6 млрд. текше м. алынатын қорымен мұнай, демек газды да өндіруді арттыру есебінен қамтамасыз ету жөнінде шынайы мүмкіндіктер бар. "CNPC - Ақтөбемұнайгаз" кен орны Операторы 2005 жылға дейін газ өндіру көлемін 2002 жылғы жылына 800 млрд. текше м. деңгейінен 3.0 млрд. текше м астамға а р т т ы р у д ы ж о б а л а п о т ы р .

Әзірлену үстіндегі Жаңажол кен орнына жақын орналасқан "Өріктау" газмұнайконденсатты кен орны көбіне құрамында газы көп кен орны болып табылады және 40.0 млрд. текше м. жуық еркін газ қоры бар. Кен орнын әзірлеу жөніндегі жоба жалпы құны шамамен 250 млн. АҚШ долларын құрайтын инвестициялық қаражатты тартуды қарастырады.

Әлібекмола және Қожасай мұнайгаз конденсатты кен орындары. "ҚазМұнайГаз" ЖАҚ және "НельсонРесурсн компаниясы- "Қазақойл-Ақтөбе" АҚ бірлескен кәсіпорынымен әзірленеді. Бұл кен орындары бойынша газдың қоры тиісінше 5,9 және 6,8 млрд. текше м. құрайды. Кен орнын әзірлеудің жалпы бағасы 500 млн. АҚШ долларды құрайды.

"Жайықмұнай" АҚ әзірлейтін Шынар кен орны Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан, оның дәлелденген қоры 17,7 млрд. текше м. бағаланып отыр. 24,9 млрд. текше м. дәлелденген қорының жалпы сомасымен Тепловско-Токаревское газконденсатты және газмұнайконденсатты кен орындарын "Степной Леопарт БК" бірлескен кәсіпорыны әзірлейді.

3.1. Сурет. 2010 жылға дейін оны өз қажетіне пайдаланумен және тауарлық газды өндірумен ілеспе

газдың өндірілу серпіні (млрд. м³).

(қағаз мәтінінен қараңыз)

Қарағанды көмір бассейні жергілікті тұтынушыларды метан газымен қамтамасыз ету үшін басқа елдерде газбен қаныққан көмір қабаттарынан метан алу тәжірибесінен шыға отырып мүдде білдіреді. Осы бассейн бойынша метанның өнеркәсіптік қоры бар деп болжануда. Бұл ретте Көмірлі кен орындарын әзірлеу кезінде метанды газсыздандыру мен кәдеге жарату мәселесін шешу бірінші кезекте жұмыстың қауіпсіздігін және экологиялық талаптарды қамтамасыз ету шарасы болып табылады. Сонымен, егер 1992 жылы метанның атмосфераға жайылуы шамамен бір млрд. текше м. құрайтын болса, онда "Испат-Кармет" ААҚ даярлаған Метанды кәдеге жарату мен газсыздандырудың мақсатты бағдарламасына сәйкес осы шығарындыларды 2008 жылы 200 млн. текше м. дейін қысқарту болжамдалады, оның үстіне 440 мың АҚШ долларына жуық жылдық экономикалық тиімділікке жетуге болады деп күтілуде⁴.

Ғалымдар мен геологтардың бағалауы бойынша Орталық Қазақстанның көмірлі кен орындарындағы метанның ресурсы 1,1 және 1,4 текше метрді, соның ішінде Қарағанды бассейні 550 млрд. текше метр шамасындағыны құрайды. Оны кәдеге асырудың перспективалық бағыттары электр энергиясын өндіру болып табылады. Жалпы құны 170 млн. доллар шамасында АҚШ доллары тұратын шахталық метанды өнеркәсіптік игеруді іске асыру жобасы екі кезеңмен жүзеге асырылуы мүмкін.

Осылайша, газ өндіру бойынша жоғарыда көрсетілген жобаларды іске асыру елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету және газға деген ішкі сұранымын тауарлық газдың өндірілетін және шығарылатын меншік ресурстары есебінен жабу үшін елдің экспорттық әлеуетін көбейтуге нақты мүмкіндіктер береді, сондай-ақ табиғи газ жеткізілімдері бойынша елдің экспорттық әлеуетін анағұрлым арттырады (3.1-сурет).

3.1.2. Газ өңдеуші қуаттарды дамыту

Газ саласының одан әрі дамуы ең алдымен ілесе өндірілген газдың өнеркәсіптік көлемдерінің өсу қарқыны аясында газ өңдеу қуаттылықтарының дамуымен байланысты. Бұл ретте екі бірдей міндет шешіледі, атап айтқанда: бір жағынан, тауарлық газды шығару көлемін арттыру есебінен барынша экономикалық пайда алу болса, екінші жағынан еркін жағылатын газды толықтай кәдеге жарату есебінен қоршаған ортаға экологиялық жүктеменің төмендеуі. Бұл мақсаттарда Бағдарлама кен орындарындағы өндірілген газды қайта өңдеуді ұйымдастыру және одан әрі сату үшін магистралдық газ құбырларына тауарлық газды беру, сондай-ақ ілеспе газды дайындау және тазалау бойынша шағын қондырғылар ұйымдастыру жөніндегі бірқатар жобаларды көздейді.

2010 жылы газ өңдеу объектілерін қайта жаңарту және жаңаларын салу есебінен газды өңдеу қуаттылықтарының жалпы ұлғаюы жылына шамамен 28 млрд. текше м. құрайды деп болжануда. Өз кезегінде бұл тек соңғы жылдарда қалыптасқан жылына 3 млрд. текше м. газдың алауларда еркін жағылуының өсу үрдісінің алдын алып қана қоймайды, сонымен бірге бірінші кезекте ондаған мың улы заттардың тасталуын қысқартатын Батыс Қазақстан кен орындарындағы күкіртті қосындылары бар ілеспе газды жағуды жоюға мүмкіндік береді.

Қарашығанақ кен орнындағы Газ жобасын іске асыру

Конденсатты өңдеу бойынша Қарашығанақ өңдеу кешенін (КПК) пайдалануға беру және "Қарашығанақ-Атырау" мұнай құбырын іске қосылуымен газконденсат өндіру көлемдерінің одан әрі ұлғаюы ілеспе газдың да өндірілуінің ұлғаюына әкеледі. Бұның бәрі кен орыны операторымен Өнімді бөлу туралы келісімнің (ӨБК) келесі кезеңін іске асыру қажеттігін анықтайды. "Газ жобасы" деп аталатын келесі кезеңде Қарашығанақ газ өңдеу зауытын (КГӨЗ) салу көзделеді. КГӨЗ құрылысын салу екі кезеңде, жылына шикі газды өңдеу қуаттылығын 5,0 дейін және содан кейін 10,0 млрд. текше м. дейін өсірумен және тазартылған газды газ құбырына дейін тасымалдау үшін экспорттық газ құбырын салуды көздейді.

Бұл арада қазақстан тарабы "Газ жобасының" іске асырылуын жеделдету мақсатында, жобаның инвестициялық тартымдылығын бағалау үшін, КГӨЗ жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді жүргізеді. Мәселе қолданыстағы Келісімнің ережелері бойынша кен орнының инвесторлары жобаның барлық бағалық құны шамамен бір млрд. АҚШ долларын құрағанда, қаржыландыру жөнінде өздеріне тек "Газ жобасының" күтіліп отырған құнының 40% дейін ғана міндеттеме қабылдайды (3.2.-кесте).

3.2.-кесте. 2010 жылға дейінгі келешекте ГӨЗ жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңаларын салу және газды кешенді пайдалану жөніндегі қондырғыларды (ГКПК) салу

Газ өңдеу кешенінің атауы	Пайдалану	Жылына өндірім бойынша қуаттылық				
	енгізудің	-----				
	күтілетін	Табиғи	Сұйытыл.	Басқа ілеспе		
	мерзімі	газ млрд.	ған газ		өнім	
		м ³	мың тонна			

Әлібекмола,
және
орындарында

Өріктау

Қожасай
кен
газ

өңдеу	мүмкіндігімен				
N ЖГӨЗ салу	2005	4,0	100,0	Күкірт	
Т е ң і з				Г Ө З	
(екінші буын)	2005	14,1	1170	жоқ	
Қарашығанақ ГӨЗ (Газ жобасы 2-кезең)	2007-1-кезең			5,0	300,0
	2010 -				Конденсат-50,0 т.т
					К ү к і р т
2-кезең					
Қашаған ГӨЗ (бірінші кезек)	2008			3,0	500,0
					Конденсат-100,0 т.т
				Күкірт	
Амангелді кен орнында ГКПҚ	2005			0,7	20,0 (2-кезеңде) 20
Күмкөл, Ақшабұлақ кен орындарында ГКПҚ	2004			Күмкөл. де 0,2,	50,0
					Конденсат-40 т.т
					А қ ш а б ұ .
					лақта 0,2
Шынарлы кен орыны үшін ГКПҚ	2008			0,2	20,0
					Конденсат-1 т.т
					К ү к і р т -
					0,6 т.т.
Теплово-Токаревское орынының ОПЭ үшін ГКПҚ	2008			0,6	40
Барлығы	2010 жылға дейін			28	2200
					Конденсат - 211,0

Жаңажол газ өңдеу зауытын кеңейту

"СНРС - Ақтөбемұнайгаз" ААҚ 2003 жылы 2-МӨЗ-ді іске қосты. Зауыттың жылсайынғы қуаттылығы 2 млн. тонна мұнай, 1.4 млрд. текше м. табиғи газды, сондай-ақ жылына 48 мың тонна күкірт алуды құрайды, ол өндірілетін ілеспе газдың кәдеге жарату деңгейін 80%-ке дейін арттыруға мүмкіндік береді. Қосымша қондырғылардың арқасында жыл сайын 60 мың тоннаға дейін сұйытылған газ алуға мүмкіндік туды. Тіпті ЖМӨЗ кейін газдың бір бөлігі ГТУ-де электр энергиясын шығаруға және меншік мұқтаждықтарға (барлығы жылына 500 млрд. текше м.) жұмсалатынын ескергеннің өзінде, қалған көлем іс жүзінде табиғи газға деген өңірлік сұранымды жабады.

Кен орнында газдың да өндіру көлемін 2.4 млрд. текше м. артуын тудыратын мұнай өндіру көлемдерін одан әрі аттыру үшін, 2004 жылы 2.0 млрд. текше м. өңдеу қуаттылығымен N 3 МӨЗ және "Бұқара-Орал" газ магистраліне дейін

жалғаушы газ құбырын (160 км) салу жоспарланып отыр, ол өндірілетін газдың толық кәдеге жаратылуын қамтамасыз етеді. Жобаның бұлайша дамуы келешекте, газдың жиынтық өндірісі жылына 3,8 млрд. текше м. құрауы мүмкін, Әлібекмола, Қожасай және Өріктау сияқты ең жақын кен орындарынан газды өңдеуге жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Табиғи газды сұйыту жөніндегі жобаларды дамыту

Ақтөбе облысында қазіргі уақытта Ақтөбенің табиғи газын - метанды тазалау мен сұйыту пунктін (АСГТП) пайдаланып отырған "KazTrasGas LNG" компаниясы ұсынған сұйытылған газ өндірісін ұлғайту жобасы келешекті болып көрінеді. Газдың қарсы ағынындағы құйынға негізделген "Ранка-Хилш тиімділігін" қолданумен газды фракциялар бойынша бөлудің жаңа технологиясы жинақы жабдықта артық қысымның энергиясын қолданумен аз шығынмен метан сұйылтуда жоғары тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сұйытылған метанның бірінші легі алынғанына қарамастан сақтау мен тасымалдаудың инфрақұрылымы болмағандықтан жобаны одан әрі іске асыру іркіліп тұр. Алайда, соңғы он жылдықта СПГ алу мен тасымалдау технологиясын әзірлеуде қол жеткен техникалық прогресс оның алыну құнын 1980 жылдардағы бір тонна үшін 350 АҚШ долларынан қазіргі уақыттағы 200 АҚШ долларына дейін төмендетуге, сондай-ақ метан тасушы-танкерлер өндірудің шығынын 1,7 есе азайтуға мүмкіндік тудырды.

Сонымен бір уақытта жоғарыда көрсетілген қондырғы ГӨЗ-да бірінші тазалаудан өткен және сату үшін газ құбырларына берілетін газ ағынынан пропан-бутан фракциясын қосымша алу үшін, сондай-ақ газды күкіртті қосындылардан тазалауға тиімді болып табылады.

Теңіз ГӨЗ қуаттарын кеңейту

"Теңізшевройл" БК-не 2005 жылы кен орнында 13-тен 20-23 млн. тоннаға дейін мұнай өндіруді арттыру мақсатында жаңа жобаларды іске асыруға кірісуді көздеп отыр, бұл өзінен кейін 2010 жылға таман 14 млрд. текше м. дейін ілеспе газ өндірудің өсуін туындатады. Екінші буынның объектілерін, атап айтқанда мұнайгаз өңдеу зауытын, қуаттылығы жылына 2 млрд. текше м. газды кері айдау бойынша қондырғыны және "Орта Азия-Орталық" магистральды газ құбырына дейін жалғастыратын жаңа газ құбырын қосымша қаржыландыру шамамен 3 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Қашаған ГӨЗ салу

Каспий қайраңының Қашаған құрылымында барлау жұмыстарын жүргізуші "Аджип ККО" халықаралық концорсиумы 2008 жылдан бастап осы кен орындарында көмірсутектерін өндіруді жоспарлап отыр, бұл МӨЗ салуды бастау қажеттігін болжамдайды. Бұл ретте зауыт жыл сайын 3,0 млрд. текше м дейін ілеспе газды, 500 мың тоннаға дейін сұйытылған газ өңдейді деп болжамдануда.

Теплово-Рокиревское және Шынар кен орындарында Газ өңдеу бойынша

Қ о н д ы р ғ ы

с а л у

Батыс Қазақстан облысында шағын және орта мұнайгазконденсатты кен орнын интенсивті қарқынды әзірлеу жүргізумен байланысты, өндірілетін ілеспе газды кешенді өңдеу жөніндегі, атап айтқанда жоғарыда көрсетілген кен орындарында қондырғы салынады деп болжамдануда. Бұл ретте ресейлік және украиндық институттардың жаңа әзірленімдерін пайдалану осы қондырғыларда аз еседе күрделі қаржы жұмсалымы кезінде тәжірибелік-өндірістік пайдалану кезеңінде-ақ жылына күкіртті қосылыстардан газды тазалауды жүргізуге мүмкіндік тудырады. Осы кен орындарын әзірлеу 2010 жылы 20 мың тоннаға дейін сұйытылған газды өңдеумен жылына 1,2 млрд. текше м тауарлық газ алуға мүмкіндік тудырады, бұл газға барлық жергілікті қажеттіліктерді Қарашаған кен орнынан газ бермей-ақ толығымен жабады.

Оңтүстік Торғай мұнайлы ойпатының кен орнында Газ өңдеу бойынша

қ о н д ы р ғ ы

с а л у

2004 жылы "ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз" ААҚ Құмкөл кен орнының операторы газды кешенді дайындау бойынша қондырғының және ілеспе газды кәдеге жарату жобасы шектерінде қуаттылығы 55 мВт Газтурбиналы қондырғының құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Жобаны іске асыру өндірілетін электр энергиясының көп бөлігін сыртқы тұтынушыларға сатумен компанияның электр энергиясына деген меншік мұқтажығын жабуға және сұйытылған газ алуға мүмкіндік береді. Осыған ұқсас қондырғыны "Ақшабұлақ" кен орнында "Қазгермұнай" компаниясы 2004 жылы пайдалануға енгізеді деп ж о с п а р л а н у д а .

Сайып келгенде, газ өңдеу қуаттарын кеңейту табиғи газға деген республиканың өңірлік қажеттіліктерінің едәуір бөлігінің қажеттіліктерін жабуға ғана емес, сонымен бірге 2010 жылға таман Қазақстан Республикасында жаңа қуаттарды енгізуді ескерумен сұйытылған газ өңдеудің жыл сайынғы деңгейін 3,6 млн. тонна деңгейге дейін жеткізуге мүмкіндік береді (3.3-кесте).

3.3-кесте. 2010 жылға дейінгі сұйытылған газды өндіру мен тұтынудың, экспорты мен импортының перспективалық теңгерімі (мың т.)

Сұйытылған газдың өнімділігі	Нақты теңгерім						Болжам
	1995	2003	2004	2006	2008	2010	
ҚР өндіру барлығы	403	1040,5	1150	2370	3280	3620	
1. Жұмыс		істеп		тұрған			

қуаттылықтар	403	1040,5	1100	1200	1250	1290
1.1 Атырау МӨЗ*	13	3	20	100	120	160
1.2 Павлодар МӨЗ	130	115,6	120	100	130	130
1.3 Шымкент МӨЗ*	60	136,4	140	140	140	140
1.4 Қазақ МӨЗ	130	77,3	80	90	80	80
1.5 Теңіз МӨЗ	70	708,2	720	720	720	720
1.6 Ақтөбе ПОСГ	-	-	20	50	60	60
2. Жаңа қуаттар**	-	-	50	1170	2030	2330
Импорт	133,2	90	90	80	70	60
Ішкі тұтыну	534,4	430	450	1250	1250	1280
Экспорт	1,8	700,5	790	1200	2100	2400

* - осы зуыттарда өндірісті ұлғайту олардың толық жіктелуі және жаңғырту есебінен деп күтілуде

** - 3.2 - кестені қараңыз

Сонымен бір уақытта бұрыннан барларды қайта жаңарту бойынша болжанатын шараларды іске асыру нәтижесінде және жаңа газ өңдеу кешендерін іске қосуды енгізумен кен орындарында ілеспе газды бос жағу көлемі республика бойынша 2003 жылғы 21,9 млрд. текше м-ден 2010 жылы 5,0 пайызға дейін төмендейді.

3.2. Табиғи және сұйытылған газдың ішкі рыногының перспективалары

3.2.1. Газдандырудың өңірлік бағдарламалары және газды тұтынудың ішкі рыногын дамыту

Табиғи газды тасымалдау және жеткізу жүйесін орталықтандырылған басқару Қазақстан Республикасында қалыптасқан газбен жабдықтау схемасы үшін тән және өзекті болып табылады. Алайда, табиғи және сонымен бірге сұйытылған газ ретінде ішкі рынокты одан әрі дамыту көбінесе газ өндіруші және газ тасымалдау ұйымдарының, сондай-ақ өңірлік деңгейдегі жергілікті органдардың үйлестірілген бірлескен әрекеттеріне тәуелді болады (3.4-кесте).

3.4-кесте. ҚР облыстары бойынша газбен жабдықтауды дамыту жөніндегі көрсеткіштер (табиғи газ)

Облыстар	Жұмыс істеп тұрған өңірлік газ құбырлары	Газбен жабдықтауды дамытудың болжамдық көрсеткіштері	Газбен жабдықтауды дамытуға болжамдық қаржы	Қаржыландырудың мүмкін болуы
		(млн. теңге)	(млн. теңге)	(млн. теңге)

	торап. тарының ұзынды. ғы (км)	лысы (км) 2004- 2006	нушы. лардың саны 2006	----- 2004- 2006	2007- 2010	жеттік 2007- 2010	шылық етуші субъек. тілер	
Ақтөбе	14089	191	411	50800	1803	6227	8030	-
Алматы	23206	30	129	15890	283	523	70	736
Атырау	1186	578	1380	4900	5500	14500	19786	214
Жамбыл	2425	Қайта құру	-	597	-	-	-	597
Б а т ы с								
Қазақстан	2000	180	920	42600	1235	3705	2560	2380
Қостанай	2025	43	350	3000	172	753	40	885
Қызылорда	400	401	-	-	7161	-	5301	1860
Маңғыстау	1574	82	212	5350	302	196	497	-
С о л т ү с т і к								
Қазақстан	80	-	-	-	-	-	-	-
О ң т ү с т і к								
Қазақстан	3086	102	Қайта	356000	544	96	401	239
к ұ р у								
Алматы қ.	25434	-	147	1200	218	545	-	764
Барлығы	75505	1608	3549	480337	17218	26545	37282	7078

Ескерту: Кесте облыс әкімдіктерінің бастапқы және болжамдық деректері негізінде жасалынды.

Соңғы жылдары газ көліктік жүйесінде экономиканың және құрылымдық қайта құрылулардың дағдарыстық жай-күй жағдайларында газдандыруды дамыту және бұрыннан бар өңірлік газ тарату тораптарында жаңарту бойынша жұмыстар іс жүзінде жүргізілген жоқ. Облыстарда бюджеттік қаржыларға жобалық-сметалық құжаттаманы негізінен әзірленген ұзындығы 5 мың км-нан артық жаңа газ құбырының бұрынғы директивалық жоспарлары іске асырылмай қ а л д ы .

Жергілікті бюджеттің қатысуымен және инвесторларды тартумен газ құбыры тараптарын кеңейту, табиғи газды жаңа тұтынушыларға қосу жүргізілетін, сұйытылған газдың жанармай құю станцияларының саны ұлғаятын республиканың батыс облыстарында осы бағытта неғұрлым белсенді жұмыс жүргізіледі. Әдеттегідей, бұл жұмыс газдандырудың әзірленген бағдарламалары

мен өңірлерді газбен жабдықтауды жақсарту негізінде жүргізіледі. Осы таңғаларға, мысалға Ресей Федерациясында кеңінен қолданылатын бағдарламалар, әдеттегідей, мынадай нақты міндеттерді шешумен өңірлік саясаттың мынадай негізгі бағыттарын қамтиды:

жағылатын ілеспе газды кәдеге жаратумен газ ресурстары аумағында барларын әзірлеу мен жеделдетіп игеруге жәрдемдесу, шағын газ өңдейтін қуаттылықтар мен газ электр энергетикасын дамыту;

елді бекеттерді газдандырумен жергілікті газ құбырлары тораптарын дамыту, жұмыс істеп тұрған газ құбырларын қайта құру үшін жаңа технологиялар мен материалдарды қолдану;

бұрыннан бар газ құбыр-бұрғыштарының транзиттік жүктемесі, табиғи және сұйытылған газ жеткізілімдерінде олардың автокөлікте, коммуналдық-тұрмыс секторында пайдалануын ұлғайтумен тұрғындардың қажеттілігін неғұрлым толық қанағаттандыру;

қаржыландырудың мүмкін көздерін жұмылдыру, шаруашылық етуші субъектілердің мүдделерін және жергілікті органдардың, жер қойнауын пайдаланушылардың және магистралды газ құбырлары операторының іс-әрекеттерін үйлестіру.

Үйлестірілген әрекеттер үшін мүмкіндіктерге ие бола отырып, іс жүзінде республиканың оңтүстігінде және басқа облыстарында газ сатудың 2002 жылғы нәтижелер бойынша 2,2 млрд. текше м қарсы 2003 жылы 2,9 млрд. текше м дейінгі күтілетін көлемімен табиғи газдың жоғалтылған рыногын қалпына келтіретін "КазТрансГаз" ЖАҚ-ның еншілес компаниясы "КазТрансГаз Дистрибьюшн" ЖАҚ көтерме газ жеткізілімі бойынша неғұрлым айқын рөл атқарады. Мұның барлығы табиғи монополия жағдайында күш салулардың бірігуінде жүйелер мемлекеттік қолдау кезінде бірегей мақсаттарға және газ тұтынудың ішкі рыногын дамыту бойынша реттеуге табысты қол жеткізуге мүмкіндік беретін магистралды газ құбырлары операторының тарапынан қолдау болған жағдайда ірі газ тарату компаниясы жүйесінде жұмыстың тиімділігін дәлелдейді.

Алайда, осы уақытқа дейін, "КазТрансГаз Дистрибьюшн" ЖАҚ тарапынан төлемдерді жақсарту мақсатында жұмыстың жаңа әдістерін енгізу жөніндегі шаралардың қабылданғандығына қарамастан, бұл проблема шешілмей қалуда, бұл газ рыногының одан әрі дамуын тежейді. Бұл мәселені шешу тек газ жеткізушінің, оның жеткізушісінің және жергілікті органдардың бірлескен іс-қимылдарымен ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Мысалға, 2002 жыл нәтижелері бойынша жеткізілген газ үшін және газ транзиті бойынша көрсетілетін қызметтер үшін республиканың тек отын-энергетикалық компанияларының дебиторлық берешегі 2,6 млрд. теңгеден асып кетті.

Сайып келгенде, газ көлік жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктері және оның даму перспективалары табиғи және сұйытылған газ өндіру, өңірлерді одан әрі газдандыру, газ жүйесінің барлық субъектілері мен жергілікті органдар тарапынан экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық жағдайларды құру негізінде ресурстық базаны дамыту жөніндегі шаралар кешенін өткізудің қажеттілігін болжайды.

Батыс Қазақстан облысын газбен жабдықтау

Облыс аумағында газ өндірудің жылдық көлемі - 5,8 млрд. текше м қол жеткен аса ірі Қарашығанақ мұнайгазконденсатты кен орны (МГКК) бар. 2004 жылға таман Шынар және Тепловско-Токаревской газконденсатты кен орындары топтарын кен орындарын өнеркәсіптік пайдалануға енгізумен, сондай-ақ газ өңдеу жөніндегі (Қарашығанақ МӨЗ) жаңа қуаттарды салумен газ өндіру көлемі 2010 жылға таман облыста жылына 20,0 млрд. текше м дейінгі деңгейге өседі. Газды кері айдаумен және газды өз қажеттеріне пайдаланумен тауарлық газ көлемі бұл жылдары 10,0 млрд. текше м артық болуы мүмкін. Облыс аумағы бойынша өтетін "Орта Азия-Орталық", "Союз" және "Орынбор-Новопсков" транзиттік магистральды газ құбырлары (МГ) оның облысты газбен жабдықтауды дамыту бойынша қолайлы жағдай тудырады. Нәтижесінде облыс бүгінде неғұрлым газдандырылғандардың (42%) бірі болып табылады. Көтерме газ жеткізіліміне арналған бағалардың сақталуы (1 мың текше м үшін 18-21\$) экономикада дағдарыс құбылыстарының құлдырау кезеңінде облыста басқа өңірлерде болған газ тұтынудың шұғыл түсіп кетуін ұстап тұруға мүмкіндік б е р д і .

Облыста әзірленген Газбен жабдықтау бағдарламасына сәйкес 2010 жылға дейінгі кезеңде өнеркәсіп тарапынан газға деген сұранымның артуы және оны электр станцияларында негізгі отын ретінде пайдалану есебінен (электр энергиясының 90% дейінгі Ресейден жеткізілімі жүзеге асырылады) болжанады. Осыны және қазандықтар мен көліктерде газ пайдаланудың күтілетін ұлғаюын ескерумен облыста газ тұтыну жылына 1000 млн. текше м. өседі деп болжанады.

Атырау және Маңғыстау облыстарын газбен жабдықтау

Өңірдің газ өнеркәсібін ілеспе газ өндіретін "Теңізшевройл" ЖШС, "Маңғыстаумұнайгаз", "Өзенмұнайгаз", "Қазақойл-Ембі" АҚ сияқты ірі компанияларды білдіреді. Әзірше компаниялар өңірдегі 84 газ кен орындарының жартысынан астамын ғана әзірлеу үстінде. Олардың ішінде тек белгілі кен орындары - Теңіз, Королевское, Имашевское (Атырау облысы); Өзен, Жетібай, Қаламқас (Маңғыстау облысы).

Облыстарды энергиямен жабдықтау табиғи және сұйытылған газдарды пайдалануға басымдықпен негізделеді, мұнда сондай-ақ белгілі себептер бойынша өткен кезеңде газ тұтынудың төмендеуі білінді. Мысалы, талдау

Атырау облысы үшін тәуелділіктің тән екенін: тарифтер 10% ұлғаюының газ тұтынуды орта есеппен 3,6% төмендетуге әкеп соққанын көрсетті. Сондықтан соңғы жылдары газға бағаны төмендету саясаты мен "Теңізшевройл" БК тарапынан оны өзіндік құны бойынша 12 АҚШ доллары бағасымен жеткізу газ тұтынуды тұрақтандыруға және өсіруге алып келді. Маңғыстау облысындағы негізгі газ жеткізуші "Өзенмұнайгаз" АҚ-ы газ жеткізілімі бағасын 1 мың текше м үшін 30 АҚШ доллары көлемінде жүзеге асыру мүмкіндігі бар, бұл елдің оңтүстік және солтүстік облыстарына қарағанда едәуір арзан.

Осы екі облыстың аумақтарын газдандыру үшін олардың аумақтары арқылы өтетін "Орта Азия-Орталық" және "Мақат-Солтүстік Қазақстан" ірі магистральды газ құбырларының болуы қолайлы жағдай болып табылғанмен, облыстар бойынша газ құбырлары тораптары әлсіз дамыған және тек магистральды газ құбырларына тікелей жақын орналасқан кенттер ғана газдандырылған. Мысалға, Атырау облысы бойынша облыс халқының 50% құрайтын елді мекендер газдандырылған. 2003 - 2010 жылдар кезеңіне қабылданған газдандыру жоспарында ұзындығы 2,0 мың км жаңа газ құбырларының құрылысына 20,0 млрд. теңге бөлуді көздейді. Газ құбырларының 300 км жуығын Маңғыстау облысында салу болжанып отыр. Каспий қайраңы кен орындарын игерудің басталуымен облыстарды газдандыру бағдарламасын аяқтау үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалуда.

Сайып келгенде, егер, 2003 жылдың нәтижелері бойынша газ тұтыну Атырау облысында шамамен 638,1 млн. текше м, ал Маңғыстау облысында жылына - 1289,0 млн. текше м құраса, онда Атырау ЖЭО қуатының 70 МВт кеңейтілуі күтілетінін ескерумен, өңірдің мұнайхимия кешендерінің және өнеркәсіптің дамуын қалпына келтірілумен, сондай-ақ өңірлерді газдандыру жөнінде белсенді жүргізіліп жатқан жұмыстарға байланысты 2010 жылға таман газды тұтыну Атырау облысында 2,0 млрд. текше м деңгейінде, ал Маңғыстау облысында - 6.0 млрд. текше м шамасында болады деп болжануда (Анықтама үшін: облыстар бойынша 1992 жылы газды тұтыну сәйкесінше 0,4 және 2,2 млрд. текше м құрады).

Ақтөбе облысын газбен жабдықтау

Қолда бар минералдық-шикізаттық базасы негізінде Облысты газдандыру бағдарламасының жобасы әзірленді. Қазіргі уақытта облыстың газға деген сұранымының жартысына жуығы дерлігі Жаңажол кен орнынан ("СНПС-Ақтөбемұнайгаз" мұнайгаз компаниясы) жеткізілімі есебінен жабылады. Алайда, таяу жылдарда "Қазақойл-Ақтөбе" компаниясы (Әлібекмола және Қожасай кен орындары) ірі газ жеткізуші болуы мүмкін және өңір газ экспортері болған кездегі маңызды кезең Ұрықтау газконденсатты кен орнын әзірлеу болып табылады.

Жылына 1,4 млрд. текше м дейінгі қуаттылықтағы екінші кезегін Жаңажол ГӨЗ пайдалануға қосумен және жаңа Жаңажол ГӨЗ, сондай-ақ "Әлібекмола" және "Қожасай" кен орындарында зауыт салумен, бағасы 40-42 АҚШ доллары тұратын өзбек газының импортынан бас тартып өңірдің тұтынуын меншікті ресурстармен қамтамасыз ету проблемасы толығымен шешілетін болады.

Жұмыс істеп тұрған газ магистралдарының торабы мысалы, "Бұқара-Орал", "Жаңажол-Ақтөбе" қазірдің өзінде, жалпы саны шамамен 380 мың адам (облыс халқының жалпы санының 58%) 38 елді мекендер мен қалаларды газдандыруға мүмкіндік туғызды. Облысты газдандыру жоспары бойынша келешекте тағы да инвестициялаудың жалпы көлемі 5,5 млрд. теңге сомамен жоғары қысымды төрт газ құбырларын салу көзделінеді: "Ақтөбе-Мартөк" (17 елді мекенге газ беретін 72 км), "Ақтөбе - Байғанин" (70 км), "Ақтөбе-Новоалексеевка" (110 км).

Ақтөбе облысы, қажеттілігінің 25% Ресейден жеткізілім есебінен жабылатын, электрге тапшы өңір болып табылады. Электр энергиясына аймақтың қажетсінуінің одан әрі өсуі фондында жаңа генерирлеуші қуаттардың жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңаларын салу, мысалы, "Жаңажол" кен орнында қуаттылығы 48 МВт электр станциясын салу. Сонымен қатар Ақтөбе қаласында 570 МВт қуатпен ТЭС салу жобасы пысықталуда.

Тұтастай алғанда газдандыру жөніндегі қабылданған шаралар фондында облыстың, өнеркәсіптік өндірістің және орташа жалақы республикалық орташа деңгейден 18,7% артық болатын облыстың жергілікті бюджетіне түсімнің оң серпіні газ тұтыну көлемдерін арттырудың жоғары әлеуетіне ие болып отыр.

Сайып келгенде, халықтың ақшалай кірістерінің жыл сайын 4% астамға өсуі және облыс бойынша газ тұтынудың 3-7% өсу үрдісі қалыптасқан кезде өнеркәсіптің дамуымен 2010 жылға таман облыста газды 1.8 млрд. текше м. деңгейінде тұтыну көлемінің ұлғаюын күтуге болады.

Республиканың Оңтүстік аймақтарын газбен жабдықтау

Ағымдағы кезеңде республикадағы өзекті проблемалардың бірі дәстүрлі түрде Өзбекстаннан газ жеткізілімдері жүзеге асырылатын оңтүстік облыстарды газбен тұрақты қамтамасыз ету болып қалады. Оңтүстік өңірдің қалыптасқан тәуелділігі алдын ала төлеумен жағдайларында 40 және одан көп АҚШ доллары бағасымен импортталатын газ жеткізілімі шарттарында, сондай-ақ өтпелі экономика кезеңінде жоғары бағаның (80-84 АҚШ доллары) жай-күйі. Жекешелендіру кезеңінде газ шаруашылықтарында құрылымдық қайта құрулар шығындары да өзінің жағымсыз әсерлерін тигізді. Мұның барлығы оңтүстік өңірде газдың тұтыну деңгейін 1992 жылғы 5,3-тен 2003 жылы 1,7 млрд. текше м дейін қысқартуға әкеп соқты.

Соңғы екі жылда тұтыну деңгейінің шамалы көтерілуі газ тұтынудың бұрынғы көлемін қайта қалпына келтіру проблемасын шеше алмайды. Бұған өңір

халқы кірістерінің салыстырмалы түрдегі төмен болуы кезінде импортталатын өзбек газына сақталып отырған жеткілікті жоғары бағалар ықпал ете алмайды.

Сондықтан, газ шаруашылығын қайта құру жөніндегі жүргізілетін жұмыстармен қатар ("ҚазТрансГаз" ЖАҚ өзінің еншілес компаниясы арқылы осы мақсаттарға Оңтүстік Қазақстан облысына, оның ішінде Қайнар поселкесінен Бадам станциясына дейін - 12 км газ құбырын салуға 5 млн. АҚШ долларын инвестицияланды). Оңтүстік облыстарға табиғи газды жеткізуді ұлғайтудың принципті шешімі жеткізілетін газ бағасының төмендету және газбен жабдықтаудың баламалы нұсқаларын пысықтау болуы тиіс. Сондықтан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Жамбыл облысындағы Амангелді газ кен орнын пайдалануға енгізу оңтүстік ауданда газбен жабдықтаудағы маңызды кезең болып табылады. Бұл өңірдің қажеттілігін меншік ресурстары есебінен 30% дерлік (600 млн. текше м. газ шамасында) қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оңтүстік облыстардың газ проблемасын шешудің екінші перспективалы бағыты Қазақстан Республикасының ҒА Геология институты мен геофизикалық компаниялар сарапшыларының бағалауы бойынша еркін газдың болжамдық қорлары 300,0 млрд. текше м дейінгіні құрайтын Солтүстік Аралдың перспективалық аумақтарында барлауды аяқтау болуы мүмкін. "Бұқара - Орал" МГ-нан "Шымкент-Алматы" МГ-на дейін жалғастырушы магистралды газ құбырын салу Қызылорданың тоқырауға ұшыраған аудандарын газдандыруға, сондай-ақ республиканың бірыңғай газ-көлік жүйесімен жоспарланып отырған "Құмкөл-Қызылорда" газ құбырын қосуға мүмкіндік береді.

Сондықтан оңтүстік өңірді газбен жабдықтаудың баламалы жобасын іске асырудың негізгі мәселелері:

Амангелді кен орнын игеруді жеделдету және Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарында газдың басқа кен орындарын әзірлеу жөніндегі техникалық-экономикалық негіздемені жүргізу;

Солтүстік Арал маңы аумақтарындағы геологиялық барлауды және Қытайға газ жеткізуді ескерумен "Шалқар-Шымкент" газ құбырын салу жобасын қайта қарауды аяқтау;

ауыстыру схемасын пайдаланумен көрші елдердің газ компанияларымен оңтүстік өңірге газ жеткізу жөнінде пысықтаулар болып қалуды.

Қазақстан Республикасының оңтүстік облыстарын газбен жабдықтауды тұрақтандыру бойынша кешенді шаралар қабылдау бірінші кезекте газ тұтынудың бұрынғы деңгейлеріне жақындатуға, атап айтқанда Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 800 млн. текше м, Жамбыл - 1000 млн. текше м, Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша - 950 млн. текше м деңгейге дейін бағытталуы тиіс.

Қызылорда облысы Оңтүстік-Торғай ойпатының кен орындарында жолай өндірілетін газдың жеткілікті ресурстарына ие бола отырып, тұрғындар үшін сұйытылған газды басқа өңірлерден жоғары бағаға сатып алады және облыс тұтынушыларын энергия ресурстарымен қамтамасыз етуде өткір тапшылықты өткеріп отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімдеріне сәйкес осы мәселелерді кешенді шешу, алауларда жыл сайын өңірдің экологиясына залал келтірумен 700 млн. текше м дейін ілеспе газ жағылатын жұмыс істеп тұрған мұнайгаз кен орындарынан алынатын ілеспе газдарды неғұрлым толығымен кәдеге жарату есебінен осы проблеманы шешу болжанып отыр.

"ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз" ААҚ "Торғай-Петролеум" ЖАҚ компаниялары және "Қазгермұнай" БК 2004 жылдың аяғына дейін газ өңдеу жөніндегі кешенді қондырғыларды және жылына 250 млн. текше м газға дейінгі транзиттік қуаттылығымен Қызылорда қаласына дейін газ құбырын салуды аяқтау. "Қуатамлонмұнай" БК-ның басқа кәсіпорындары, "КОР" ЖАҚ және "Ай Дан" ЖШС сол сияқты ілеспе газ қоры бар кен орындарында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізеді. Жоғарыда көрсетілген кен орындары бойынша газ қорларының жиынтығы шамамен 15 млрд. текше м құрайды, ал барлау кезеңінде тұрған перспективалық кен орындарын ескерумен осы өңірдегі газ қоры шамамен 40 млрд. текше м құрайды.

Оңтүстік-Торғай ойпатының мұнай кен орындарында ілеспе газды кәдеге жарату мен пайдалану жобасы ⁵ :

ілеспе газды өндіру осы газды жинақтау жүйесі және жылына 50 мың тонна дейінгі көлемде құрғақ және сұйытылған газ өндіру жөніндегі қондырғыларды монтаждау жүргізілетін әрбір кен орындарында құрылыс салуды;

2004 жылдан бастап 150 млн. текше м көлемде берумен 2006 жылға таман 300 млн. текше м дейін ұлғайту мүмкіндігімен тазартылған газды ең алдымен қаланы жылумен жабдықтау қажеттері үшін жеткізу үшін, ұзындығы 124 км Ақшабұлақ-Қызылорда магистралды газ құбырын салуды;

"ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз" ААҚ-ның (қазіргі кезде пайдалануға енгізілген) қаржыландыруымен Оңтүстік Құмкөл кен орнында қуаттылығы 55 МВт және құны 30,3 млн. АҚШ доллар тұратын газтурбиналық қондырғыны (Г Т Қ) салуды ;

Қызылорда қаласының тұрғын-үй секторын ішінара газдандырумен арзан электр және жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭО мен қалалық қазандықтарды табиғи газды жағуға қайта құрылымдау және көшіруді болжамдайды.

Облыстың өнеркәсіптік өнімі жалпы көлемінің 95%, 2000-дай адам еңбек

ететін, мұнай өндіруші кәсіпорындардың үлесіне тиесілігін ескере отырып, Ілеспе газды кәдеге асыру жобасын іске асыру маңызды әлеуметтік салдарларға ие болмақ. Атап айтқанда: коммуналдық қызметтер көрсету тарифін 2-3 есе төмендетуге, салық түсімін газды сату мүмкіндігіне қарай жылына 280 млн. теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді. Көрсетілген тарифтерді төмендету бюджеттік қаржыларды 180-200 млн. теңге сомасына үнемдеуге және оларды облыс тұрғындарына атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге жолдауға мүмкіндік т у д ы р а д ы .

Бұл ретте соңғы бірнеше жылдарда сақталып келе жатқан алауларда ілеспе газдарды бос жағудың экологиялық проблемасының шешілетіндігі өте маңызды. Мәселен, Энергопром ҒЗЖИ институтының бағалаулары бойынша әрбір 100 млн . текше м ілеспе құмкөл газын кәдеге жаратудан ластанған заттардың тастауларын 40,0 мың тоннаға дейін азайту әсеріне қол жеткізілетін болады.

Қостанай облысын газбен жабдықтау

Облыстың отын-энергетикалық балансында көмірдің үлесі 26%, ал табиғи газдың үлесі 13% құрайды. Облыс аумағы бойынша жалпы ұзындығы 238 км " Қарталы-Қостанай" газ құбыры өтеді. Соңғы жылдары өнеркәсіптік өндірісті қалпына келтірумен импортталатын табиғи газды тұтынудың артуы байқалады. Мәселен, тек соңғы жылда ғана облыста тұтыну 2003 жылдың қорытындысы бойынша 800 млн. текше м табиғи газды деңгейіне дейін өсті.

Облыста таяу жылдарға газ тұтыну болжамын анықтайтын негізгі газ тұтынушылар, бұрын жылына ЖЭО жұмысын есептеумен 1 млрд. текше м. дейін тұтынып Соколов-Сарыбай КБК сияқты энергетика және өнеркәсіптік кәсіпорындар болып табылады. Бұдан басқа, жаңа объектілерді пайдалануды іске қосу, мысалы, 2004-2009 жылдары Лисаковск қаласында шыны ыдыстарын өндіру және елді мекендерді одан әрі газдандыру күтіледі. Жергілікті органдар 2010 жылға дейін 3,0 мың абоненттерді қосумен және жергілікті қазандықтарды табиғи газға көшірумен 400 км жаңа газ құбырын салу жоспарлануда. Осы жұмыстарды қаржыландырудың болжанып отырған жалпы көлемі 2010 жылға дейін бір млрд. теңгеге дейінді құрауы мүмкін.

Барлық болжамданып отырған шараларды ескерумен болжам негізінде осы облыстар бойынша табиғи газды тұтынудың деңгейі 2010 жылдарға таман 1300 млн. текше м жуық газды құрауы мүмкін деп күтілуде (3.5-кестені қараңыз).

3.5-кесте. ҚР табиғи газды 2004 жылдан 2010 жылға дейін тұтыну болжамы

Облыстардың атауы	Факт 2003	Болжам (млн.м ³)

	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	
Алматы, Алматы қ.	720,3	790	820	850	880	910	950	
Жамбыл	368,9	400	500	610	700	800	1000	
Оңтүстік Қазақстан	177,3	300	400	500	600	650	800	
Барлығы:			Оңтүстік					
аймақ	1266,5	1490	1720	1960	2180	2360	2750	
Ақтөбе	1138,4	1300	1400	1500	1560	1600	1860	
Батыс Қазақстан	570,5	580	600	710	760	880	1000	
Атырау	638,1	700	700	840	900	1000	200	
Маңғыстау	1289	1390	1480	1630	1690	1820	2000	
Батыс		өңір			боша			
барлығы:	3636	3970	4180	4680	4910	5300	6060	
Қостанай	788	900	1000	1040	1140	1200	1300	
Қызылорда	0	30	150	300	300	250	200	
ҚР		бойынша						
Барлығы	5690,5	6390	7050	7980	9110	220	9680 10310	

Солтүстік Қазақстан. Ақмола облыстарын және Астана қаласын газбен жабдықтаудың перспективалық мәселелері

Қазақстан Республикасының солтүстік облыстарын газдандыру жобасы бірнеше рет және тәуелсіз Қазақстан құрылғаннан кейін әсіресе белсенді түрде қаралды. Бұрынғы "Петропавловск - Астана" мұнай өнімі құбырын қайта бейімдеумен Есіл қаласынан Петропавл қаласына дейін 530 мм диаметрмен және 5,3 МПа қысыммен ұзындығы 156 км жаңа газ құбырын салуды көздейтін жобалық шешім бар болатын.

Бұл бірінші кезекте транзит көлемін жылына 550 млн. текше м дейін жеткізумен Астанаға газ жеткізілімін 300 млн. текше м дейінгі көлемде (қосымша КС салудан кейін) қамтамасыз етуге мүмкіндік берген болар еді. Бұл ретте Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарына газ жеткізу жылына тиісінше 300 және 200 млн. текше м газды құрай алар еді. Жобаны іске асыру құны 115 млн. АҚШ доллар шамасында бағаланған.

Бұдан басқа, жергілікті бюджет қаржыларына екі қаланы - Астана және Көкшетау қалаларын газбен жабдықтаудың бас схемалары әзірленген болатын. Мысалы, Астана қаласы бойынша 400,0 млн. текше м газға дейін қажеттіліктің есеп айырысуы кезінде 28,5 млн. АҚШ доллары сомасына құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау көзделеді. Сондай-ақ Көкшетау қаласын және Ақмола облысының ішінара елді мекендерін газбен жабдықтау схемасы бойынша бірінші кезеңде жұмыстардың жалпы құны 8 млн. АҚШ доллары тұратын екі жүйе

құраушы газ құбырын салумен жылына 255 млн. текше м газ жеткізу ж о б а л а н а д ы .

Алайда, бірлескен қазақстандық-ресейлік "ҚазРосГаз" ЖАҚ кәсіпорнының құрылуымен газды Қытайға экспорттауды ескерумен Астана қаласына берудің жаңа алғышарттары жасалып отырғанмен, Ресейден газ жеткізілімінің белгісіздігінен жоба тоқтатылған болатын.

Қазақстан Республикасының сұйытылған газға қажеттілігін қамтамасыз ету перспективасы

Қазақстанда сұйытылған газ өндіру бойынша жаңа қуаттарды енгізу ұзақ мерзімді перспективада (3.2-кесте) ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз (қандай да болсын шектеусіз) етуге мүмкіндік береді. Сұйытылған газ өндірісінің қол жеткен көлемі қазірдің өзінде-ақ экспортты ұлғайтуға және оның импортын қысқартуға мүмкіндік берді.

Сұйытылған газ тұтыну мүмкіндігінің рыногын зерттеу таяу келешекте республикада қалыптасқан бағалардың деңгейі (1 тонна үшін 250-300 АҚШ доллары) энергия тасымалдаушылардың осы түріне арналған әлемдік бағалардың (сыртқы рынокқа дейінгі көлік шығындарын ескерумен) деңгейіне қазірдің өзінде сәйкес келеді. Сайып келгенде, сұйытылған газдың ішкі рыногы бағаның кезеңдік көтерілуін басынан өткізіп отырып, бағалық өлшемдер бойынша халықаралық рынокқа бейімделді. Бүгінгі күні сұйытылған газ саласында бизнеспен айналысатын көптеген жеке кәсіпорындардың нарықтық қатынастарда табысты жұмыс істеп жатқан фактілері осы рынокта бағалардың тұрақтануын болжауға мүмкіндік тудырады.

Сонымен бірге, әдеттегідей монополияға қарсы заңнама шеңберінде тұтынушылар тобына газ жеткізудің үзілісін болдырмау немесе жекелеген кезеңдерге бағалардың негізсіз артуына ұшырамас үшін өңірлік деңгейде сұйытылған газ жеткізу рыногында басым орын алатын субъектілердің қызметін реттеуді жетілдіру мәселелері қалып отыр.

Сұйытылған газды тұтынудың қол жеткен деңгейі кезіндегі сұйытылған газды тұтынудың қалыптасқан өсу үрдісі (90-жылдардың басында шамамен жылына 700-800 мың тоннаны құрады) сұйытылған газдың іс жүзінде Қазақстанның барлық аумағында және әсіресе табиғи газ жеткізілімі мүмкін емес облыстарда маңызды энергия тасымалдаушы болып қалатындығын куәландырады. Сұйытылған газ сол сияқты республиканың дамушы мұнай-химия өнеркәсібі үшін аса маңызды шикізат болып табылады және көбінесе мотор отыны ретінде пайдаланылады.

Эксперименталды түрде қозғалтқыштарды бензиннен сұйытылған газға аудару көміртек тотықтары тастауларының көлемін бес есе және жанбаған көмірсутектерін екі есе төмендетеді. Сұйытылған газдарда қорғасын жоқ,

күкірттің басқа металдардың, хош иісті көмірсутектердің және т.б. тотықтарының құрамы өте төмен. Газ отындарының жанған өнімдерінде іс жүзінде қозғалтқыштың тоқайласқан бөлшектерінің қосымша тозуын тудыратын қатты көміртек бөліктері болмайды.

Мотор отыны ретінде СПГ көшудің әлемдік үрдісі тұрақты. Таяу болашақта сұйытылған газды пайдаланатын СПГ көлік құралдарының саны 1,2-ден 6,5 млн. бірлікке жетеді деп күтілуде. Көптеген шетелдік зерттеулерде қозғалтқыштарда СПГ қолдану парниктік тастаулардың 20% қысқартуға мүмкіндік беретіндігі туралы қорытынды жасалды. Көптеген еуропа елдері қозғалтқыштардың бензинмен жұмысы кезінде жану өнімдерінің тастауларын шектейтін едәуір қатаң ережелерді енгізді. Сұйытылған пропан мен бутан бензинмен салыстырғанда едәуір жоғары октандық санға ие болады, демек пропанда жұмыс істейтін қозғалтқыштар анағұрлым жоғары сығылуға және КПД қарағанда анағұрлым жоғары бензиндік қозғалтқышқа ие болады. Көлік құралдары қозғалтқыштарының шығарған газдарының улылық нормалары СПГ бүгіннің өзінде қозғалтқыштар үшін "Евро-4" экологиялық нормаларына сәйкестікті қамтамасыз ете алғанда барынша қатаң болып отыр. Жоғары пайдалану сапаларымен қатар газ отындары 1,5-2 есе төменірек құнға ие болады.

Қазіргі уақытта республикада толық емес деректер бойынша 30-40 мың тоннаға жуық сұйытылған (есеп берулер бойынша 23,7 мың тонна) және табиғи газды (сұйытылған газға қайта есептегенде) әлеуетті пайдалана алатын 17,5 мыңға жуық автомобильдер қайта жабдықталған. Алайда, қайта жабдықталған автомобильдер санының тым біркелкі еместігі (мысалы, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында 6 мың автомобиль қайта жабдықталған, ал Павлодар, Ақтөбе және бірқатар басқа облыстарда мұндай автомобильдер саны өте аз) автомобиль отыны ретінде сұйытылған және табиғи газдарда пайдалануды кеңейтудегі үлкен резервтер туралы куәландырады.

Газ отынының құрамында іс жүзінде бейтараптандырғыштар үшін католикалық улар болып табылатын (күкірттер, қорғасындар және т.б.) заттар жоқ. Табиғи газды пайдалану кезінде ластаушы заттардың пайыздық қатысты құрамы төмендейді, мысалы Nox бойынша 40%, Co бойынша 10% және күйе 5%. Қалыптасып отырған қайта жабдықталған автомобильдердің өсу қарқыны сұйытылған газды тұтынудың өсуін 2010 жылға таман жылына 200 мың тоннаға дейінгі деңгейге болжамдау мүмкіндігін береді.

Демек, мотор отыны ретінде сұйытылған газдарды пайдалану жөніндегі инфрақұрылымды дамытудың жан-жақты ынталандырылуы осы ресурстардың Қазақстан Республикасы үшін молдығын ескерумен мотор отыны ретінде сұйытылған және сығымдалған газды практикаға кеңінен енгізумен айналысатын кәсіпорындарды қолдау жөніндегі мақсатты шараларды қабылдауды талап ететін

өзекті міндет болып табылады.

Нәтижесінде 2010 жылға таман Қазақстан Республикасында сұйытылған газ өнімінің жыл сайынғы деңгейі жаңа қуаттарды (3.2-кесте) енгізуді ескерумен, 3,2 млн. тоннаға жуықты құрауы мүмкін (3.3-кесте) деп күтілуде. Мұның барлығы 2,4 млн. тоннаға дейін бос ресурстарға ие болып отырған республикаға 200 млн. АҚШ доллар жалпы сомаға энергия тасымалдаушының батыс рыногында жоғары сұраныспен пайдаланатын нақты экспорттаушы болуына мүмкіндік тудырады. (3.2-кесте).

3.2-сурет. 2010 жылға дейінгі болжамдық көрсеткіштерді ескерумен сұйытылған газды өндіру мен тұтыну серпіні (қағаз мәтінінен қараңыз)

3.2.2. Энергетикада және мұнай-химиясында газды пайдалануды кеңейту

Электр энергетикасында табиғи газды пайдалану

Табиғи газды пайдаланумен электр энергиясын өндіру, тіпті ірі меншік газ қорлары мен басқа ресурстары жоқ елдердің өзінде де барған сайын көп таралып отыр. Табиғи газды электр энергетикасында пайдаланудың негізгі басымдықтары жеткізудің қолайлылығы мен отынның осы түрін жұмыс режимдері өзгерген кезде пайдалану, өндіру құнының анағұрлым төмендігі болып табылады. 35% дейін жеке газ ресурстары бар дамыған елдердің өзінде электр энергетикалық ресурстардың табиғи газды пайдаланумен өндірілетіні кездейсоқ емес.

Қазақстанда көршілес республикалардан жеткізілімдерді ескерумен электр энергиясын тұтынудың шырқау биігі 1990 жылға келеді және станциялардың меншікті тұтынуын және шығындарды қоса алғанда, шамамен 100 млрд. кВт-сағ. құрайды. Электр энергиясын тұтынудың кейінгі төмендеуі электр энергиясын тұтынудың жалпы көлемдегі үлесі шамамен 75% құраған, өнеркәсіптік өндірісте құлдырауы есебінен болды.

Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесін 2015 жылға дейінгі перспективасымен 2010 жылғы кезеңге дейін мен Отын энергетикалық кешенін жаңа қуаттарды енгізумен 2015 жылға дейін дамыту дамыту бағдарламасына сәйкес электр энергиясын өндіру 2010 жылға таман 80 млрд. кВт.с. асуы мүмкін (3.6-кесте).

Солтүстік және оңтүстік аймақтарды электр энергиясы арттыру негізінен энергия блокты электр станцияларында (КЭС), батыс аймақта - газ турбиналы электр станцияларында (ГТЭС) күтіледі.

3.6-кесте. Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру және тұтыну

млрд. кВт.с.

	1990	1995	2000	2005	2010
Өндіріс	83,0	63,2	51,4	67,1	80,36
Тұтыну	100,4	70,6	54,4	65,6	78,0
-импорт/+экспорт	-17,4	-7,4	-3,0	+1,50	+2,36

Батыс Қазақстанның облыстары үшін импорт бойынша электр энергиясының жеткізіліміне тәуелді және осы облыстар газ-энергетикалық қуаттарын дамыту үшін ілеспе газдың артық арзан ресурстарына ие болса энергетикалық қуаттарды дамыту проблемасы ерекше өзекті болып қалмақшы. Осылайша, жеке ресурстарды пайдаланудың экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету және осы өңірдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мәселесі тұр. Тұтастай алғанда, электр станцияларында электр энергиясы мен жылу өндіру үшін газды пайдаланудың 2010 жылға таман үш еседен артық өсетіндігін, өз кезегінде тұтынатын отында газ үлесін 13,4%-дан 21% деңгейге дейін ұлғаюын күтуге б о л а д ы .

Артық газ қорларына ие болып отырған, оның сыртқы рыноктарға тасымалдауының шектеулі мүмкіндіктері кезінде Қазақстанның жағдайы үшін газ энергетикасын дамытудың тағы бір бағыты "құбырлар бойынша" газ экспортының, яғни арзан табиғи газдан өндірілген электр энергиясының экспортының перспективасы болып табылады. Бұл ретте, Қазақстанның дамыған елдер рыногынан қашықтығынан 1000 км дейінгі қашықтықта электр энергиясы транзитінің тиімді болуы мүмкін екендігін ескере отырып, электр энергиясын жеткізу бойынша алмастыру схемасын, мысалы ресей энергия жүйесімен жұмыста қолдануға болады.

Сондықтан мұнайгаз инфрақұрылымының жаңа объектілерін жұмысқа енгізу шеңберінде, негізінен Батыс Қазақстанда электр генерирлеуші қуаттарды салудың нақты жобалары әзірленуде. Мысалы:

2005-2010 жылдары генерирлеуші қуаттарды кезеңмен енгізумен кен орнының операторы жүзеге асыратын қуаттылығы 120 МВт Қарашығанақ кен орнында БТЭС салудың 2-кезеңі;

Орал қаласындағы екі жоба: ТЭН-ін "Индепендент Пауэр Корпорейшн" компаниясы орындайтын қуаттылығы 140 МВт ГТЭС және 27 МВт-ға арналған ГТУ - жобасын парниктік газдардың бөлінуін төмендетуге байланысты Киот келісімі шеңберінде жапон энергетикалық компаниясы жүзеге асырады;

2008-2010 жылдары іске қосу мерзімімен 70 МВт дейінгі қуатпен Атырау ЖЭО - дағы ГТҚ ;

56 МВт қуатымен Жаңажол кен орнындағы ГТҚ, 2004-2005 жылдары іске

қосумен "СНПС - Ақтөбемұнайгаз" жүзеге асырады;
үш ГТҚ блоктарымен 40 МВт бойынша және 2008 жылы іске қосумен Теңіз
к е н о р н ы н д а ғ ы Г Т Э С ;

280 МВт қуатымен 2007 жылы кезеңді іске қосумен Қашаған МӨЗ
ж а н ы н д а ғ ы Г Т Э С ;

55,5 МВт бойынша 2004 жылдың соңында іске қосумен қуатымен Құмкөл кен
о р н ы н д а ғ ы Г Т Қ .

Жаңадан енгізілген ГТҚ және ГТЭС жиынтық қуаты 900 МВт астам болуы мүмкін екендігін ескере отырып, 2010 жылға таман осы Қондырғылардың жұмысын қамтамасыз ету үшін ғана 2,2 млрд. текше м астам газ талап етіледі. Салыстыру үшін қазіргі уақытта электр энергиясын өндіруге барлығы 0,6 млрд. текше м. жуық газ пайдаланылады.

Бұдан басқа, бұрыннан бар және жаңадан енгізілетін энергетикалық қуаттардың жылу энергетикасында газды пайдалануды ұлғайту газда өндірілген әрбір кВт.с. көмірді пайдаланумен салыстыруда атмосфераға тастауларды CO_2 бойынша (парниктік әсерді тудыратын) 0,5 кг-ға төмендетеді, электр энергиясын өндіру кезінде көмірді газға алмастыру кезінде тастаулардың жалпы төмендеуі шамамен 3,8 млн. тоннаны құрайды. Одан басқа, оттегінің артық құрамы болатын арнайыландырылған жылу пештерінде және газтурбиналарда жағу арқылы табиғи газды кәдеге жарату кезінде оттегінің артық құрамы жасалатын метан мен ілеспе компоненттерінің толық жану пәрменділігіне қол жеткізіледі, бұл бір мезгілде іс жүзінде көміртек тотығының (СО) залалды заттарының тастауларын жояды және газда кездесетін күкіртсутек қосылыстарын бейтараптандырады.

Мұнайхимия өнеркәсібінде газды пайдалану

Отын энергетикалық ресурстардың жалпы құрылысында химия және мұнай-химия өндірісінде пайдаланылатын газ шикізатының үлестік салмағы 2001 жылдың қорытындысы бойынша не бәрі 7% құрайды. Дүниежүзінің көптеген елдерінде, әсіресе тегі мұнай болып келетін газ (ілеспе газ) мұнай-химиялық өндірістерде кеңінен пайдаланылады. Мысалы АҚШ-да мұнай көмірсутектері мен ілеспе газдан 80% астам каучук, 75% жоғары аммиак, 75% этил спирті және басқа да синтетикалық өнімдер өндіріледі. Қазақстанның ілеспе газының ерекшелігі мұнаймен қоса өндірілетін газ бағалы химиялық шикізат болып келеді.

Қазіргі уақытта мұнайхимия өнеркәсібіндегі негізгі өнімдер мыналар болып табылады: пластмассалар және түрлі полимерлер, синтетикалық каучук және ауылшаруашылығы үшін тыңайтқыштар, жоғары сапалы жанар-жағар материалдар, хош иісті көмірсутектерінің түрлі кешендері және т.б.

Республикада шикізатқа өте зәру мынадай өндірістер жұмыс істеуде немесе қалпына келтіру сатысында тұр:

1. "Пластмассалық массалар зауыты" ЖШС, Ақтау қаласы;
2. "Полипропилен зауыты" ЖШС, Атырау қаласы;
3. "Сараньрезинотехника" ААҚ, Сарань қаласы, Қарағанды облысы;
4. "Қарағандырезинотехника" ЖШС, Сарань қаласы, Қарағанды облысы;
5. "ИнтерКомШина" ААҚ, Шымкент қаласы.

Ақтау "Пластикалық массалар зауыты" (АКПО) технологиялық жабдықтармен этан мен пропаннан 100 мың тонна этилен, 300 мың тонна этилбензол, 300 мың тонна стирол, 54 мың тонна соққыға төзімді және полистирол, 100 мың тонна көпірмелі полистирол өндіру үшін жабдықталған болатын.

Атырау "Полипропилен зауыты" жылына 30 мың тонна пропилен шығаруға есептелген еді. Қазіргі уақытта зауыт ресей инвесторының қатысуымен қалпына келтіру кезеңінен өтуде және қайта құрудан кейін оның қуаттылығы жылына 60 мың тоннаға дейін ұлғаятын болады. Алайда бірінші кезеңде қуаттарды іске қосу ресей шикізатының жеткізілімдерінде жүргізу болжамдалады.

"Қарағандырезинотехника" ЖШС және "Сараньрезинотехника" ААҚ жасанды каучук шығара отырып "Карбит" ЖШС өндіретін шикізатпен жұмыс істеді. Қазіргі уақытта "Карбит" ЖШС банкротқа ұшырауына байланысты шикізат Ресейден жеткізіледі.

2004-2010 жылдарғы кезеңдерге арналған Қазақстанның мұнай-химия кәсіпорындары үшін дәстүрлі өнеркәсіпті жаңарту және жаңа шикізат базасын құру Қашаған және Каспий қайраңының басқа да кен орындарының өнеркәсіптік аймағына жақын маңнан алынатын ілеспе газды тереңдетіп өңдеу бойынша мұнай-газ-химия кешенін салу жөніндегі шаралар кешенін пысықтауды талап етеді. Бұл кешен этилен, пропилен, ацетилен, бензол, ксилол және т.б. бастапқы мұнай-химия өнімдерін алу үшін шикі газды өңдегеннен кейін этан, пропан, бутан және басқа қажетті фракцияларды жеткізуші болуы тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, "Қазмұнайхим" ЖШС әзірлеген, келешекте өндірістік инфрақұрылымға қажетті қайта өңдеу кешенінің орнына иелік ететін Ақтөбе облысының Жем қаласында полиэтилен мен полипропиленді (жыл сайын 600 мың тоннаға дейінгі көлемде) өндіруді ұйымдастыру жобасы перспективалы болып көрінеді.

Полиэтилен тұрбалары мен пластмассадан жасалған басқа материалдар өндіру перспективасы

Соңғы жылдары сарапшылардың бағалауы бойынша пластикалық массадан жасалған түрлі бұйымдарды тұтынудың жылдық орташа өсуі шамамен 7% құрайды және болжам бойынша жуық жылдарда оларға деген тұрақты сұраным

сақталады. Бұл ретте (өндірістің дүниежүзілік деңгейі жылына 100 млн. тоннаға жақындаған) анағұрлым массалы полимерлерге полиэтилендер, полипропилендер, полистирол, фенопластар және карбит полимері жатады.

Республикада барлық полистирол өнімдерінің өндірістері импортталатын шикізатқа негіздегендігін ескере отырып, мұнай-химиясын дамытудың маңызды бағыты этанол мен полиэтилен алу үшін (теңіз газының құрамында жеткілікті шамада - 11% дейін болатын) өндірісін ұйымдастыру болып табылады. Полиэтилен өнімін негізгі тұтынушы, соңғы жылдары орта және төмен қысымды газ құбырлары үшін полиэтилен тұрбалары мейлінше кең қолданылатындықтан, бірінші кезекте осы газ саласының өзі болады, ал Қазақстан Республикасының тұрба құбырларының 80% жуығы айырбастауға жатады.

Мысалы Атырау облысында агрессивті топырақты орта жағдайында полиэтилен тұрбалары анағұрлым тиімді болып шықты. Қызылорда қаласын газдандыру жобасы да полиэтилен тұрбаларын қолданумен орындалған. Қолда бар аймақтық бағдарламалар мен жергілікті органдардың қолда бар өңірлік бағдарламалары бойынша республика бойынша орташа алғанда жылына ұзындығы 5000 км газ құбырлары ауыстыру және жаңаларын салу қажет. Қазақстан Республикасының Ұлттық агенттіктің деректері бойынша тек соңғы жыл үшін ғана 1999-2001 кезең үшін полиэтилен тұрбаларының импорты 15,6 млн. АҚШ доллары жалпы сомасына алты мың тоннадайды құрады, ал пластмасса тұрбалар мен бұйымдар шығару үшін бастапқы нұсқадағы полиэтилен 16 млн. АҚШ доллары сомасына 18,3 мың тоннаны құрайды.

Полиэтилен тұрбаларының басымдығы тіпті шикізат болмай қалған және импортқа баға жоғары болған жағдайдың өзінде қазақстан компанияларының соңғы жылдары іс жүзінде барлық қалаларда полиэтилен өнімдерін өндіру үшін жаңа өндірістік қуаттар салу сұранымына ие болуымен расталады. Соның куәсі ретінде Атырауда полиэтилен тұрбаларын өндіру жөніндегі "Теңізшевройл" БК зауытының пайдалануға енгізілуі болып табылады.

Мұның барлығы полиэтилен бұйымдарын, атап айтқанда: гранула түріндегі жоғары және төмен қысымды полиэтилен шығару үшін бастапқы шикізатты өндірісін ұйымдастыру қажеттігі туралы мәселені алға тартады. Осыған байланысты, жобаланып отырған Қашаған немесе Теңіз МӨЗ жақын жерден этан, этилен және пропилен алу жөніндегі зауыт салуды көздейтін, "Қазақ Ресей инвестициондық бағдарламасы" (КРИБ) инвесторларының қатысуымен инвестициялық бағдарлама анағұрлым келешекті болып көрінеді.

Импорт алмастыру бағдарламасының шектерінде республиканың ішкі сұранымын қамтамасыз ету үшін полимердің негізінде полимер тұрбалары мен бұйымдардың меншік қуаттарын дамыту көкейкесті және экономикалық негізделген міндет болып табылады. Оның үстіне барлық осы өнімдер әлемдік

рынокта маңызды сұранымға ие болып отыр. Сайып келгенде осы жобаларды іске асыру кезінде мемлекеттік сатып алулар жөніндегі конкурс өткізу кезіндегі басымдылық отандық өндірушілерге берілуі қажет.

Кәдімгі күкірт және минералдық тыңайтқыштар өндіру. Қазіргі уақытта табиғи газ тыңайтқыштар өндіру кезінде отын ретінде пайдаланылады. 2001 жылдың қорытындысы бойынша осы мақсаттарға 147,3 млн. текше м табиғи газ және барлығы 32 тонна сұйытылған газ тұтынылған болатын. Сонымен бірге республика күкірт қышқылын алу мен минералдық және азоттық тыңайтқыштар жасау үшін кәдімгі күкірт пен азот жеткізуге іс жүзінде шектеусіз мүмкіндікке ие болып отыр. Кәдімгі күкірт алынатын газдың ілеспе элементі ретінде Батыс қазақстанның барлық кен орындарында болады. Азот сондай-ақ Жамбыл кен орындары тобының ілеспе элементі бола отырып азоттық тыңайтқыштарды өнеркәсіптік жолға қою үшін алынуы мүмкін.

Күкіртті іске жарату мәселесі ерекше назар бөлуді талап етеді. Мысалы тек Теңіз кен орындарында ғана ашық аспанның астында қоймаланған күйде 8,0 млн. тоннадан астам қоршаған ортаға маңызды қауіп туғызатын техникалық күкірт жатыр. Сондықтан газ өндіру орындарында міндетті түрде күкіртсутекті газдан тазартуға талапты күшейту және күкіртті түйіршектеу технологиясын енгізу толығымен ақталған шара болып табылады. 2002 жылы жылына 150 мың тонна қуаттылығымен жоғары сапалы қабыршақты күкірт өндіру жөніндегі Қондырғыны іске қосумен жағдай бір шама өзгеріп келеді және 2003 жылы түйіршектелген күкіртті өндірісінің басталуымен принципті түрде күкіртті пайдаға асыру проблемасы шешілген болатын.

Метанол өндіру. Қазақстанда технология жағынан табиғи газдың негізінде жасалатын метанол (метил спирті) өндіруді ұйымдастыру бүгінгі күні ең бір көкейкесті мәселе болып көрінеді. Ең бастысы осы химиялық өнімді негізгі тұтынушы мұнайгаз өнеркәсібі кәсіпорындары болып табылады. Бұл ретте статистика, осы өнімнің жоғары улылығынан тасымалдауды ұйымдастыру мен кедендік рәсімдерді орындаудың аса қиын екеніне қарамастан, метанол импортының жыл сайын өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Сайып келгенде, 2001 жылдың қорытындысы бойынша Ресей мен Өзбекстаннан 3,0 млн. АҚШ доллары жалпы сомасына 10.0 мың тоннадай метанол импортталды. Қазіргі уақытта анағұрлым оңайлатылған технологияның негізінде метанол алуда жаңа әзірленімдер бар. Мысалы Украинада табиғи газ бен ауадан метанол алу қондырғысының пилоттық жобасы жұмыс істейді. Мұндай пысықтауларды Жаңажол кен орындарында Донецкінің жобалау институтымен ынтымақтастықта "СНПС - Ақтөбемұнайгаз" ААҚ жүргізуде.

3.2.3. Табиғи газды өндірудің, тұтынудың, экспорты мен импортының перспективалы балансы

Табиғи газ алу мен өндіру және салалар мен өңірлер бойынша оның мүмкін болатын тұтынылуының талдауы перспективасынан шыға отырып, республикада энергия ресурсының осы түрі жеткілікті деген қорытынды жасауға болады. Табиғи газды өндіру мен тұтыну балансынан көрініп тұрғанындай республика өзінің меншік ресурстары есебінен табиғи газға деген ағымдық сұранымды жабуға қабілетті (3.7-кесте). 2010 жылға таман тіпті газ тұтынудың бұрынғы деңгейін қалпына келтіруді есепке алумен республика 12,7 млрд. шаршы метрге дейінгі көлемде экспорттық ресурсқа ие бола алады.

3.7-кесте. Қазақстан Республикасында табиғи газды өндірудің тұтынудың, экспорты мен импортының перспективалық балансы
(млрд . м³)

Газ ресурстарының көздері және тарату	Факт*		Болжам			
	1995	2003	2004	2006	2008	2010
I. Барлық ресурстар:	15,0	14,7	17,2	17,7	24,6	31,8
1. Тауарлық көлемі	газ		өндіру			
2. Табиғи газ көлемі	5,9	12,0	14,4	15,0	21,6	28,1
Соның ішінде Ресейден	газ импортының					
Түркіменстаннан	9,1	2,7	2,8	2,7	3,0	3,7
Өзбекстаннан**	1,8	1,4	1,6	1,3	1,3	1,6
II. Газ тарату көлемдері	3,9	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
1. ҚР жеткізілім	3,9	1,3	1,2	1,4	1,7	2,1
2. Технологиялық мұқтаждықтарға	12,5	8,7	10,0	10,2	14,8	19,1
3. Экспорт көлемі	7,3	5,7	7,0	7,2	11,3	15,6
	5,2	3,0	3,0	3,0	3,5	3,5
	2,5	6,0	7,2	7,5	9,8	12,7

* - ҚР Статистика жөніндегі деректерінің негізінде

** - Өзара жеткізілім туралы келісімге қол қою кезінде газ импортына қажеттілік болмайды

Осы жағдайда ескере отырып Газ саласын дамыту бағдарламасын іске асырудағы басымдықты бағыт қымбат тұратын ресей және өзбек газының

импортын азайту және өндірілетін газды барынша өңдеу есебінен экспорттық ресурстарды өсіру мен оны өңдеу мен тасымалдау кезінде технологиялық ысырапты төмендетті болып табылады.

Қарашығанақ және Теңіз кен орындарында газ өндірудің өсіп отырған көлемі республиканың батыс облыстарының қажеттерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. "ҚазТрансГаз" ЖАҚ атынан газ тасымалдау жүйесінде ұлттық оператор пайда болуымен және ресей тарапымен бірлесумен "ҚазРосГаз" ЖАҚ кәсіпорнының құрылуымен ресей және өзбек компанияларымен 1992-1997 жылдардағы практикада қалыптасқан өзара ынтымақтастықта газ жеткізілімдері туралы өзара тиімді келісімге қол жеткізудің мүмкіндігі пайда болады. Бұл Қазақстан Республикасының тұтынушыларына неғұрлым арзан ішкі газ ресурстарының жеткізілімін ұйымдастырумен ресей және өзбек газының импортын толығымен болдырмауға мүмкіндік береді.

Бірінші кезекте газ жүйесінде қалыптасқан технологиялық өзара тәуелдігін ескере отырып, әзірше Ресей мен Өзбекстаннан ішінара газ импортымен газбен қамтамасыз етудің аралас нұсқасы мүмкін болып көрінеді. Ең соңында табиғи газ импортының көлемі ел ішінде және көрші елдердің жеткізушілерінде қалыптасқан бағалары деңгейінің ара қатынасына, сондай-ақ газ жүйелері операторлары мен мемлекеттік органдарының уағдаластықтарының болуына байланысты болмақ.

3.3. Магистралды газ құбырлары жүйесін жаңғырту және дамыту

Қазақстанның бұрынғы бірыңғай бүкіл одақтық газ көлік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде жұмыс істеген қазіргі бар газ құбырлары схемасы негізінен Орта Азиядан Ресейдің Еуропа бөлігіне, Украинаға және Закавказия мемлекеттеріне табиғи газдың транзиттік ағымына қызмет көрсетеді. Негізгі газ магистралдарының арасындағы қосылыстардың болмауы газдың артық көлемін қайта бөлу үшін республика өңірлері арасындағы газдың қажетті қайта ағымын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Сондықтан газдың ішкі ресурстарын қайта бөлу үшін орнын ауыстыру (айырбастау) жолымен газдың ағымы немесе оны жеткізу жөніндегі барлық операциялар іс жүзінде тек ТМД елдерімен шектес барлық газ жүйесі операторларымен арнайы келісімдер мен шарттардың негізінде ғана орындалуы мүмкін. Сонымен бірге мұндай схемаларды іске асыру кезінде осындай уағдаластықтардың тұрақсыздығын ескере отырып, мысалы мүмкін болатын технологиялық себептермен немесе тараптар мүдделілігінің қайшылығымен байланысты негізгі газ магистралдары арасында жалғаушы газ құбырларын салумен қазіргі бар газ-көлік жүйесін қайта құрылымдау бойынша қажеттілік туады.

3.1.1. Жаңа газ құбырларын қайта құрылымдау және салу

Жұмыс істеп тұрған газ-көлік жүйесін қайта құрылымдау және салу

Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының газ-көлік жүйесінің операторы (концессияда магистралды газ құбырларының 98% бар) - "Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ (ИОА) осы жоспардың іске асырылуына 2010 жылға дейін 1,5 млрд. АҚШ долларымен жалпы қаржыландыру көзделіп отырған, газ-көлік жүйесін қайта құрылымдау жоспарының жобасын әзірледі.

Магистралды газ құбырлары бойынша газдың халықаралық транзиті жалпы көліктік жұмыстардың 90% астамын құрайтынын және компанияның алатын кірістерін ескере отырып "ҚазТрансГаз" ЖАҚ-ның еншілес кәсіпорыны "ИОА" қызметінің негізгі бағыты қазіргі магистралды газ көлік жүйесін түбегейлі қайта құрылымдау және қосымша газ құбырлары мен компрессорлық станциялар (КС) салу болады. Бұл ретте елдің геосаяси сонымен бірге коммерциялық саяси маңызы бар негізгі газ-көлік магистралі "Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ ("ИОА") болып табылады (3.8-кесте).

3.8-кесте. "САЦ" МГ бойынша газ тасымалдаудың болжамдық көлемдері млрд. м

Республикалардың және кен орындарының атаулары	2005 жылға	2010 жылға
Түркіменстаннан	50,0	70,0
Өзбекстаннан	3,0	5,1
Қазақстаннан,	4,4	13,1
газды, соның ішінде:		
Қашаған	1,2	8,3
Теңіз	3,2	4,8
Барлығы:	57,4	88,2

Қазақстан Республикасының аумағында "ИОА" ЖАҚ магистралды газ құбырының өткізгіштік қабілеті мен сенімділігін арттыруды ұлғайту мақсатында алдына ала:

1. Газ құбырларын қалпына келтіру және оларды қатты тотығып тозған тұрбалардың жекелеген бөліктерін ауыстырумен пайдалануға жарамды техникалық жағдайға келтіру, сондай-ақ электрлік химиялық қорғаныш жүйесін және трасса бойындағы электр беру желілерін (ЭБЖ) және т.б. қалпына келтіру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар кешенін жүзеге асыру;

	жүйесін енгізу	122,8	25,0	20,4	18,9	17,6	9,1	20,9	10,9
3	Техникалық қай.								
	та жаңғырту:	326,1	68,7	67,3	42,2	45,2	30,8	18,2	53,7
3.1	ОАО газ құбыры								
	желісінің								
	линиялық								
	бөліктері	96,0	22,0	22,0	10,0	10,0	10,0	0,0	22,0
3.2	компрессор цех.								
	тарын жөндеу:	215,0	43,4	42	30,9	33,9	19,5	16,9	28,4
3.3	жабдықтарды								
	жөндеу және								
	сатып алу	6,0	2,0	2,0	0,0	0,0	0,0	0,0	2,0
3.4	Электрхимия.								
	лық қорғау								
	құралдарын								
	жөндеу	9,1	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3
4	Диагностикалық								
	және іске қосу								
	жұмыстары,								
	экология								
	Барлығы:	13,6	2,8	2,5	1,9	1,6	1,7	0,6	2,5

"Орта Азия-Орталық" (ОАО) магистралды газ құбыры бойынша капитал салудың осы жоспары 2010 жылға дейін алдын-ала болып табылады. Қазақстан Республикасының табиғи монополия туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық бағдарламалар табиғи монополиялар субъектілері Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу агенттігімен келісілуі тиіс.

Елді газбен ішкі жабдықтау газ құбырлары тораптарын кеңейту
Республика тұтынушыларын газбен жабдықтауды дамыту жөніндегі міндет пен газдың меншік ресурстарын жеткізудегі энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету ішкі магистралды газ құбырлары торабын жеткізуші және жалғастырушы газ құбырларын салу арқылы одан әрі дамыту қажеттілігін болжайды. Нәтижесінде республика ішінде газ ағыны мүмкіндігін алу үшін газ жүйесінің технологиялық біртұтастығы қамтамасыз етілуі тиіс.

Мәселенің мәнісі, республика елдің барлық өңірлерін Қарашығанақ және Теңіз кен орындарының газымен қамтамасыз етуге толық мүмкіндікке ие екендігінде. Алайда, ең басты проблема бұл кен орындарының Оңтүстік және Солтүстік өңірлердің табиғи газды тұтынушыларынан айтарлықтай географиялық қашықтығы болып қалып отыр ал жаңа газ құбырларының жобасы

мол капиталды қажетсінеді және 20 жылдан астам ұзақ мерзімде ғана өзін ақтауды талап етеді.

Қазіргі уақытта пайдаланылмайтын бөлігі бойынша газ құбырларын түгендеу және консервациялаудан кейін таратушы торап бөлігінде қолданыстағы барлық өңірлік газ құбырлары мен ондағы құрылыстарды қалпына келтіру және жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру көзделеді. Аталған жобалар мыналарды көздеуі тиіс:

таратушы газ құбырларындағы болат тұрбаларды полиэтилендіге ауыстыру;
әрбір тұтынушыға есептеу құралдарының жаңа буындарын енгізу;
қысымды қажет деңгейге дейін төмендету үшін төменгі қысым тұрбаларынан тұтыну орынында ШГРП-мен жабдықталған орта қысымды тұрбаларға көшу;
газ тұрбаларының орналасу схемаларын өзгерту (сақиналау);
жаңа (полиэтилен) тұрба құбырларды пайдалану жөніндегі нормативтік және техникалық құжаттаманы әзірлеу.

Ішкі рынокты дамыту және өңірлерді болашақ газдандыру бағдарламасын іске асыру үшін магистралды және таратушы газ құбыр желілерін тиімді дамыту мен жетілдіру жөніндегі барлық шаралар кешенін үйлестіру қажет етіледі. Бұл үшін бастапқы кезеңде "ҚазТрансГаз" ЖАҚ атынан магистралды және таратушы газ құбыр желілерін басқару жөніндегі бірыңғай оператордың болуы қажет.

Қазіргі кезеңде әр уақытта алдын ала пысықтаудан өткен бірқатар келешекті жобалар бар.

Ескерту. 3.3.1. тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.22. N 114 қаулысымен.

"Ишим-Петропавл-Көкшетау Астана" газ құбыры желісін салу
Астана қаласына және республиканың солтүстік облыстарына табиғи газ жеткізу нұсқаларын пысықтау 1998-2000 жылдары халықаралық "BSI Industries" гранты мен "Гипрогазорталық" ААҚ тартумен жүргізілді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласына газ берудің үш ықтимал нұсқасы қаралған болатын, атап айтқанда:

Ишим қ. Петропавл қ. дейін бірінші нұсқа тақылеттес жаңа газ құбыр желісін салу және одан кейін Қазақстан Республикасының аумағында бар, жұмысы тоқтатылмаған, диаметрі 300 мм "Петропавл-Астана" мұнай өнімдері желісін газ құбыр желісі етіп қайта өзгерту;

Ресей Федерациясының аумағында жұмысы тоқтатылып тұрған, диаметрі 500 мм "Омбы-Петропавл" мұнай құбыр желісін оны Ресей Федерациясының магистралды газ құбыр желісіне қосумен және сондай-ақ "Омбы-Петропавл" мұнай құбыр желісін қайта өзгертумен қайта бейімдеу нұсқалары қаралды.

Қаралған нұсқаларды талдау 440 млн. дейін АҚШ доллары құрылыс салу құнымен бірінші нұсқа газды өңірде дамыту мен тұтыну перспективасын

ескерумен неғұрлым мақсатқа сай болатынын көрсетті. Алайда, Ресей аумағында газқұбырын қосуды келісуді талап етуі мүмкін болатын жобаның әлсіз жақтарын ескере отырып нұсқалардың бір газды қазақстан аумағынан "Қарталы-Рудный" газқұбырынан беру болуы мүмкін. Кез келген жағдайда бұл жобаны іске асырудың мақсаттылығы көбіне газды Қытайға беруге байланысты болады.

Шалқар-Ленинск-Қызылорда-Шымкент газ құбыр желісін салу

Қазақстанның оңтүстік өңірін қамтамасыз ету және газды солтүстік облыстарға беру мақсатында ресейдің "ВНИИгаздобыча" институтымен жобаланған "Шалқар-Шымкент" газ құбыры нұсқасы қаралған болатын. Газ құбыры желісінің ұзындығы "Қазалы-Алматы" газ құбырына қосылғанға дейін Ленинск және Қызылорда қаласы арқылы өтетін 750-1000 мм диаметрімен 1216 км құрайды. Жылдық айдау көлемі жобаның сметалық құны 850,0 млн. жуық АҚШ долларын құрайтын 5,0 млрд. текше м. газға есептелген болатын.

Алайда, жоба құнының жоғарылығын ескере отырып оның өміршеңдігі Ақтөбе өңірінде өсіп келе жатқан өндіру көлемінен шыға отырып және Солтүстік Арал маңындағы кен орнындағы болжамды запастар расталған жағдайда, сондай-ақ газды Түркіменстанмен және Өзбекстанмен бірлесе отырып Қытайға жеткізу перспективасын ескерумен одан әрі зерттеуге байланысты болады.

Қырғызстан аумағын айналып өтетін айналма газ құбырын салу

Айналма газ құбырын салу Қырғызстан аумағы бойынша өтетін оңтүстік газ құбырының проблемалы участогын пайдалануға, жергілікті газ компанияларының газды жыл сайын рұқсатсыз алуына байланысты. "ҚазТрансГаз" ЖАҚ "БГР - Ташкент - Бішкек - Алматы" газ құбыр желісінің сенімділігін арттыру үшін газ құбыр желісінің көрсетілген учаскесін бірлесіп пайдалану жөніндегі бірлескен қазақстандық-қырғыз кәсіпорнын құру жөніндегі ұ с ы н ы с п ы с ы қ т а л д ы .

Қырғыз тарапынан ұсынылып отырған БК құрудағы негізсіз жоғары талаптарға байланысты уағдаластыққа қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда және сонымен бір уақытта Қырғызстан аумағын айналып өтетін магистралды газ құбырын салу нұсқасы қаралады. Ұзындығы 142 км бұл газ құбырының құны 90 млн. А Қ Ш д о л л а р ы н д а й т ұ р а д ы .

Газ құбырларын салу бағдарламасын іске асыру қарыз қаражаттарының және газ құбыры операторының ішкі ресурстарының есебінен жүргізілетін болады.

Қарағанды бассейні кен орындарында газ құбырының жобасы және көмір м е т а н ы н ө н д і р у

Соңғы жылдары Қызылорда облысының Оңтүстік Торғай иінінің мұнай-газ кен орындары аудандарында жылсайын өсіп келе жатқан ілеспе газды жағудан экологиялық жағдай шиеленісе түсті. Тек әзірленген кен орындары бойынша ескерілген газ тастауларының көлемі 2003 жыл үшін шамамен 700 млн. текше

метрді құрады. Сондықтан 2004 жылы мемлекеттік органдардың бақылауы кезінде және "ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсис" ААҚ "Торғай Петролиум" және "ҚазГерМұнай" сияқты негізгі жер қойнауын пайдаланушылар іске асыратын ілеспе газды кәдеге жарату жобасы аяқталу фазасына енді.

Жоғарыда көрсетілген жобаның шектерінде газ әзірлеу жөніндегі қондырғы құрылысы мен орнында кәдеге жарату жөніндегі энергетикалық қондырғылардан (ТТҚ) басқа жобаның маңызды бөлігі бірінші кезек бойынша "Ақшабұлақ" кен орнынан Қызылорда қаласының тұтынушыларына дейін газ тасымалдау қуаты 300 млн. текше м/жыл көлемімен магистралды газ құбырын салу болып т а б ы л а д ы .

Жобаның шеңберінде жергілікті ЖЭС газ тұтынуға көшіруді және Қызылорда қаласында жалпы сомасы 5 млрд. теңге газ тарату торабын салуды көздейтін " Қызылорда қаласының жылу энергия көздері мен жеке тұрғын секторын Оңтүстік-Торғай иінінің кен орындарынан түсетін газды пайдалануға көшіру" жобасының ТЭН әзірленді.

Каспий шельф - ОАО газ құбырын салу жобасы

Аджип ККО консорциумының жоспарларына сәйкес 2008 жылдан бастап Қашаған кен орнында мұнайды өнеркәсіптік өндірудің басталуы туралы және көмірсутегінің үлкен запасы туралы болжамдық деректерге сәйкес қазіргі уақытта осы көлемдерді халықаралық рынокқа және ішкі тұтынушыларға тасымалдау проблемасы қойылады. Осы мәселені шешу үшін жылына шамамен 9 млрд. текше м. босату қабілетімен болжанып отырған Қашаған газ өңдеу зауытынан "ОАО" газ құбырына дейін газ құбыры салынатын болады.

Осы газ құбырының құрылысы ілеспе газды кәдеге жарату проблемасын, өңірдің экологиялық қауіпсіздігін шешуге мүмкіндік береді және табиғи газды тасымалдаудан кіріс алуға мүмкіндік береді.

3.3.2 Қазақстандық газдың перспективалы экспорттық бағыттары

Географиялық жақын өңірлерде табиғи газ өндіру мен тұтынудың қалыптасқан талдауы мен перспективалы теңгерімін басшылыққа ала отырып қазақстандық газды экспортқа тасымалдаудың төрт негізі бағыттарын бөліп көрсетуге болады.

Батыс бағыты. Оны Еуропа елдеріне жеткізумен газ экспорты екі бағыт бойынша іске асырылуы мүмкін, атап айтқанда Ресей аумағы арқылы өтетін жұмыс істеп тұрған магистралды газ құбырларын пайдаланумен солтүстік батыс бағытында немесе жаңа газ құбырларын салумен оңтүстік-батыс бағыты. Бұл газ құбырларының бағыттары Каспий теңізінің акваторийі немесе Каспий теңізінің оңтүстік жағалауын бойлай Иран мен Түркия арқылы өтуі мүмкін.

Болжамдарға сәйкес 2010 жылы Еуропалық Одақ 30% - меншік, 30% - ресейлік, газбен қамтамасыз етілетін болады газ сұранымының 40% өзге

жеткізушілер есебінен жабылады. Қазақстан газының экспортын арттыру үшін солтүстік-батыс бағытта "Орталық Азия-Орталығы" магистралды газ құбырының қуатын кеңейту және "Оренбург - Новопсков" және "Союз" газ құбырларының Қарашығанақ газымен жүктелуін арттыру қажет.

Оңтүстік-Батыс бағытында құбыр желісі көлігін дамыту көбіне-көп TRACECA ("Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі") халықаралық бағдарламасымен ынталандырылады. Бір мезгілде, ЕС елдері Орталық Азия мен Каспий елдері бассейнінен мұнай мен газды Еуропаға жеткізудің экспорттық бағыттарын дамытуды қолдайтын INORATE ("Мұнай мен газды Еуропаға халықаралық тасымалдау") бағдарламасының демеушілері болып табылады. Батыс бағыты бойынша газ тасымалдаудың бірнеше перспективалық нұсқалары қарастырылуда.

Транскаспий газ құбыр желісі (ТКЖ) Шығыс Түркіменстаннан Каспий түбіне қарай 200-300 м. тереңдікте, одан әрі Әзірбайжан мен Грузия аумағы бойынша Эрзерумге (Түркия) дейін 2000 км. газ құбыр желісін салуды көздейді. Жобаның құны 2,5-3 млрд. АҚШ доллары. Жылдық өткізу қабілеті бірінші кезеңде - 10 млрд. АҚШ доллары, екіншіде - 20 млрд. АҚШ доллары, үшіншіде - 30 млрд. АҚШ доллары. Алайда, күрделі проблемалар кешенінің болуы осы өңірлік жобаны іске асыруға бөгет жасайды.

Түркіменстан - Иран - Түркия - Еуропа жобасы. Газ құбыр желісінің ТЭН-ін 1997 жылы Sorregaz (Франция) компаниясы орындады. Газ құбыр желісінің негізгі сипаттамалары мыналар болып табылады: ұзындығы 3900 км, жеткізудің жоспарланған көлемі 2010 жылы 30 млрд. текше м. дейін, күрделі қаржылары - 7,6 млрд. АҚШ доллары. Газ құбыр желісі Шығыс Түркіменстан - Шатлық ірі кен орнынан бастау алады және одан әрі Каспий теңізі бойымен Солтүстік Иран аумағы бойынша Түркияның шекарасына дейін салынатын болады деп болжанады.

Шығыс бағыты. Болжамдарға сәйкес Азия елдері өңірінде газға сұраныс үнемі өсіп отыратын болады. Атап айтқанда, Қытайда 10-бесжылдыққа арналған жоспарларда газды тұтыну көрсеткіштерін 2005 жылы - екі есе арттыру оны 24 млрд. текше метрден 50 млрд. текше м. дейін ұлғайту, ал 2010 жылы 100 млрд. текше м. дейін ұлғайту көзделген.

Жапон компанияларының консорциумымен соңғы 10 жыл ішінде газды "Шығыс Түркіменстан - Өзбекстан - Қазақстан - Қытай - Оңтүстік Корея - Жапония" бағыттар бойынша Қазақстан аумағы арқылы Азия - Тынық мұхит өңіріне экспорттау жобасы зерделенуде. Бағыттың ұзындығы жылына 28 млрд. текше м. өткізу қабілетімен және сметалық құны 12 млрд. жуық АҚШ доллары тұратын жобамен алты мыңнан астам км. құрайды.

Осы құбыр желісіне қазақстандық газды жеткізу үшін "ОАО" газ

магистралінен "Бұқара-Орал" газ құбырына дейін, одан әрі "Шалқар-Шымкент" газ құбырын, сондай-ақ "Шымкент-Алматы" оңтүстік газ құбырын қайта жаңғыртумен жаңа газ құбыр-тұйықтау желісін салу қажет етіледі. Осы жобаны іске асырудағы маңызды кезең Түркіменстанмен және Өзбекстанмен уағдаластықтарға мүдделілік пен қол жеткізу болып табылады.

Оңтүстік бағыт. Ауғанстан немесе Иран аумағы бойынша газ транзитін Пәкстанға немесе Үндістанға газ жеткізуді көздейді.

"Түркіменстан-Ауғанстан-Пәкістан" газ құбыры. Құбыр желісі түркімен Довлетабад/Денмез кен орнынан өтіп, ауғандық Герат және Қандағар қалаларына дейін, одан Мултан қаласы арқылы Пәкстанның арабтық жағалауларына Гвадар айлағына жеткізіледі, содан сұйытылған күйінде әлемдік рыноктарға экспортталатын болады. Бағыттың ұзындығы 1650 км. құрайды және газ құбыр желісінің өткізу қабілетін жылына (бірінші кезеңде газ құбыр желісінің өткізу қабілеті 15 млрд. текше м. көлемінде белгіленген) жылына 60 млрд. текше м. газ көлеміне жеткізу жоспарлануда.

Алайда, жоғарыда көрсетілген газ тасымалдау бағыттарын іске асыру мен жаңа газ құбырларын салу ең алдымен газды негізгі жеткізуші Түркіменстанның саясатына, азия өңірі елдеріндегі саяси тұрақтылыққа байланысты болады. Сондықтан газ экспортының бұл бағыттары Қазақстан үшін каспий газының өсіп келе жатқан көлемдерін экспорты жөніндегі түпкілікті шешім қабылдау кезінде көбіне-көп ақпараттық болжамдық сипатта болады.

3.3.3. Табиғи газды тасымалдау кезінде тариф құрауды жетілдіру

Магистралды және (немесе) тарату құбыр желілері бойынша табиғи газ тасымалдау жөніндегі қызметтер табиғи монополиялар саласына жатады.

Осы салада қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі " Табиғи монополиялар туралы " және " Бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ көрсетілген заңдарды дамытуда қабылданған түрлі нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде:

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) белгілеу кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы ережелер;

Табиғи монополиялар субъектілерінің өндірісі мен қызметіне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту жөніндегі Н ұ с қ а у л ы қ ;

Табиғи монополиялар субъектілерінің шығындары өздері көрсететін қызметтерге және басқаларына тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілетін материалдық, қаржы ресурстары мен

қызметтерін сатып алу ережелері бекітілді және тіркелді.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 1-тармағына сәйкес "уәкілетті органмен бекітілетін табиғи монополиялар субъектінің қызметтеріне тарифтер (бағалар, алым ставкалары) қызметтер (тауарлар өндіру, жұмыстар) көрсету үшін қажетті шығындардан төмен болмауға тиіс және табиғи монополиялар субъектінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететіндей пайда алу мүмкіндігін ескеруі тиіс".

3.10-кесте. Газ жеткізушілердің бағалары мен газ-көлік кәсіпорындарының облыстар бойынша 2002 жылғы 1 қазандағы жай-күйі бойынша тарифтерінің деңгейлері (т е н г е)

Облысы	Кәсіпорындардың атауы	Газды	Тарату	ҚҚС-мен***
	-----	сатып алу	торап.	орташа
	Жергілікті	Газ сату.	бағасы	тарын.
	тораптар	мен айна.	дағы	тарифі
	бойынша	лысатын		тарифтер
	газ тасы.			
	малдаушы			
Алматы	"Алматы газ	"Алматы	6000-6700	1759
	газ" АҚ	тораптары "		14144
		Ж А Қ		интаргаз "
				А А Қ
				" У з т р а н с .
Ақтөбе	"РГС" ЖАҚ	"КТГД" ЖАҚ		
Импортталатын		5951	450	8795
Жаңажол газ		2357	450	3378
Оңтүстік				
Қазақстан	"РГС" ЖАҚ	"КТГД" ЖАҚ	6854	176
Жамбыл	"РГС" ЖАҚ	"КТГД" ЖАҚ	6588	900
Қостанай	"Қостанай.	"Қостанай.	5012	470
		газ " ГӨЗ		8800
		" Р Г С " - п е н		газ " ГӨЗ
		ж а л д а у		" К Т Г Д "
				Ж А Қ - н а н
Батыс	"Уральс.	"КазРос.	3151,13	443
Қазақстан	ЖАҚ-нан	коблгаз "		4656
		5954		Газ "

Атырау	"Атырау.	"ТШО"	1800	677	3644
		о б л г а з "		Ж Ш С - н е н	
	"Атыраугаз.		1800	195	3537
				и н в е с т "	
	"Құлсарыгаз"		1800	588	3226
Маңғыстау	"Ақтаугаз"	Қазақ ГӨЗ	2000	145	2649
				Ж А Қ	
	"Маңғыстау.	"Узень.	2470	344,7	3463
		о б л г а з "		м ұ н а й г а з "	
	"Бейнеугаз"	Тенгизский	2778	545	4053
		Ж Ш С			Г Ө З
	"Газ-Сервис"	"ТШО" ЖШС	1500	150	1914
				Ж Ш С	
	"Ақшұқыргаз.		2000	900	3525
				с е р в и с "	
	"Ауылгаз"	ЖШС	2000	650	3403
	"Жылу и К"	ЖШС	2000	468	2863

Алайда, тариф құрудың қолда бар әдістемесі шығындық қағидаттан шығады және табиғи монополия субъектілерін шығынды азайтуға және қолда бар активтерді тиімді пайдалануға ынталандырмайды. Табиғи монополия субъектілері тиімді немесе тиімсіз қалай жұмыс істеп жатқанынан тәуелсіз белгіленген тәртіпке сәйкес барлық шығындар тариф құру кезінде ескерілді (3.10 - к е с т е) .

Сондықтан маңызды міндеттер:

табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық б а з а н ы ;

табиғи монополия субъектілері қызметіне тарифтерді қалыптастыруға әдіснамалық көзқарастарды жетілдіру болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысымен бекітілген 2002 - 2004 жылдарға арналған табиғи монополия субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдіру бағдарламасы" бекітілді, онда табиғи монополия саласында өндірушілердің, тұтынушылар мен мемлекеттің экономикалық мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етудің негізгі принципін сақтаумен мемлекеттік реттеуді жетілдіру көзделген.

Жоғарыда көрсетілген бағдарламаны іске асыру шеңберінде табиғи монополия саласына инвестициялар тартуды ынталандыратын жаңа тариф құру әдістері әзірленді .

Қысқамерзімді кезеңге тұрақты тарифтер енгізу соның шегінде табиғи

монополиялар өз қызметін жүзеге асыратын тарифтік шеңберлер белгілеуді көздейді. Табиғи монополиялар субъектілерінің өндіріс тиімділігін арттырудан түскен кірістерге өз бетімен иелік ету мүмкіндігін алуы маңызды болып табылады.

Қысқамерзімді кезеңге тарифтерді ұсынудың шарты табиғи монополия субъектісінің кәсіпорын бойынша қысқамерзімді кезеңге бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру жөнінде міндеттемелер қабылдауы болып табылады. Бұдан басқа, тарифтердің "шекті" деңгейінде есеп айырысу кезінде іске қосылған активтердің реттелетін базасына есептелген кірісі ескеріледі.

Бұдан басқа, 2004 жылдың басында магистралды құбыр желілері бойынша және табиғи газды тарату құбыр желілері бойынша тасымалдау қызметіне тарифтердің есебі бойынша және табиғи газды тасымалдау қызметтеріне тарифтер есебі бойынша әдістеме әзірленетін болады. 2004 жылы қосымша:

табиғи газды сақтау жөніндегі қызметтерге тарифтердің қосымша әдістемесін ;

магистралды газ құбырлары бойынша кірісті, шығыстар мен іске қосылған активтерді есепке алуды бөлек жүргізу ережесі;

таратушы газ жүйелері бойынша кірісті, магистралды газ құбырлары бойынша шығыстар мен іске қосылған активтерді есепке алуды бөлек жүргізу ережесін әзірлеу жорамалданады.

3.4. Саланы ұйымдастырушылық және нормативтік қамтамасыз ету

3.4.1. Газ көлік жүйесінің ұйымдастыру құрылымын оңтайландыру

Газ көлік саласы субъектілерінің қолданыстағы құрылымы мен жұмыс істеу схемасы ұлттық экономиканың қалыптасуының алғашқы жылдарында бірнеше рет құрылымдық реформалау барысында қалыптасты. Одақтық мемлекет кезеңінде экономиканы бөлудің бастапқы сатысында республика аумағынан магистралдық маңызды газ құбырлары өтетініне қарамастан заңды түрде республикада қандай да болсын газ көлік құрылымы болмаған. Оның сыртында, сол кезеңге республикада іс жүзінде (алынған газ өңірдің ішінде тұтынылған Өзен кен орны мен Қазақ МӨЗ-нан басқа) газды өнеркәсіптік өңдеу және бастапқы өңдеу болған жоқ. Іс жүзінде барлық тұтынылатын табиғи газ жеткізілімі көрші Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан республикаларынан ҚР аумағы бойынша өтетін транзитті магистралды газ құбырларымен жүзеге асырылды. Осыдан келіп, барлық газ шаруашылығына басшылық республикада көршілес республикалардың республикалық орталықтарынан Газ өнеркәсібі министрлігінің, ал кейін "ГАЗПРОМ" ААҚ-ның құрылымдық бөлімшелерімен жүзеге асырылды.

Сондықтан да ұлттық мұнайгаз саласының қалыптасу кезеңінде

магистралдық және газ тарату құбырлары жүйелерін басқару құрылымы бірнеше мәрте қайта құруға ұшырады. Егер, бастапқы кезеңде магистралды газ құбырлары "Қазақгаз" Мемлекеттік холдинг ұлттық компаниясының бір құрылымының басқаруында болса, ал кейіннен басқаруды екі оператор "Қазақгаз" МХК (Орал қ.) және "Алаугаз" (Алматы қ.) жүзеге асырды. Алғашқы жылдары магистралды және айырушы газ құбырлары жүйесі өзі жеке жұмыс істеді, кейіннен облыстық газ шаруашылықтары магистралды газ құбырларының екі операторының басқаруына берілді.

Магистралды газ құбырлары жүйесін "Трактабель С.А." компаниясына концессияға берумен, газ құбырларының бір бөлігі мемлекеттік меншікте қалғанда өңірлік өнеркәсіптер жекешелендірілді. Сондықтан әлі күнге дейін, және магистралды газ құбырлары мен өңірлік газ құбырлары жұмысын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік компания құру жүйесіндегі мемлекеттік реттеу үшін "Қазтрансгаз" ЖАҚ ұлттық операторы құрылғаннан кейін, газ-көлік жүйесін басқару құрылымы қалыптасқан проблемаларды тиімді шешуге және саланың дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Газдың халықаралық транзитін, тасымалдауды және ішкі тұтынушылардың табиғи газға деген қажеттілігін қамтамасыз етуді үйлестіру жөніндегі негізгі құрылым "ҚазМұнайГаз" ҰК ЖАҚ болып табылады, ол өз кезегінде бұл жұмысты "ҚазТрансГаз" ЖАҚ компаниясының тобы арқылы жүргізеді. Тікелей табиғи газ тасымалдауды "Трактабель С.А." компаниясымен бұрын 1997 жылы қол қойылған, формальды қолданыстағы магистралды газ құбырларының концессиясының шартына сәйкес оған берілген Магистралды газ құбырларының операторы болып табылатын "Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ жүзеге асырады.

Газ секторында сыртқы экономикалық қызметке қатысушы ретінде (Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында газ саласындағы ынтымақтастық туралы 2001 жылғы 28 қарашадағы Келісімге сәйкес "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ және "Газпром" ААҚ арасында тепе-теңдік негізде құрылған) "КазРосГаз" ЖАҚ бірлескен кәсіпорны өкілдік етеді. "КазРосГаз" ЖАҚ-ның негізгі функциясы сатып алу, маркетинг және қазақстандық артық табиғи газ ресурстарын экспортқа жеткізу болып табылады.

"ҚазТрансГаз" ЖАҚ-ның ішкі газбен жабдықтау секторында жергілікті көлік компаниялары арқылы жеткізуші ретінде бола отырып, негізінен импорттық газ жеткізуді жүзеге асыратын сегіз облыстың бесеуіне ұзақ мерзімді шарттар бойынша табиғи газ жеткізуді қамтамасыз ететін "ҚазТрансГаз Дистрибьюшн" компаниясы ұсынады.

Газ саласын 90 жылдары қайта құрылымдау нәтижесінде әр түрлі қаржылық, техникалық және ұйымдастыруға және газтарату жүйесі операторларының жұмыс істеу жағдайларына, жергілікті және атқарушы органдардың қабылдаған

түрлі тәсілдеріне байланысты бірқатар өңірлерде газбен жабдықтауда, қаржылық міндеттемелерде, газды есепке алуда, өндірістік активтердің техникалық жай-күйінде сындарлы жағдай қалыптасты. Газтарату ұйымдарының бірыңғай жүйесі меншік нысанының өзгеруіне байланысты бұзылды. Сөйтіп қазіргі уақытта түрлі өңірлерде таратушы газ құбырлары немесе олардың учасоктары:

- республикалық меншікте,
- коммуналдық меншікте,
- жеке меншікте (соның ішінде "РГС" ЖАҚ меншігінде).

Жекелеген газ құбырларына меншік нысаны белгіленбеген және олар бойынша газ тасымалдауды сол сияқты әр түрлі нысандағы операторлар жүзеге асырады.

Қалыптасқан жағдайдан шығу мақсатында Қазақстан Республикасының 16.08.1999 жылғы N 1166 Қаулысымен "ЭЦ ЕСК" РМК балансына Ақтөбе және Жамбыл облыстарының таратушы газ құбырларын беру туралы шешім қабылданды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып Алматы қаласының, Оңтүстік-Қазақстан, Маңғыстау, Батыс-Қазақстан облыстарының және Маңғыстау облысындағы "Өзен-Ақтау" тарату газ құбырын республикалық меншіктен иеліктен шығарудың негізділігінің талдауын жүргізу тапсырылды.

Газ тасымалдау жүйесіндегі басымдықты міндеттер барлық газ-көлік жүйелері жұмысының тиімділігін көтеру, қайта құрылымдауға қаржы тарту және газ тасымалдауға айқын тариф қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады. Газ-көлік, газ тарату жүйелерінің дамытудағы мемлекеттік мүддені ескерумен және ішкі газ рыногын үйлестіру үшін мынадай іс-шараларды жүргізу қажет:

болуы мүмкін апаттың алдын алу үшін оларды жүргізудің уақытлығын ескерумен газ тарату жүйелерін қалпына келтіруде, жаңғыртуда және техникалық қайта жарақтауда объективті, дұрыс және негізделген бағалауды алу үшін меншік нысанына тәуелсіз барлық өңірлерде газ тарату жүйелерінің өндірістік объектілерінің жай-күйіне техникалық сараптама жүргізу;

жүргізілген техникалық сараптаманың негізінде барлық өңірлер бойынша Газ тарату жүйелерін қалпына келтіру, жаңғырту және техникалық қайта жарақтау бағдарламасын әзірлеу;

операторға да, сол сияқты тұтынушы үшін де әділетті тариф белгілеу мақсатында тариф құру әдістемесін жетілдіру.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.К.Ахметовтың 16.02.2004 жылғы N 38 Өкімімен жұмыс тобы құрылды, оған Қазақстан Республикасының өңірлерінде газ-көлік жүйесін дамыту және газбен жабдықтау бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылды. Жұмыс тобында ақпаратты талқылау бүгінгі күні

өңірлердегі газ-көлік жүйелерінің 70% жеке меншік құрылымдарға және коммуналдық шаруашылықтарға жататынын көрсетті, осыған байланысты өңірлерде газ тасымалдау жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін таратушы газ құбырының әрбір иесі оған жататын таратушы газ-көлік жүйесінің участоктарын қайта құрылымдау мен жаңғыртуды қаржыландыруды жүзеге асыру талап етіледі.

Газ тарату жүйелерін қалпына келтіруде, жаңғыртуда және техникалық қайта жарақтауға "ӨГТ" ЖАҚ-на республикалық бюджеттен қаржыландыру қабылданбағандықтан қазіргі сәтте "ӨГТ" ЖАҚ үшін қарыз қаражаттарын тарту оңтайлы нұсқа болып табылады.

Ескерту. 3.4.1. тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.22. N 114 қаулысымен.

3.4.2. Газ саласын кадрлық қамтамасыз ету

Еліміздің газ жүйесі кәсіпорындарында 10 мың адам еңбек етеді, оның ішінде 2/3-і техникалық персоналды құрайды. Алайда, ертеректе осы саладағы кадрларды даярлау негізінен Ресей мен Украинада жүргізілгендіктен, кәсіпорындарда соңғы жылдары жоғарғы және орта білімді білікті кадрлардың өткір жетіспеушілігі сезілуде.

Сонымен бірге көптеген кәсіптік-техникалық училищелердің жабылуы және маман жұмысшылардың құрметті демалысқа шығуына байланысты кәсіпорындарында білікті кадрлармен қамту мәселесі одан әрі өткір сезілуде. Оның үстіне соңғы 4-5 жыл ішінде арнаулы оқу орталықтарында немесе жоғарғы және орта арнаулы оқу орындары жанындағы курстарда біліктілікті көтеру жөніндегі жұмыстар жүргізілген жоқ.

Қазіргі уақытта әлемде жұмысшыларды, инженер-техникалық пен орта және жоғары буын басшыларын даярлау, оқыту және біліктілігін арттыруды компанияның Оқыту орталығы базасында да, сондай-ақ басқа ұйымдарды тартумен де мұнайгаз компанияларының өздері жүзеге асырады.

Республикада мұнайгаз ісі мамандарын даярлау бірқатар жоғарғы оқу орындары базасында жүргізіледі, мәселен, Алматы қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ-да, Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімімен "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ құрамына берілген Қазақстан-Британ техникалық университеті. Қарашығанақ кен орынындағы жергілікті кадрларды оқыту негізінен Ақсай қ. Оқу орталығы базасында жүргізіледі. Мамандықтар бойынша жергілікті жұмысшылардың біліктілігін арттыру шетелдегі "Бритиш газ" және "Аджив" бас компанияларында, оқу орталықтары мен магистрлық және менеджерлік халықаралық бағдарламалар бойынша оқыту жолымен жүргізіледі. Бұдан басқа соңғы жылдары саланың беделінің артуына байланысты мамандарды даярлау бірқатар облыстар мен ұлттық мұнайгаз компаниялар жанындағы жаңадан

құрылған орталықтарда қайтадан басталды, мысалы, Ақтау қ. "КазТрансОйл" ЖАҚ жанындағы Оқу Орталығы, "Ембімұнайгаз" АҚ жанындағы мұнай колледжі мен оқу-курс комбинаты және т.б.

Сала үшін сапалы кадрлық әлеует қалыптастыру қажеттілігінен шыға отырып әлемдік тәжірибені, республикадағы бар білім базасын және саланың мамандарға деген бірінші кезектегі сұраныстарын ескере отырып кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу қажет.

3.4.3. Газ саласының нормативтік базасының нарықтық жағдайларға бейімделуі

Газ саласында бұрын қолданылып келген нормаларды қайта қараумен, кейіннен "Газ және газбен жабдықтау туралы" заң қабылдай отырып, жаңа нұсқамалық құжаттар әзірлеумен нормативтік базаны жетілдіру мәселесі принципті болып табылады. Осы тақылеттес заңдар іс жүзінде барлық елдерде, тіпті өзінің газ өндірісі жоқ мемлекеттерде де бар.

Әзірленім мақсатқа сай болған және "Газ және газбен жабдықтау туралы" Заң жобалары қызметінің мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиямен келісілетін болады.

Сонымен бір мезгілде тиісінше бұрын қабылданған, бекіту мен тіркеу рәсімсіз газ-көлік кәсіпорындары пайдалануды жалғастырып келе жатқан 20-ға жуық ведомстволық нормативтік құжаттарды қайта қарауға тура келеді.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымда қабылдаған "Табиғи газды жеткізу, тасымалдау және сату Ережесін бекіту туралы" N 568 қаулысын және "Сұйытылған көмірсутекті газдарды жеткізу, тасымалдау және пайдалану ережелерін" дамыту үшін сол сияқты нарықтық экономика мүдделеріне жауап беретін және мемлекет тарапынан газ-көлік жүйесінде табиғи бәсекелестік субъектілері қызметін реттеу мәселелерін жетілдіру жөніндегі жүргізілетін жұмыспен сай келетін жаңа ережелер мен нормативтер әзірлеген жөн.

Сондай-ақ газ жүйесіндегі қоршаған ортаны қорғау саласындағы бірқатар нормативтік құқықтық актілерді қайта қараған жөн. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасында бұл салада негіз қалаушы заңдар қабылданған болатын. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының қолданылатын нормативтік және техникалық құжаттамасы экология жөнінде жобалау жұмыстарын атқару кезінде сол немесе өзге де нормаларды неғұрлым дәлелді пайдалануға, сондай-ақ, атап айтқанда, ілеспе газды бос жағу кезінде зиянды заттар шығарындыларының дұрыс мониторингін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Газ объектілерінің жұмысынан қоршаған ортаға шығарындыларды нормалау мен мониторингі мәселелерін ретке келтіру үшін мынадай нұсқамалық және нормативтік құжаттарды әзірлеуге және бекітуге тура келеді:

компрессорлық станциялар үшін ластаушы заттарды сейілтуді есептеу әдістемесі және кәдеге жаратушылармен ГПА шығарындылары параметрлерін е с е п т е у ә д і с т е м е с і ;

прогрессивті көрсеткіштер белгілеу үшін, кәсіпорындардың қызметінде қайта азайтуды ынталандыру үшін газды өндіру, тасымалдау, бастапқы өңдеу және сақтау кезінде табиғи газдың үлестік шығынының нормативтері;

зиянды заттардың атмосферада орташа жылдық шоғырлануы бойынша газ саласы объектілері үшін ластаушы заттардың жалпы шығарындыларын нормалау ә д і с т е м е с і ;

сала объектілерінен (үлестік көрсеткіштер негізінде) ластаушы заттарды есептеу әдістемесі және өндірілген өнім бірлігіне және т.б. зиянды заттар шығарындыларының үлестік нормативтері.

4. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Газ саласын дамытудың бағыттарын ресурстық қамтамасыз етудің негізгі көздері мұнайгаз кен орындарының жер қойнауын пайдаланушылар мен осы салада жұмыс істейтін ұлттық компаниялар мен шаруашылық етуші субъектілердің инвестициялық қаражаттары, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары болып табылады.

Бағдарлама олардың әрқайсысы бойынша нақты нәтиже алуға мүмкіндік тудыратын жобалардың жиынтығын білдіреді. Бұл ретте 2010 жылға дейін газды қайта өңдеу жөніндегі қуаттылықтар салуға, газды энергия мен өнімдердің басқа да түрлерін өндіру үшін пайдалануға, сондай-ақ газды тасымалдау объектілеріне байланысты жобаларды іске асыруға 1009,6 млрд. теңгені және соның ішінде іс-шаралар жоспарын іске асыру кезеңіне 511,7 млрд. теңге инвестицияланады деп болжанады. Бағдарламаны 2004 жылы іске асыруды бюджеттік қаржыландыру 3000,0 млн. теңгені құрайды. Бұл ретте келесі жылдарға бюджеттен жыл сайынғы қаржыландыру көлемі тиісті қаржылық жылға " Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес а н ы қ т а л а т ы н б о л а д ы .

Өңірлер үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар немесе елдің энергетикалық қауіпсіздігі мүдделеріне жауап беретін газ жобаларын іске асыруға мемлекет барған сайын неғұрлым белсенді қатысады деп күтілуде. Негізінен коммерциялық мүдделерді көздейтін жеке инвесторларға қарағанда мемлекеттік қаражаттар Амангелді газ кен орны әзірленімі немесе Қызылорда облысының ілеспе газды кәдеге жарату жобасын іске асыру, Қарашығанақ ГӨЗ техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу және т.б. секілді жаңа зерттеулерге және әлеуметтік маңызды жобаларға бағытталатын болады.

Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында таратқыш газ құбырларын қалпына келтіру және жетілдіру жобаларын іске асыру, оларды іске асырудың соңында 2015 жылы қордың ең төменгі беріктігі 35 жылды қамтамасыз ететін болжамды есептері бойынша шамамен 29,0 млрд. АҚШ долларын қажет е т е д і .

"Өңірлік газ-көлік жүйесін ЖАҚ жұмыстарын қаржыландыру кезінде күрделі қаржының көрсетілген көлемдерін тарту есебінен, тарифтер инвестицияларды қайтаруды қамтамасыз ететін аспап ретінде қызмет етуі тиіс болатын, инвестициялық стратегияны ұстану керек болады. Бұл жеңілдікті несиелік ставкалармен несиені ұзақ мерзімге тартқанда мүмкін болады.

Басқа облыстар бойынша жергілікті газ таратушы тораптарды қайта құрылымдау мен салу қажеттігін ескере отырып барлық қаржыландыруға қажетті сома 44,0 млрд. теңгені құрайды. Сонымен бірге Бағдарламаның іске асырылуына және сол немесе өзге де жобалардың мақсатқа сай келетіндігін анықтау шамасына қарай жекелеген жобалар бойынша қаржыландыру көлемдері түзетілетін болады. Сол сияқты жекелеген стратегиялық зерттеулер немесе жекелеген жобаларды пысықтауды жүргізу үшін демеуші компаниялардың тартылатын мақсатты қаржылары мен қарыз қаражаттарын тарту жорамалданады .

5. Күтілетін нәтижелер

2004-2010 жылдарға арналған газ саласын дамыту бағдарламасын іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасы әлемде дәлелденген ірі табиғи газ қорына ие болатын елдердің қатарына енеді деп және ТМД елдерінің аумағындағы табиғи және сұйытылған газды негізгі үш ірі өндірушілердің бірі болады деп к ү т і л у д е .

Бұл ретте шикі газды өндірудің болжамдық көлемдері 2010 жылы үш еседен аса өседі және жылына шамамен 52,5 млрд. текше метрді құрайды деп күтіледі. Жылдар бойынша өндірудің бұл деңгейлері бірінші кезеңде: 2004 жылы 24,1 текше метрді; 2005 жылы - 26,1 млрд. текше метрді; 2006 жылы 28,8 млрд. текше метрді құрауы мүмкін, бұл кезде газ өндірудің орташа жылды көлемдері 12%-ке жуықты құрайды. Осының бәрі өз кезегінде тауарлық газ өндіруді мынадай көлемдерде ұлғайтуға мүмкіндік береді: 2004 ж. - 13,7 млрд. текше метр, 2005 ж. - 15,0 млрд. текше метр, 2006 ж. - 15,7 млрд. текше метр және 2007 - 2010 жылдары: тиісінше 18,2; 19,4; 21,8; 22,7 млрд. текше метр.

Бір мезгілде тауарлық газ өндіру мен сату көлемдерінің өсуі, сондай-ақ табиғи газдың халықаралық транзитінің күтілетін ұлғайтылуы, мысалы, "Орта Азия - Орталық" негізгі магистралдық газ құбыры желісінің өткізу қабілетін 2005

жылға таман 60 млрд. текше метр және 2010 жылға таман 90 млрд. текше метрге дейін кеңейтумен газ құбыры жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар қабылдауды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Саланың өнеркәсіптік дамуының ең басты нәтижелерінің бірі табиғи және сұйытылған газдың өз ресурстары есебінен халықтың, әлеуметтік саланы және елдің басқа да салаларының қажеттіліктерін неғұрлым толық қамтамасыз ету болады. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004 - 2006 жылдарға арналған индикативтік жоспарына сәйкес, халықтың осы жылдардағы нақты кірістерінің күтілетін 15-25%-ке шынайы өсуі және ІЖӨ жыл сайынғы өсімі 8-9%-ке аясында, өңірлерде табиғи және сұйытылған газды тұтынудың жыл сайынғы өсімі 7 - 8% құрайды және 2010 жылы бұл деңгей табиғи және сұйытылған газ бойынша тиісінше 10,3 млрд. текше метрді және 1280 мың тоннаны құрауы мүмкін деп болжанады. Бұл ретте тек қана газдандыру бағдарламасын іске асыру есебінен табиғи газды тұтынушылардың өсімі 2010 жылы 480 мың абонент құрайтын болады.

Жергілікті проблемаларды шешу үшін бірқатар энергия қамтамасыз ету жөніндегі жобалар іске асырылатын болады. Мысалы, Жамбыл және Қызылорда облыстарында табиғи және сұйытылған газды жеткізу жөнінде, Батыс Қазақстан облысында электр энергиясымен қамтамасыз ету жөнінде және т.б. Саланы дамыту жөніндегі бағдарламаны іске асырудан күтілетін негізгі нақты нәтижелер мыналар болуы мүмкін:

газ экспортының 13,0 млрд. текше м. дейінгі көлеміне қол жеткізумен табиғи газ экспортын 3,4 еседен астамға ұлғайту;

оны экспортқа сату көлемін 1,7 млн. тоннаға өсірумен сұйытылған газ экспортын 4 есеге дерлік ұлғайту;

жаңадан қатарға қосылған газ кешендерінде 3,7 мыңға дейін, соның ішінде жылдар бойынша: 2004 жылы 300 адамға; 2005 жылы 470 адамға; 2006 жылы 460 адамға; 2007 жылы 500 адамға; 2008 жылы 720 адамға; 2009 жылы 600 адамға; 2010 жылы 660 адамға арналған жұмыс орындарын құру.

Жоғарыда аталған факторлардан тек табиғи және сұйытылған газ көлемдерінің экспортын, сондай-ақ халықаралық транзит көлемдерін ұлғайтудан ғана күтілетін әлеуметтік тиімділіктен басқа жылдық экспорттық әлеуеттің 2010 жылға таман 110,6 млрд. теңге артық сомаға өсуі мүмкін.

Икемді тарифтік реттеу әдістеріне көшу өңірлік газбен қамтамасыз ету саласына ең алдымен жергілікті газ тарату тораптарын жаңғыртуға арналған инвестициялар тартуға қолайлы жағдайлар жасауды, жаңа ресурс үнемдеуші ғылымды кеп қажетсінетін технологиялар енгізуді қамтамасыз етуі тиіс деп күтіледі.

Бұдан басқа газ саласын дамыту бағдарламасын іске асырудың маңызды

қыры газды энергия тасымалдаушы ретінде және газ саласы кәсіпорындарының экологиясына зиянды әсерін төмендетуге пайдаланудан қоршаған орта үшін оң әсерді қамтамасыз ету болып табылады. Бағдарламада көзделген шаралардың нәтижесінде мыналар күтіледі:

жаңа өңдеу кешендерін қатарға қосу және Теңіз, Құмкөл, Жаңажол және басқа кен орындарындағы шырақтарда көміртек тотығы, күкіртті қосындылар мен көмірсутектері қалдықтар түріндегі және басқа да ілеспе газды тікелей жағуды азайту есебінен зиянды шығарындыларды 800 мың тоннаға дерлік кеміту ;

2,2 млрд. кВт/сағ. дейінгі көлемде электр энергиясын өндіру үшін, егер электр энергиясының осы көлемін өндіру үшін көмір пайдаланылуымен салыстырғанда табиғи газды пайдаланудан жорамалданатын зиянды шығарындыларды 3,8 млн. тоннаға дейін азайтудан шартты тиімділік алу.

6. 2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының газ саласын дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.22. N 114 қаулысымен .

Р/с N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындауға (іске асыруға)	Орындалу (іске асыру)	Болжамды шығыстар (млн. мерзімі	Қаржы. ландыру көзі теңге)
-----------	------------	---------------------	----------------------------------	--------------------------------	---	--

I. Сала жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі іс-шаралар

1.	Магистралды және таратушы газ құбырлары бойынша газ тасымалдау кезіндегі шығындар мен жеке мұқ.	Бұйрық	ЭМРМ, ТМРБҚА, "КМГ" ЖАҚ,	2004 ж. 4-тоқсан	талап етіл. мейді	"КТГ" ЖАҚ, "ИЦА" ЖАҚ, "ӨГЖ" ЖАҚ
			та ж д ы қ т а р ы н а д а л а н у е с е п т е у д і ñ т е м е с і н		п а й . н о р м а л а р ы н ә д і с . ә з і р л е у	

2. ҚР заңнамаларының Норма. ЭМРМ, ӘМ, Тұрақты 4,5 "КТГ" талаптарына келті. тивтік ҚОҚМ, СІМ, түрде ЖАҚ, рілген газ саласы. акті. "КИНГ" "ӨГЖ" ның базалық норма. лердің ЖАҚ, ЖАҚ тивтік-техникалық жобасы "КМГ" ЖАҚ, құжаттарын әзірлеу "КТГ" ЖАҚ, "ӨГЖ" ЖАҚ
3. Газ саласының ша. Норма. СІМ, ЭМРМ, Тұрақты Шарт. Мемле. руашылық етуші тивтік ҚОҚМ түрде тарға кеттік субъектілерінің акті. сәйкес лицен. қызметіне ИСО ха. лердің зияны лықаралық эколо. жобасы пайдала. гиялық стандарт. нушылар тарын енгізу жө. ніндегі шаралар
- кешенін әзірлеу
- 3-1 Қазақстан Қазақстан ЭМРМ, 2006 ж. Талап Жоқ Республикасы- Республикасы- мүдделі 4-тоқсан етіл- ның газ саласын ның Үкіметі мемле- мейді дамытудың қаулысының кеттік 2007-2010 жобасы органдар жылдардағы мен ком- кезеңге паниялар арналған (келісім (екінші кезеңі) бойынша)
- бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу

II. Газды ішкі тұтыну көлемдерін арттыруға және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты іс-шаралар

4. Кешенді газданды. Норма. Облыстар. 2004- Әрбір Жергі. рудың өңірлік бағ. тивтік дың, Аста. 2006 ж.ж. бағ. лікті дарламасын әзірлеу құқық. на және дарла. бюджеттер

тық ак. Алматы	маға
тілер. қалалары.	5,0-
дің ның әкім.	ден
жобасы дері, ЭМРМ	10,0-ге
	д е й і н

5. Арысқұм иініндегі Қазақ. Қызылорда 2005 жыл. 2004 Респу.
 "Оңтүстік-Торғай стан облысының дың жел. ж. - бликалық
 ойпатындағы кен Респу. әкімі, тоқсаны 2000,0 бюджет
 орындарының ілеспе блика. ЭМРМ, 2005 Жер қой.
 газдарын кешенді сының "ПҚҚР" ж. - науын
 және тиімді пайда. Үкіме. ААҚ, 3506,0* пайдала.
 лану" жобасын іске тіне "ҚазГер. 4050,0 нушылар
 асыруды жандандыру есеп Мұнай",
 " Т о р ғ а й -
 П е т р о л и у м "

6. Амангелді газ кен Қазақ. ЭМРМ, 2004 ж. 1000,0 Респу.
 орынын игерудің стан "ҚМГ" ЖАҚ, жел. 500,0** бликалық
 екінші кезеңін Респу. "Капитал. тоқсан бюджет
 аяқтау блика. нефте газ" "ҚМГ"
 с ы н ы ң Ж А Қ ,
 Ү к і м е . қ а р ы з
 т і н е қ а р а .
 е с е п ж а т т а р ы

7. "Газ жобасы" шең. Жоба. ЭМРМ "Мұ. 2004 Талап
 берінде Қарашыға. ның ТЭН найгазкон. жылдың етіл.
 нақ ГӨЗ құрылысын салтинг" 2-тоқсаны мейді
 құруға ТЭН әзір. Ж А Қ
 л е у д і а я к т а у

8. Қарағанды облысы. Жобаның ЭМРМ Қара. 2004 ж. Есеп. Шаруа.
 ның көмірлі кен ТЭН ғанды об. желтоқсан тердің шылық
 орындарынан метан лысының негі. субъек.
 өндіру жобасының әкімі, ТЖА зінде тілердің
 ТЭН әзірлеу қаражат.
 т а р ы ,
 Қ а р ы з

9. Елдің оңтүстік Жобаның ЭМРМ, 2005 ж. 2,3
өңірінде жаңа жер алдын- "КМГ" ЖАҚ, желтоқсан
асты қоймаларын ала
салу және бұрын. ТЭН
ғыларын кеңейтудің
алдын - ала ТЭН
ә з і р л е у

*III. Газ рыногы саласының субъектілерін құрылымдық
оңтайландыруға байланысты іс-шаралар*

-
10. Қазақстан Респу. Қазақ. ГжЖҚК, 2004 ж. Талап
бликасының өңірлік стан ҚМ, ЭМРМ, 4-тоқсан етілмейді
газ көлік жүйесін Респу. "КМГ" ЖАҚ,
"КТГ" ЖАҚ базасын. блика. "КТГ" ЖАҚ,
да орталықтандыру сының Облыстар.
бойынша құрылымдық Үкіме. дың, Аста.
қайта ұйымдастыру. тіне на және
ды жүргізу туралы есеп Алматы қа.
мәселе қарау лаларының
ә к і м д е р і

*IV. ҚР транзиттік инфрақұрылымын одан әрі дамыту және қазақстан
газының экспортын өсіру үшін жүзеге асырылатын іс-шаралар*

-
11. ҚР газ саласын Қазақ. ЭМРМ, 2004 ж. Талап Еххон
дамытудың пробле. стан "КМГ" ЖАҚ, 3-тоқсан етіл. KGV ком.
малық мәселелері Респу. "КИНГ" ЖАҚ мейді пания.
мен жергілікті жо. блика. сымен
баларына кешенді сының келі.
мақсатты зерттеу Үкіме. сімдер
жүргізу тіне шеңбе.
е с е п р і н д е

12. Табиғи газды өнді. Норма. ЭМРМ, СІМ 2004 жыл Талап -
руші - ТМД елдері. тивтік бойы етіл.

мен Халықаралық құқық. мейді
Газ Альянсын құру тық ак.
жөніндегі жұмыс. тілер.
тарды Қазақстан дің
Республикасының жобасы
СІМ - мен бірлесе
отырып жүргізу

13. ҚР Үкіметі мен РФ Қазақ. ЭМРМ, тұрақты талап -
Үкіметі арасындағы стан "ҚМГ" ЖАҚ түрде етіл.
Газ саласындағы Респу. мейді
ынтымақтастық ту. блика.
ралы 2001 жылғы сының
28 қарашадағы ке. Үкіме.
лісімді іске асыру тіне
жөніндегі шаралар. есеп
ды қабылдау

14. ҚР магистралды газ Қазақ. "ҚМГ" ААҚ, 2004-2006 80000** "ИЦА"
құбыр жүйесін жаң. стан "ҚТГ" ЖАҚ, жж. ЖАҚ
ғырту жөніндегі Респу. "ИЦА" ЖАҚ
шараларды жүзеге блика.
асыру сының
Энергетика
және
минерал.
дық ресурстар
министр.
лігіне
есеп

15. "Қазақстан Қытай" Қазақ. ЭМРМ, 2005 ж. Келі. "ҚМГ"
газқұбыры жобасын стан "ҚМГ" ЖАҚ І-тоқсан сім ЖАҚ,
іске асыру мүмкін. Респу. шеңбе. Қытай
діктерін алдын-ала блика. рінде ұлттық
зерттеуді жүргізу сының мұнай-газ
Үкіме. корпо.

Ескерту: 1. 2004 жылы іске асырылатын Іс-шараларға арналған қаржыландыру тиісті шешімдермен расталған.

2. (*) Қаржыландыратын іс-шаралар бойынша кейінгі жалдарға арналған өкілетті органның бастамасы бойынша бюджеттік комиссияда жыл сайын қаралатын бюджеттік қаржының сомасы көрсетілген.

3. (***) Болжамдалған шығыстар тиісті есептеулердің негізінде анықталатын болады.

Қабылданған белгілеулер:

ТМРА - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
 "ӨГКЖ" ЖАҚ - "Өңірлік газ көлік жүйесі" ЖАҚ
 ЭМРМ ГжЖҚК - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің
 Геология және жер қойнауын қорғау комитеті
 ТЖМ - ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі
 "ПҚҚР" ААҚ - "ПетроҚазақстан ҚұмКөл Ресорсиз" ААҚ
 "ҚМГ" ЖАҚ - "ҚазМұнайГаз" ЖАҚ
 "КТГ" ЖАҚ - "ҚазТрансГаз" ЖАҚ
 ДБЖК - Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитет
 ҚМ ММжЖК - ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және
 жеке шелеңдіру комитеті
 СМжСК - ҚР Стандарттау, сертификаттау және метрология комитеті
 ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі
 СІМ - Сытқы істер министрлігі
 ЕХӘҚМ - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
 ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
 ЭМРМ - Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
 ДМ - Денсаулық министрлігі
 ҚМ - Қаржы министрлігі
 ҚОҚМ - Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
 ӘМ - Әділет министрлігі
 "Еххон KGV" - "Еххон Kazakhstan Gaz Ventures Ltd." компаниясы
 ТӨП - Тәжірибелік өнеркәсіптік пайдалану
 ТЭО - Техникалық-экономикалық негіздеме

Ескерту. Ескертуге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.22. N 114 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК